16. Кешенді емтихан диссертация қорғауға дейін 1 ай қалғаннан кешіктірмей өткізіледі. Мамандық бойынша кешенді емтиханға магистратураның білім беру бағдарламасындағы бейіндеуші пәндер циклдерінің пәндері кіреді.

17. Магистрлік диссертацияны қорғау рәсімін ЖОО-дағы білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне сәйкес ЖОО-ның өзі анықтайды.

18. Магистратураның оқу бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған тұлғаларға "магистр" академиялық дәрежесі және қосымшасы (транскрипт) бар мемлекеттік үлгідегі диплом тапсырылады.

ЖОО бітірушіге дипломға жалпыеуропалық қосымша (Diploma Supplement) бере алады.

3. Білім беру мазмұнына қойылатын талаптар

19. Магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы білім мазмұнын анықтайтын оқу және ғылыми жұмыстардың түрлерінен тұрады және олардың ара қатынасын, өлшемін және есебін көрсетеді.

20. Магистратураның білім беру бағдарламасы:

- 1) базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін меңгеруді қамтитын теориялық оқыту;
- 2) магистранттардың практикалық даярлығы: практика, кәсіптік тағылымдама түрлері;
- 3) ғылыми және педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы;
- 4) бейіндік магистратура үшін магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын эксперименталды-зерттеу жұмысы;
- 5) аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

21. Білім беру бағдарламалары мамандық пен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің негізінде жүзеге асырылады. Мамандық пен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің нысаны, құрылымы және әзірлеу тәртібін білім беру ұйымы өзі анықтайды.

22. Барлық жұмыс түрлерінің еңбек сыйымдылығын есептеу меңгерілген материалдың көлемі бойынша жүзеге асады және оқудың нақты нәтижесіне жетуге қажетті магистранттар мен оқытушылардың еңбек шығындарының өлшем бірлігі болып табылатын кредиттермен өлшенеді.

Бұл ретте алдыңғы білім деңгейлерінде игерілген кредиттерді ескеретін жинақтаушы кредиттік жүйе қолданылады.

23. Магистранттың магистратураға түсер алдында магистратураның тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеруге қажетті барлық пререквизиттері болуы тиіс. Қажетті пререквизиттер тізбесін ЖОО өзі анықтайды.

24. Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру кезінде әр оқу пәнінің көлемі кредиттің бүтін санын құрауы тиіс. Бұл ретте пән, әдетте, кемінде 2 немесе 3 кредит көлемімен бағаланады.

25. Магистратураның оқу жоспарларының барлық нысандарында оқу пәндерін кодтаудың бірыңғай жүйесі қолданылады.

26. Әрбір оқу пәнінің қайталанбайтын бір атауы болуы тиіс. Ол бір академиялық кезеңде меңгеріліп, аяқталған соң магистрант емтихан нысанындағы қорытынды бақылауды тапсырады, ал кәсіптік практиканың барлық түрлері, курстық жұмыстар (жобалар), магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары бойынша дифференциалды сынақ тапсырады.

27. Магистратураның білім беру бағдарламалары пәндерді оқудың модульді жүйесі негізінде жобаланады.

28. Базалық пәндер циклі (бұдан әрі - БП) міндетті компонент пен таңдау компоненті пәндерінен тұрады.

29. Ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі үлгілік оқу жоспарының жалпы көлемінің 48%-ын құрайды, оның ішінде 60% міндетті компонент пәндеріне, ал 40% таңдау компоненті пәндеріне тиесілі.

Бейіндік бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі үлгілік оқу жоспарының жалпы көлемінің 44%-ын (оқу мерзімі 1 жыл) және 28%-ын (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды, оның ішінде 75% және 80% міндетті компонент пәндеріне, ал 25% және 20% таңдау компоненті пәндеріне тиесілі.

30. Ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі үлгілік оқу жоспарының жалпы көлемінің 52%-ын құрайды, оның ішінде 36%-ы міндетті компонент пәндеріне және 64%-ы таңдау компоненті пәндеріне тиесілі.

Бейіндік бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі үлгілік оқу жоспарының жалпы көлемінің 56%-ын (оқу мерзімі 1 жыл) және 72%-ын (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды, оның ішінде 20% және 18% міндетті компонент пәндеріне, ал 80% және 82% тиісінше таңдау компоненті пәндеріне тиесілі.

31. Міндетті компонент пәндерінің тізбесі осы бұйрыққа 7-қосымша медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша магистратураның үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасының 4- 7-қосымшаларда келтірілген үлгілік оқу жоспарымен айқындалады. Міндетті компонент пәндерінің көлемін қысқартуға жол берілмейді.

32. Таңдау компоненті пәндерінің тізбесін ЖОО өзі анықтайды. Бұл ретте жұмыс берушілердің талаптары мен еңбек нарығының сұранысы ескеріледі.

33. 6М11 - "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" топтың медициналық мамандықтар бойынша бейіндік және ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

34. Бейіндік магистратураны бітірген магистрант педагогикалық қызметке кәсіптік педагогикалық бейіндегі бағдарламаларды қосымша меңгеріп, негізгі дипломға қосымша тиісті куәлік берілгеннен кейін ғана жіберіледі.

35. Бейінді магистратураны бітірген және педагогикалық қызметке рұқсат алуға ниет білдірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасының мазмұны осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

36. Магистратурада оқыту мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Оқу тілін магистранттың өзі таңдайды.

37. Білім беру қызметін ұйымдастыру оқу процесін, білім беру мазмұнын жоспарлау, оқу сабақтарын жүргізу тәсілдерін, магистранттың өзіндік жұмысын, олардың оқу жетістіктерін қорытынды бақылау нысандарын таңдау арқылы жүзеге асады.

38. Білім беру мазмұнының құрылымы білім берудің есептеу-өлшегіш құралдары: оқу жоспары мен бағдарламаларына, оқу жүктемесінің көлеміне, академиялық кезеңдер ұзақтығына, академиялық сабақ түрлеріне, оқу материалының көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес анықталады.

39. Білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыру оқу жоспарының негізінде жүзеге асырылады.

Оқу жоспарлары үлгілік (бұдан әрі - ҮОЖ), жеке (бұдан әрі - ЖОЖ) және жұмыстық (бұдан әрі - ОЖЖ) болып бөлінеді.

40. ҮОЖ-да міндетті компоненттің әрбір оқу пәнінің еңбек сыйымдылығы және әрбір оқу қызметінің түрі (практика, магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы бұдан әрі - (МФЗЖ) (магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын

магистранттың экспериментті- зерттеу жұмысы (бұдан әрі - МЭЗЖ)), кешенді емтихан, магистрлік диссертацияны жазу және қорғау) кредитпен анықталады, ал оқу пәндерінің әр циклі бойынша таңдау компоненті кредиттердің жалпы санымен көрсетіледі.

41. ҮОЖ-ға қосымша жыл сайын ЖОО таңдау компонентіндегі барлық пәндердің жүйеленген, аннотацияланған тізімі болып табылатын элективті пәндер каталогын (бұдан әрі - ЭПК) жасайды.

ЭПК-де әр оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі. ЭПК магистранттарға элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

42. Мамандық бойынша ҮОЖ мен ЭПК негізінде магистрант эдвайзердің көмегімен ЖОЖ құрады. ЖОЖ әрбір магистранттың жеке білім алу траекториясын анықтайды.

ЖОЖ-ға ҮОЖ-дан міндетті компонент пәндері мен оқу әрекетінің түрлері (практикалар, МҒЗЖ (МЭЗЖ), кешенді емтихан, магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау) және ЭПК-дан таңдау компоненті пәндері кіреді.

43. ОЖЖ оқу жылына мамандықтардың ҮОЖ-ы мен магистранттардың ЖОЖ-ы негізінде жасалады және оны Ғылыми кеңестің шешімі негізінде білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

ОЖЖ-да оқу жылында оқытылатын пәндер тізбесі және олардың кредитпен санағандағы еңбек сыйымдылығы, оқытылу реті, оқу сабақтарының түрлері, бақылау нысандары, сондай-ақ оқу қызметінің басқа да түрлері (практикалар, МҒЗЖ (МЭЗЖ), кешенді емтихан, магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау) айқындалады.

ОЖЖ оқу сабақтарының кестесін құруға және оқытушының оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын есептеуге негіз болады.

44. ЭПК, ЖОЖ және ОЖЖ-ның нысанын, құрылымын, әзірлеу және бекіту ретін ЖОО өзі анықтайды

45. Барлық оқу пәндерінің мазмұны оқу бағдарламаларымен анықталады. Оқу бағдарламалары үлгілік, жұмыс және силлабус болып бөлінеді.

46. Үлгілік кәсіптік оқу бағдарламалары (бұдан әрі - ҮКОБ) міндетті компонент пәндері бойынша әзірленеді және оларды "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 175-бабының 3-тармағына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

47. Жұмыс оқу бағдарламалары мен силлабустар (магистранттарға арналған пән бағдарламалары) оқу жоспарының барлық пәндері бойынша әзірленеді және оларды ЖОО бекітеді. Бұл ретте, оларды әзірлеу міндетті компонент пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады, ал таңдау компонентінің пәндері бойынша ЖОО өзі әзірлейді. Жұмыс оқу бағдарламалары мен силлабустардың формасын, құрылымын, әзірлеу және бекіту тәртібін ЖОО-ның өзі анықтайды.

48. Магистрант ғылыми жетекшісінің көмегімен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды

49. Магистранттың жеке жұмыс жоспары оқудың толық кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерден тұрады:

1) ЖОЖ (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады);

2) ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны);

3) практика (бағдарламасы, базасы, мерзімі және есеп беру нысаны);

4) негіздемесі мен құрылымы көрсетілген магистрлік диссертация тақырыбы;

5) магистрлік диссертацияны орындау жоспары;

6) ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалардан өту жоспары.

50. Магистратурадағы оқу сабақтары инновациялық технологиялар мен оқытудың интерактивті әдістерін қолдана отырып жүргізілуі тиіс.

51. Оқу процесін жоспарлау кезінде ЖОО білім беру бағдарламасы компоненттерін бөлу нормаларын осы стандартқа 4-қосымшаға (ғылыми және педагогикалық бағыттар үшін), 5-қосымшаларға (бейіндік магистратура үшін, оқу мерзімі 1 жыл) және 6-қосымшаларға (бейіндік магистратура үшін, оқу мерзімі 1,5 жыл) сәйкес басшылыққа алады.

4. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

52. Магистранттың оқу жүктемесінің көлемі оның оқу жылы ішінде әр пән немесе оқу жұмысының түрі бойынша игеретін кредит санымен өлшенеді.

53. ПОҚ оқу жүктемесін жоспарлау кредитпен немесе аудиториялық оқу сабақтарын кесте бойынша немесе оқу жұмысының басқа түрлері үшін жеке бекітілген график бойынша оқытушының магистранттармен байланыс жұмысының уақытын білдіретін академиялық сағаттармен жүзеге асырылады

54. Магистранттардың оқу жүктемесі академиялық сағаттардың ұзақтығымен және оқу жұмыстарының түрлері үшін академиялық сағатпен ілесе жүретін оқу сағаттарының көлемдерімен (50 минуттық байланыс сағаттары) анықталады.

Магистранттардың аудиториялық жұмысының академиялық сағаттары тиісті МӨЖ сағаттарымен толығады, осылайша бір кредитке магистранттың семестр түріндегі академиялық кезеңінің бір аптасындағы жиынтық оқу жүктемесі 3 сағатқа тең болады.

Практиканың әр академиялық сағаты магистранттың қосымша жұмысының тиісті оқу сағаттарымен (50 минуттан) толықтырылады: педагогикалық практика үшін - 1 сағат, өндірістік практика үшін - 4 сағат және зерттеу практикасы үшін - 7 сағат.

Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысының, магистранттың магистрлік диссертацияны орындауын қоса алғанда, әрбір академиялық сағаты 7 сағаттық МӨЖ-бен толықтырылады .

Магистрантты қорытынды аттестаттаудың әр академиялық сағаты магистрлік диссертацияны жазу және қорғау немесе кешенді емтиханға дайындық және оны тапсыру бойынша магистранттың оқытушымен байланыс жұмысының бір сағаты (50 минут) болып табылады. Магистрантты қорытынды аттестаттаудың әр академиялық сағаты 6 сағаттық МӨЖ-бен қамтамасыз етіледі.

55. Студиялық және зертханалық сабақтардан өзге аудиториялық жұмыстың бір академиялық сағаты 50 минутқа тең. Студиялық сабақтар үшін бір академиялық сағат 75 минутқа және зертханалық сабақтар үшін 100 минутқа тең.

Магистрант практикасының барлық түрлерінің, ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысының және қорытынды аттестаттаудың бір академиялық сағаты 50 минутқа тең.

56. Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір кредит:

- 1) семестр түріндегі академиялық кезең бойындағы магистранттың аудиториялық жұмысының;
- 2) кәсіби практика кезеңіндегі магистранттың оқытушымен жұмысының;
- 3) ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысы кезеңіндегі магистранттың оқытушымен жұмысының;
- 4) магистранттың магистрлік диссертацияны жазу және қорғау бойынша жұмысының;
- 5) магистранттың кешенді емтиханға дайындық және оны тапсыру кезіндегі жұмысының 15 академиялық сағатына тең екенін ескеру қажет.

57. Кредиттік оқыту технологиясында магистранттардың өздігінен орындайтын жұмысының көлемі артады, ол екі түрге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (ОМӨЖ) және магистранттың өзі орындайтын жұмысы (МӨЖ).

58. Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы жеке график бойынша оқытушымен байланыста орындалатын магистранттың аудиториядан тыс жұмыс түрі болып

табылады және жалпы оқу кестесіне енбейді. ОМӨЖ барысында оқу бағдарламасындағы анағұрлым қиын сұрақтар, үй тапсырмалары, курстық жобалар (жұмыстар) бойынша консультациялар өткізіледі, МӨЖ тапсырмаларының орындалуына бақылау жүргізіледі.

59. ОМӨЖ бен МӨЖ-дің өзіндік жұмыстың жалпы көлеміндегі арақатынасын ЖОО өзі анықтайды.

60. Дәріс пен практикалық (семинар) сабақтар кезіндегі магистранттың оқытушымен жұмысының байланыс сағаттары жиынтығында әр байланыс сағаты 2 сағат МӨЖ-бен қамтамасыз етіледі.

Студиялық және зертханалық сабақтар, магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмыстары, қорытынды аттестаттау сияқты оқу жұмысының түрлері үшін МӨЖ сағаттарын жоспарлау қажеттілігін және оның көлемін ЖОО өзі белгілейді (мысалы, магистрлік диссертацияны орындау барысын бақылау үшін).

61. Оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау кезеңінен, практикалардан, демалыстардан, магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысынан және соңғы курста қорытынды аттестаттаудан тұрады.

62. Академиялық кезең ұзақтығы 15 апта болатын семестрден тұрады.

63. Әр академиялық кезеңнен кейінгі аралық аттестаттаудың ұзақтығы кемінде 2 аптаны құрайды.

64. Аралық аттестаттау кезеңінде барлық оқытылған пәндер бойынша қорытынды бақылау жүргізіледі және ағымдағы үлгерім бағаларын (ағымдағы және межелік бақылаулар бойынша бағалардың арифметикалық ортасы) ескере отырып, пәндердің қорытынды бағалары шығарылады.

Пән бойынша қорытынды бағада ағымдағы үлгерім бағасының үлесі 60 %-дан, ал қорытынды бақылау бағасының үлесі 30 %-дан кем болмауы тиіс.

65. Оқу жылы ішіндегі демалыс ұзақтығы соңғы курсты қоспағанда, курстарда 7 аптадан кем болмауы тиіс.

66. Магистранттардың кәсіби практикасы бекітілген академиялық күнтізбе мен магистранттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес осы стандартпен және мамандық бойынша ҮОЖ-бен белгіленген көлемде жүргізіледі.

67. Практикалардың ұзақтығы магистранттың практика кезіндегі 30 сағатқа тең апта бойғы (5 күндік жұмыс аптасы кезінде күніне 6 сағат) нормативті жұмыс уақытын есепке ала отырып, аптамен анықталады. Апта санын шығару үшін практиканың кредитпен есептелген көлемін тиісті практика түрінің байланыс сағатымен есептелген еңбек сыйымдылығына көбейту керек және оны магистранттың апта бойғы жұмысының ұзақтығына, яғни 30 сағатқа бөлу керек.

Практиканың 1 кредитінің еңбек сыйымдылығы педагогикалық практика үшін 30 сағатты (50 минуттан), өндірістік практика үшін 75 сағатты (50 минуттан), зерттеу практикасы үшін 120 сағатты (50 минуттан) құрайды. 1 кредитке сәйкес келетін практиканың ұзақтығы аптамен

есептегенде педагогикалық практика үшін 1 аптаны, өндірістік практика үшін 2,5 аптаны, зерттеу практикасы үшін 4 аптаны құрайды.

68. Магистранттарды қорытынды аттестаттау және МҒЗЖ (МЭЗЖ) аптамен жоспарлау 54 сағатқа тең магистранттардың апта бойғы жұмысының нормативті уақытына (6 күндік жұмыс аптасы кезінде МӨЖ-ді қоса есептегенде күніне 9 сағат) сүйене отырып анықталады.

МҒЗЖ, МЭЗЖ бір кредитіне магистрант жұмысының 120 (15x8) сағаты, яғни 2,2 апта сәйкес келеді.

Қорытынды аттестаттаудың бір кредитіне 105 (15x7) сағат, яғни 2 апта сәйкес келеді. Оның ішінде 15 байланыс сағаты магистранттың оқытушымен жұмысына, 90 сағаты МӨЖ-ге бөлінеді.

Кешенді емтиханға дайындалуға және тапсыруға 1 кредит, яғни 2 апта бөлінеді.

Магистрлік диссертацияны ресімдеуге және қорғауға 3 кредит, яғни тиісінше 6 апта беріледі. Магистрлік диссертацияны орындау процесінің өзі алдын ала магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысы барысында жүргізіледі.

69. Магистранттардың қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, оқу жоспарларындағы академиялық айырмашылықты немесе академиялық қарызды жою үшін, игерген кредиттері өз ЖОО-да міндетті түрде қайта есепке алынатын жағдайда басқа ЖОО-да оқу пәндерін оқып-үйрену үшін, үлгерімнің орташа балын (GPA) көтеру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестр (бітіруші курстан өзге курстарда) енгізілуі мүмкін.

70. Магистрлер даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі өлшемі:

1) ғылыми және педагогикалық дайындық бойынша - 59-дан кем емес кредитті, оның ішінде теориялық оқытудың 42-ден кем емес кредитін, практиканың 6-дан кем емес кредитін, ғылыми-зерттеу жұмысының 7-ден кем емес кредитін игеруі;

2) бейіндік дайындық бойынша - кемінде 28 кредитті (оқу мерзімі - 1 жыл) және кемінде 48 кредитті (оқу мерзімі - 1,5 жыл), оның ішінде теориялық оқытудың тиісінше кемінде 18 және 36 кредитін, практиканың тиісінше кемінде 2 және 4 кредитін, эксперименталды-зерттеу жұмысының тиісінше кемінде 4 және 4 кредитін игеруі болып табылады.

Магистратураның білім беру бағдарламасын мерзімінен бұрын меңгеріп, оған қойылатын талаптарды орындаған жағдайда магистрантқа оқу мерзіміне қарамастан "магистр" академиялық дәрежесі беріледі.

71. Бейіндік магистратураны бітірген магистрант педагогикалық бейіндегі пәндер циклін меңгеріп, педагогикалық практикадан өткен жағдайда ғана ғылыми және педагогикалық қызмет атқара алады. Осы пәндер циклі және педагогикалық практика қосымша академиялық кезең ішінде меңгеріледі, оны аяқтаған соң негізгі дипломға белгіленген үлгідегі тиісті куәлік қоса беріледі.

72. Магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқудың толық курсы мен меңгерген, бірақ ғылыми-зерттеу компонентін орындамаған магистрантқа келесі оқу жылында ақылы негізде ғылыми-зерттеу компонентінің кредиттерін қайта игеруге және диссертацияны қорғауға мүмкіндік беріледі.

73. Магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытуының толық курсы мен меңгерген, бірақ белгіленген мерзімде магистрлік диссертациясын қорғамаған магистрантқа магистратурада оқу мерзімі ақылы негізде ұзартылады.

74. Оқу процесін оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету магистранттардың магистратураның білім беру бағдарламасын сапалы меңгеруіне кепілдік беруі тиіс.

Білім беру бағдарламасын іске асыру халықаралық ақпараттық желілерге, электронды деректер қорларына, кітапхана қорларына, компьютерлік технологияларға, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерге еркін қол жеткізу мүмкіндігімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Кітапхана қоры мен электронды және магнитті тасымалдаушылардағы оқу әдебиеттерімен қамтамасыздандыру білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

75. Ғылыми және педагогикалық магистратурадағы білім беру бағдарламасына практиканың екі түрі кіреді:

- 1) білім беру ұйымдарында өткізілетін педагогикалық практика;
- 2) диссертацияны орындау орны бойынша өткізілетін зерттеу практикасы.

Педагогикалық практика оқытудың практикалық дағдылары мен әдістемесін қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

Педагогикалық практика теориялық оқыту кезеңінде оқу процесінен қол үзбей өткізіледі. Осы ретте магистранттар бакалавриатта сабақ жүргізуге тартылуы мүмкін.

Магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің, эксперименталды деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың қазіргі әдістерімен таныстыру мақсатында жүргізіледі.

Бейінді магистратураның білім беру бағдарламасы өндірістік практиканы қамтуы тиіс.

Магистранттың өндірістік практикасы оқу процесінде алған теориялық білімін бекіту, оқып жатқан мамандығы бойынша кәсіптік қызмет дағдыларын, құзыреттері мен тәжірибесін жинақтау, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында өткізіледі.

Зерттеу (өндірістік) практиканың мазмұны диссертациялық зерттеу тақырыбымен анықталады.

76. Ғылыми және педагогикалық магистратурадағы ғылыми-зерттеу жұмысы:

- 1) магистрлік диссертация қорғалатын мамандықтың негізгі проблемасына сәйкес келуі;
- 2) өзектілігі, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығының болуы;
- 3) ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік, технологиялық жетістіктеріне сүйенуі;
- 4) ғылыми зерттеудің қазіргі әдістерін қолдану арқылы орындалуы;
- 5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы;
- 6) тиісті білім беру саласындағы алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделуі тиіс.

77. Бейіндік магистратурадағы эксперименталдық-зерттеу жұмысы:

- 1) магистрлік диссертация қорғалатын мамандықтың негізгі проблемасына сәйкес келуі;
- 2) ғылым мен техниканың, өндірістің қазіргі жетістіктеріне негізделуі және нақты практикалық ұсынымдарды, басқарушылық міндеттердің өзіндік шешімдерін қамтуы;
- 3) алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалуы;
- 4) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименталды-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы тиіс.

78. Ғылыми-зерттеу немесе эксперименталды-зерттеу жұмыстарының нәтижесі өтілуіне қарай әрбір академиялық кезеңнің соңында магистранттың есебі түрінде ресімделеді.

МҒЗЖ (МЭЗЖ) шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында міндетті түрде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуі қарастырылады.

79. Магистранттың МҒЗЖ (МЭЗЖ) ең соңғы қорытындысы магистрлік диссертация болып табылады.

80. Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері ең кемі бір жарияланымда немесе ғылыми-практикалық конференцияға қатысуында көрінуі тиіс.

81. Магистрлік диссертацияның мазмұны мен ресімделуіне, оның дайындалуы мен қорғалуына қойылатын талаптарды ЖОО өзі анықтайды.

82. Магистрлік диссертация міндетті түрде плагиатқа тексерілуден өтуі тиіс, мұндай тексерісті жүргізу қағидалары мен тәртібін ЖОО-ның өзі анықтайды.

83. ЖОО-ның кадрлық құрамына қойылатын талаптар лицензиялау кезінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарымен айқындалған.

ЖОО оқытушысы оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының талаптарын ұстанған жағдайда оқу сабақтарын ұйымдастыру мен өткізудің әдіс-тәсілдері мен нысандарын, оқытудың әдістерін еркін таңдауға құқылы.

84. Магистратураға оқуға қабылданғаннан кейінгі екі айдың ішінде магистрлік диссертацияға жетекшілік жасау үшін ғылыми жетекші тағайындалады.

Ғылыми жетекші және магистранттың зерттеу тақырыбы ғылыми кеңес шешімінің негізінде ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Магистранттың ғылыми жетекшісінің ғылыми дәрежесінің болуы және ғылымның осы саласында (магистранттың оқу мамандығы бойынша) ғылыми зерттеулермен белсенді түрде шұғылдануы тиіс. Қажет болған жағдайда ұқсас ғылым саласы бойынша ғылыми консультанттар тағайындалады.

85. ЖОО магистранттың зерттеу нәтижелерін жариялауға көмек көрсетеді.

	Медициналық мамандықтар бойынша магистратураның мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартына 1-қосымша
--	---

6М11 – "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)" топтарының мамандықтары бойынша магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгеруге ынталы тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 29.07.2016 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Магистратура мамандығы	Магистратураға түсетін тұлғалар үшін талап етілетін білім деңгейі
6М110100 – "Медицина"	5В130100 – "Жалпы медицина", 040100 – "Емдеу ісі", 040200 – "Педиатрия", 040600 – "Шығыс медицинасы", 5В130200 – "Стоматология", 5В110400 – "Медициналық-профилактикалық іс" 040800 – "Медициналық-биологиялық іс" мамандығы бойынша кәсіптік жоғарғы білім
	5В110200 – "Қоғамдық денсаулық сақтау", 5В130100 – "Жалпы медицина",

6М110200 – "Қоғамдық денсаулық сақтау"	5В130200 – "Стоматология", 5В110100 – "Мейіргер ісі", 5В110300 – "Фармация", 040100 – "Емдеу ісі", 040200 – "Педиатрия", 040600 – "Шығыс медицинасы", 5В130200 – "Стоматология", 5В110400 – "Медициналық-профилактикалық іс" 040800 – "Медициналық-биологиялық іс", 5В030100 – "Юриспруденция", 5В050600 – "Экономика", 5В050700 – "Менеджмент", 5В051000 – "Мемлекеттік және жергілікті басқару", 5В051300 – "Әлемдік экономика" мамандығы бойынша кәсіптік жоғарғы білім
6М110300 – "Мейіргер ісі"	5В110100 – "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша кәсіптік жоғарғы білім.
6М110500 – "Медициналық-профилактикалық іс"	5В110400 6М110500 – "Медициналық-профилактикалық іс", 5В130100 – "Жалпы медицина" мамандығы бойынша кәсіптік жоғарғы білім.

	Медициналық мамандықтар бойынша магистратураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына 2-қосымша
--	---

6М11 - "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" топтың медициналық мамандықтар бойынша бейіндік және ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны

Пән және қызмет түрлерінің атауы	Кредиттер көлемі *		
	1 жыл	1,5 жыл	2 жыл
Базалық пәндер (БП):			
Міндетті компонент (МК):			
Ғылым тарихы мен философиясы Философия және ғылым әдістемесі философиялық білімнің саласы ретінде. Өркениет пен мәдениеттегі ғылым. Ғылымның пайда болуы. Ғылымның тарихи дамуының негізгі кезеңдері. Ғылыми білімнің құрылымы. Ғылыми эволюция. Ғылыми тиімділігі. Ғылым дамуының қазіргі кезеңінің ерекшеліктері. Ғылым әлеуметтік институт ретінде. Заманауи ғылыми білімнің құрылымындағы жаратылыстану ғылымдары. Қоғам, мәдениет, тарих және адам туралы ғылымдардың қалыптасу тарихы. Нақты ғылымдардың өзекті философиялық мәселелері.			2
Шет тілі (кәсіби) Күнделікті және кәсіби қарым қатынаста шет тілін белсенді түрде сөйлеу-тұрмыстық сөзді және мамандық тілін практикада меңгеру үшін іскерлігі мен дағдыларын тереңдету және дамыту Лексика: күнделікті, жалпы ғылыми және кәсіби сипаттағы			

<p>лексиканы меңгеру - кемінде 500 бірлік (бейінді мамандықтың 500 терминін қосаалғанда).</p> <p>Грамматика: оның ауызша және жазбаша нысандарын ескере отырып ғылыми стильдің грамматикалық құбылысын меңгеру; Етістік формалары (инфинитив, герундий, есімше) олардың айналымдары, салаласа, сабақтаса байланысқан құрмалас сөйлемдер, тұрақты сөз тіркестерінің мағынасына қарай түрлері, шақтарды келісу.</p> <p>Кәсіби қызметімен, күнделікті қарым қатынас және қоғамдық саяси сипаттағы қарым қатынас жағдайларымен байланысты вариациялық жағдайларда ауызша - диалог және монолог сөзді меңгеру.</p> <p>Жазу дағдылары: реферат, аннотация жаза білу дағдыларын, шет тілінде тезистер, баяндамалар, резюме жаза білу дағдылары.</p> <p>Тыңдалым: тұрмыстық, ақпараттық және кәсіби мазмұндағы хабарламаны есту арқылы қабылдау.</p> <p>Аударма: түсіндірме және екі тілдегі терминологиялық сөздіктермен, сондай-ақ мамандықтары бойынша анықтама әдіебиеттерімен жұмыс істей білу: шетел тілінен ана тіліне және ана тілінен шетел тіліне жазбаша да, ауызша да аудару дағдыларын дамыту.</p>	2	2	2
<p>Менеджмент</p> <p>Менеджментке кіріспе: негізгі ұғымдар. Басқару процесінің функциялары, принциптері және элементтері. Менеджмент эволюциясы: менеджменттің пайда болу шарттары мен алғышарттары, менеджмент мектептері. Қазақстандық менеджмент ерекшеліктері. Менеджменттегі интеграциялық процестер. Менеджмент жүйесі: функциялары мен ұйымдық құрылымы. Жоспарлау, SWOT-талдау және менеджменттегі болжам . Басқару процестері: мақсатты тұжырымдау және жағдайды бағалау, басқару шешімдерін қабылдау. Менеджмент механизмі: басқару тәсілдері мен әдістері. Менеджменте диверсификациясы, тиімді басқарудың баламасының типологиясы және таңдау. Адами ресурстарды басқару. Менеджердің жеке тұлғасы. Жетекшілік ету және басқару стилі. Топ динамикасы және дауларды шешу. Басқару ресурстары, сапасы және тиімділігі. Басқаруды ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесі.</p>	1	1	
<p>Педагогика</p> <p>Педагогиканың жалпы негіздері: негізгі ұғымдар, әдіснама, объектілері және даму тарихы. Жоғары білім педагогикасы. Қазіргі таңдағы жоғары білімнің негізгі даму бағыттары мен үрдістері. Білім берудің жаңа үлгісі. Қазақстан Республикасындағы жоғары білім: реформалаудың негізгі кезеңдері, әлемдік білім кеңістігіне интеграциялану. Педагогикалық қызметтің мәні және құрылымы. Оқытушы тұлғасы , кәсіби қабілеті және құзыреттілігі.</p> <p>Жоғары мектепте оқыту теориясы (дидактика): кәсіптік оқытудың мәні мен құрылымы, оқытудың қозғаушы күштері мен принциптері, оқу процесінің мазмұны және оны ұйымдастыру. Жоғары мектептегі тәрбие жұмысы: мәні және негізгі бағыттары. Жетекшілік. Білім берудің заманауи технологиялары. Оқудың белсенді формалары мен әдістері. Оқу процесін оқытудың кредиттік жүйесі негізінде ұйымдастыру:</p>			2

СӨЖ-ді, педагогикалық бақылауды ұйымдастыру, оқу-әдістемелік материалдарды құрастыру. Білім сапасының менеджмент жүйесі.			
<p>Психология</p> <p>Жоғары мектеп психологиясының мәні мен міндеттері. Білім беру және ақпараттық ортаның психологиясы. Әлеуметтік психология. Психологиялық әдістер және заманауи жағдайларда оқыту тиімділігі мен сапасын арттыру құралдары. ЖОО оқытушысының кәсібилігі және психологиясы. Қазіргі студенттің психологиялық портреті. Оқыту процесінің психологиялық құрылымының динамикалық сипаттамасы. Оқыту процесінде студенттің танымдық қызметінің психологиясы. Даулы жағдайларда оқу процесін басқарудың интеллектуалдық функцияларын дамыту. Педагогикалық қарым қатынас және педагогикалық әсер ету психологиясы. Ғылыми-педагогикалық ұжымды қалыптастыру мен дамытудың психологиялық ерекшеліктері. ЖОО психологиялық қызметі. Жеке тұлғаның психологиялық диагностикасы. Педагогикалық қызметтің психологиялық профилактикасы.</p>	2	2	2
<p>Биостатистика</p> <p>Биостатистикаға кіріспе. Ықтимал теориясының негізгі ұғымдары. Жиынтық параметрлерін бағалау. Статистикалық жиынтықты салыстыру әдістері. Сапалық және сандық белгілері арасындағы өзара байланысты зерделеу. Дисперсиялық талдау негіздері. Параметрлік және параметрлік емес критерийлер. Стандарттау әдісі, оның мәні және қолдану. Корреляциялық талдау. Статистикалық зерттеулердегі графикалық бейнелеу. Статистикалық материалды өңдеуде компьютерлік технологияларды пайдалану. Медициналық-биологиялық экспериментте өлшем шәкілдерін қолдану. Агрегирленген бағалау. Кешенді бағалау. Мақалалар мен диссертациялық зерттеулерде статистикалық әдістердің қолданылуын талдау. Стандарттау әдістеру, оның мәні мен қолданылуы. Халық денсаулығының статистикасы. Денсаулық сақтау жүйесінің статистикасы. Медицина-биологиялық зерттеулер статистикасы.</p>	1	1	2
<p>Биоэтика негіздері</p> <p>Биоэтикаға кіріспе. Адамның қатысумен жүргізілетін биомедициналық зерттеулерді этикалық тұрғыдан және құқықтық қамтамасыз ету. Адамның қатысуымен жүргізілетін биомедициналық зерттеулердің этикалық нормаларын реттейтін құжаттар. Халықаралық нормативтік актілер. Этика жөніндегі Комитетті құру және оның қызметі. Стандартты операциялық емшаралар. Дәрілік препараттарға клиникалық зерттеу жүргізу фазалары. Зерттеу дизайны және биомедициналық зерттеу жүргізу әдістемесін этикалық тұрғыдан бағалау. Этикалық сараптамны құжатпен ресімдеу. Клиникалық сынақ жүргізудің негізгі принциптері. Хабардар етілген келісім. Биомедициналық зерттеулерге қатысушыларды сақтандыру арқылы қорғау мәселелері. Халықтың ерекше осал топтары. Биомодельдерде және зертханалық жануарларда зерттеу жүргізу.</p>	1		2
МК барлығы	6	7	12

Таңдау компоненті	2	3	8
БП барлығы	8	10	20
Бейіндеуші пәндер (БП):			
Міндетті компонент (МК):			
<p>Денсаулық сақтауды ұйымдастыру және басқару</p> <p>Денсаулық сақтау органдарының қызметі және оларды бақылау.</p> <p>Денсаулық сақтау саласындағы міндеттердің басқару деңгейіне қарай бөлінуі. Қоғамдық денсаулық сақтаудың міндеттері.</p> <p>Денсаулық сақтаудағы үкіметтік емес ұйымдардың рөлі.</p> <p>Медицинадағы жеке меншік және мемлекеттік секторлар. Халық денсаулығының жай-күйінің мониторингі. Денсаулық сақтаудағы қазіргі ақпараттық технологиялар. Денсаулық сақтау саясаты және жоспарлау мәселелері. Басқару теориясы. Басқару жүйесі . Денсаулық сақтаудағы сапа менеджменті жүйесі. Аккредиттеу медициналық қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету.</p> <p>Денсаулық сақтау жүйесін стратегиялық басқару. Медициналық мекемені ұйымдастыру үлгілері.</p>	1	2	2
<p>Клиникалық эпидемиология және дәлелді медицина**</p> <p>Клиникалық эпидемиология ғылым ретінде. Негізгі терминдер мен ұғымдар. Эпидемиологиялық зерттеулер деректерін өңдеу және талдау. Эпидемиологияға себеп-салдар байланыс.</p> <p>Инфекциялық ауруларды зерделеу мен бақылау.</p> <p>Эпидемиологиялық зерттеп-қарау. Инфекциялық және инфекциялы емес аурулармен күрес. Тәуекел және этиология факторлары мен созылмалы аурулардың әлеуметтік-экономикалық салдары. Созылмалы аурулар және жаңа қоғамдық денсаулық сақтау.</p> <p>Дәлелді медицина терминологиясы, құралдары мен әдістері.</p> <p>Дәйекті көздер мен ресурстардың медициналық ақпаратын іздеу әдіснамасы. Дәлелді медицина тұрғысынан медициналық жриялымдарды талдау. Дәлелді медицинадағы сапалық және сандық зерттеулер әдістері. Дәлелді медицинадағы зерттеулердің сатысы. Медициналық клиникалық зерттеу дизайны. Жүйелі шолулар мен мета-талдауларды сыни бағалау. Клиникалық шешімді қабылдау процесі. Клиникалық нұсқауларды және зерттеулерді әзірлеу және бағалау. Дәлелдену деңгейі.</p>	1	2 (1***)	2 (1***)
<p>Денсаулықты нығайту және аурулардың профилактикасы</p> <p>Денсаулықты нығайту қоғамдық денсаулық сақтаудың негізгі бағыты ретінде. Денсаулығын анықтау. Денсаулық критерийлері . Денсаулықты айқындайтын этиологиялық факторлары. Өмір сүру бейнелерінің мәні, өмір сүру ортасы, экологиялық ерекшеліктері, денсаулықты қалыптастыруда тұқым қуалаушылық факторлары. Халық денсаулығының негізгі көрсеткіштері қоршаған орта сапасын интегралды бағалау ретінде. Бастапқы және қайталама деңгейлі профилактика. Жеке және қоғамдық денсаулық, денсаулықты нығайту және сақтауда профилактикалық қарап-тексеру мәні. Инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың профилактикасы. Әлеуметтік мәні бар аурулардың бастапқы, екіншілік, үшіншілік профилактикасы. Денсаулықты нығайту және сақтау саласында ДДСҰ бағдарламасы. Қазіргі кезеңде денсаулықты нығайту</p>	1 ***		1 ***

саласындағы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саясаты. Денсаулықты нығайту қызметтерін ұйымдастыру және басқару.		1 ***	
Мейіргер процесін және мейіргер ісі құжаттарын ұйымдастыру Мейіргер практикасының стандарттары. Мейіргер процесін сипаттау. Мейіргер үдерісінің кезеңдері. Мейіргер үдерісінің құжаттамасы. Деректерді жинау. Деректерді жинау әдістері. Мейіргердің диагнозы қою. Мейіргер диагнозының ерекшелігі. Мейіргер іс- шарасының күтімі мен таңдауын жоспарлау. Басымдылығын белгілеу. Мейіргер іс-шарасын таңдау. Мейіргердің тағайындауы. Мейіргер күтімінің жоспарын жүзеге асыру. Мейіргер араласуының түрлері. Хаттамалар мен тағайындаулар. Күтім бойынша жоспарды орындауға әсер ететін факторлар. Мейіргер үйлестіруші ретінде. Қарым қатынас ортасы. Медициналық карточкадағы мейіргер жазбалары. Мейіргердің қарап-тексеруі. Өзін-өзі бағалау.	1 ****	2 ****	2 ****
Мейіргер практикасындағы дәлелді медицина Дәлелденген мейіргер ісінің тарихы. Дәлелді медицинаның терминологиясы, құралдары және әдістері. Медициналық практикаға мейіргерлік ғылыми зерттеудің әсер етуі. Пациенттерге мейіргерлік практикасының дәлелділігі оңды әсер етуі. Мейіргерлік практикада ғылыми дәлелді қолдану қадамдары. Қолданған шешім негізінде мейіргерлік араласуды жүзеге асыру нәтижелерінің сыни бағалау. Ғылыми әдістерін зерттеу және мейіргерлік үдерісін салыстыру. Медициналық ақпаратты іздеу әдіснамасы және дәйекті дереккөздер мен ресурстар. Ғылыми жариялымдар мен ғылыми зерттеулер есебін талдау және оқу. Дәлелді медицина сүзгілерін пайдаланып ғаламторда ақпарат іздеу. Дәлелді мейіргер практикасын дамыту кедергілері.	1 ****	2 ****	2 ****
Санитариялық-эпидемиологиялық қызметті ұйымдастыру Қазақстан Республикасында санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің міндеттері және оны ұйымдастыру. Мемсанэпидқызмет ұйымдарының, ведомстволарының, құрылымдық бөлімшелерінің халықтың санитария-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз етудегі рөлі. Мемлекеттік саясаттың халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету саласындағы негізгі бағыты. Қазақстан Республикасындағы қазіргі санитариялық-эпидемиологиялық жағдай. Өмір сүру ортасының факторлары, олардың халық денсаулығына әсері. Мемсанэпидқызмет жұмысының сапасын бақылау жүйесі. Саламатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында халық арасында және медицина қызметкерлерінің арасында санитариялық-ағартушылық жұмыстарын жүргізу. Халықтың денсаулық жағдайына және адамның өмір сүру ортасын диагностикалау. Клиникалық, гигиеналық және эпидемиологиялық диагноздарды қою алгоритмін меңгеру. Халықтың денсаулығы мен өмір сүру ортасы жағдайының әлеуметтік-гигиеналық мониторингілеу жүйесіндегі көрсеткіштері. Адамның өмір сүру ортасының химиялық, физикалық және биологиялық факторларын нормалау принциптері.	1 **** *	2 **** *	2 **** *

<p>Сабақ беру әдіснамасының негіздері Медициналық білім беру міндеттері. Бұрынғы алған білімін жандандыру тәсілдері. Оқыту стильдері. Оқыту әдістері. Жеке білім беру траекториясын әзірлеу. Шағын топтармен жұмыс тәртібі мен әдістері. Топтың проблемалы мүшелері. Проблемаға бағытталған оқыту. Жобаға бағытталған оқыту. Командаға бағытталған оқыту. Зерттеуден негізделген оқыту. Кері байланыс әдістері. Білімді, машықты, қарым-қатынасты, біліктілікті және практикалық жұмысты бағалау әдістері. Негізгі және клиникалық пәндер бойынша жазбаша тест сұрақтарын құру. Клиникалық пәндерден сабақ беру ерекшелігі. Объективті құрылымды клиникалық емтихан (ОҚКЕ). Стандартталған пациент. Дәрігерлердің дипломнан кейінгі және үздіксіз кәсіптік дамуын ұйымдастыру принциптері. Ересектерді оқыту ерекшелігі. Өздігінен білім алу.</p>			2
<p>Ғылыми зерттеулер әдістерінің негіздері Ғылыми зерттеу саласында ұлттық халықаралық құқық негіздері : QPBR, GLR, GLR, GCLP және басқалары. Медицинадағы ғылыми зерттеулер. Қаржыладыру көзі бойынша ғылыми және зерттеулер бағдарламалары. Гранттарды тарту мен іздеу. Ғылыми жобалар мен грант өтінімдерін жазу. Зерттеу әдінамасы. Сипаттау және талдау зерттеуі. Жүйелі шолу. Мета-талдау. Ақпарат жинау. Деректерді өңдеу. Зерттеу талдау және тұжырымдар мен қсыныстарды қалыптастыру. ҒЗЖ нәтижелерін енгізу. Зияткерлік құқықты қорғау (патент беру). Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ресімдеудің жалпы талаптар мен қағидалары. Ғылыми-зерттеу жұмысын рецензиялау. Басылымдарда жариялануға ғылыми материалдарды дайындау. Рецензиясыбар журналдарда жариялану. Мақала жазудың жалпы қағидалары. Әдістемелік сапасын бағалау. Ғылыми зерттеу қателерінің негізгі түрлері. Ғылыми зерттеу нәтижелерін практикаға және денсаулық сақтау саясатына енгізу механизмдері.</p>			2
МК барлығы	2	4	8
Таңдау компоненті	8	22	14
БП барлығы	10	26	22
Теориялық оқыту бойынша барлығы	18	36	42
Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ):			
Практика (өндірістік) *****	кемінде 2	кемінде 4	
Практика (педагогикалық, зерттеу) *****			кемінде 6
Магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың экспериментті-зерттеу жұмысы (МЭЗЖ)	кемінде 4	кемінде 4	
Магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)			кемінде 7
ОҚТ барлығы	кемінде 6	кемінде 8	кемінде 13
Қорытынды аттестаттау (ҚА)			
Кешенді емтихан (КЕ)	1	1	1
Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау (МДРҚ)	3	3	3

ҚА барлығы	4	4	4
Жиыны	кемінде 28	кемінде 48	кемінде 59
<p>Ескертпе:</p> <p>*Оқу ұзақтығы мамандықтар мен магистранттардың алдыңғы дайындық деңгейіне байланысты осы Стандарт бойынша анықталады.</p> <p>** Бұл бейіндеуші пән 6M110100 - "Медицина" мамандығы бойынша міндетті пәндер санына кіреді.</p> <p>*** Бұл бейіндеуші пән 6M110200 - "Қоғамдық денсаулық сақтау" мамандығы бойынша міндетті пәндер санына кіреді.</p> <p>**** Бұл бейіндеуші пән 6M110300 - "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша міндетті пәндер санына кіреді.</p> <p>***** Бұл бейіндеуші пән 6M110500 - "Медициналық-профилактикалық іс" мамандығы бойынша міндетті пәндер санына кіреді.</p> <p>***** Практикаға бөлінетін кредиттер саны жалпы еңбек сыйымдылығының көлеміне кірмейді. Қажет болған жағдайда ЖОО практикаға бөлінген кредит санын ұлғайтады.</p>			

	Медициналық мамандықтар бойынша магистратураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына 3-қосымша
--	---

Бейінді магистратураны бітірген және педагогикалық қызметке рұқсат алуға ниет білдірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасының мазмұны

№	Пән және қызмет түрлерінің атауы	Кредиттер көлемі
1	Базалық пәндер (БП)	
1.1	Міндетті компонент:	
	Ғылым тарихы мен философиясы	2
	Педагогика	3
1.2	Таңдау компоненті	2
	Теориялық оқыту жиыны	7
2	Практика (педагогикалық)	кемінде 3*
* Практикаға бөлінетін кредиттер саны жалпы еңбек сыйымдылығының көлеміне кірмейді. Қажет болған жағдайда ЖОО практикаға бөлінген кредит санын ұлғайтады.		

	Медициналық мамандықтар бойынша магистратураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына 4-қосымша
--	---

Ғылыми және педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасының компоненттерін бөлу нормасы

№	Қызмет түрлері	Кре-дит саны	Оның ішінде		Орташа апталық
			аудиториялық , оқытушымен		

			Апта саны *	Жалпы сағат саны	байланыстағы сағаттар	МӨЖ	жүктеме *****
1	Теориялық оқыту (1:2)	42	45	1890	630	1260	52,0
2	Магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың теориялық оқытудан қол үзбей ғылыми-зерттеу жұмысы (1:7) **	3	7	360	45	315	51,4
	Магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (1:7) **	4	9	480	60	420	53,3
3	Қорытынды аттестаттау (1:6)	4	8	420	60	360	52,5
	Жиыны	53	69	3150	795	2355	

Практика

4	Теоретикалық оқудан қол үзбей жүргізілетін педагогикалық, (1:1) ** *	3	3	90	45	45	30,0
5	зерттеу (1:7)	3	12	360	45	315	30,0
6	Демалыстар ****		7				
7	Емтихан сессиясы		9				
	Барлығы	59	100	3600	885	2715	

Ескертпе:

* Қызмет түрлері бойынша апта саны өзгереді, бұл ретте магистранттың орташа апталық жүктемесі 53,3 сағаттан аспайды.

** Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының 3 кредиті оқыту процесінен қол үзбей теориялық оқытумен қатар жоспарланады (әрбір семестрге 1 кредиттен).

*** Педагогикалық практика екінші және үшінші семестрде (барлық 3 кредит) оқыту процесінен қол үзбей теориялық оқытумен қатар жоспарланады.

**** Жазғы семестр, оқытудың қосымша түрлері демалыс есебінен немесе академиялық күнтізбе бойынша жеке жоспарланады.

***** Қызметтің әртүрімен қатар жоспарлаған жағдайда осы қызмет түрлері бойынша апталық жүктеме азайтылып, тиісінше олардың апта саны артуы тиіс, осылайша магистранттың орташа апталық жүктемесі 53,3 сағаттан аспауы қажет.

Медициналық мамандықтар бойынша магистратураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына 5-қосымша

Оқу мерзімі 1 жыл болатын бейінді магистратураның білім беру бағдарламасының компоненттерін бөлу нормасы

№ Қызмет түрлері	Кредит саны	Оның ішінде		Орташа апталық
		аудиториялық, оқытушымен	МӨЖ	

		Апта саны *	Жалпы сағат саны	байланыстағы сағаттар		жүктеме ****
1	Теориялық оқыту (1:2)	18	15	810	270	540 54,0
2	Магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың эксперименталды-зерттеу жұмысы (1:7) **	4	9	480	60	420 53,3
3	Қорытынды аттестаттау (1:6)	4	8	420	60	360 52,5
	Жиыны	26	32	1710	390	1320
4	Практика (өндірістік) (1:4)	2	5	150	30	120 30,0
5	Демалыс ***		4			
6	Емтихан сессиясы		3			
	Барлығы	28	44	1860	420	1440

Ескертпе:

* Қызмет түрлері бойынша апта саны өзгереді, бұл ретте магистранттың орташа апталық жүктемесі 54,0 сағаттан аспауы тиіс.

** Магистранттың эксперименталды-зерттеу жұмысы оқыту басынан бастап жоспарлаған дұрыс және теориялық оқытумен немесе өндірістік практикамен қатар өткізуге болады.

*** Оқытудың қосымша түрлері демалыс есебінен немесе академиялық күнтізбе бойынша бөлек жоспарланады.

**** Қызметтің әртүрімен қатар жоспарлаған жағдайда осы қызмет түрлері бойынша апталық жүктеме азайтылып, тиісінше олардың апта саны артуы тиіс, магистранттың орташа апталық жүктемесі 54,0 сағаттан аспауы тиіс.

	Медициналық мамандықтар бойынша магистратураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына 6-қосымша
--	---

Оқу мерзімі 1,5 жыл бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасының компоненттерін бөлу нормасы

№	Қызмет түрлері	Кредит саны	Апта саны *	Жалпы сағат саны	Оның ішінде		Орташа апталық жүктеме ****
					аудиториялық/ оқытушымен байланыстағы сағаттар	МӨЖ	
1	Теориялық оқыту (1:2)	36	30	1620	540	1080	54,0
2	Магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың эксперименталды-зерттеу жұмысы (1:7) **	4	9	480	60	420	53,3
3	Қорытынды аттестаттау (1:6)	4	8	420	60	360	52,5
	Барлығы	44	47	2520	660	1860	
4	Практика (өндірістік) (1:4)	4	10	300	60	240	30,0
5	Демалыс ***		7				
6	Емтихан сессиясы		6				

Барлығы	48	70	2820	720	2100
<p>Ескертпе:</p> <p>* Қызмет түрлеріне байланысты апта саны өзгеруі мүмкін, бірақ магистранттың орташа апталық жүктемесі 54,0 сағаттан аспауы тиіс.</p> <p>** Магистранттың эксперименталды-зерттеу жұмысы оқытудың басынан бастап жоспарлаған дұрыс және теориялық оқытумен немесе өндірістік практикамен қатар өткізген дұрыс.</p> <p>*** Жазғы семестр, оқытудың қосымша түрлері демалыс есебінен немесе академиялық күнтізбе бойынша жеке жоспарланады.</p> <p>**** Қызметтің әр түрін қатар жоспарлаған жағдайда осы қызмет түрлері бойынша апталық жүктеме азайтылып тиісінше олардың апта саны артуы тиіс, бірақ магистранттың орташа апталық жүктемесі 54,0 сағаттан аспауы қажет.</p>					

	<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығына 4-қосымша</p>
--	--

Фармацевтикалық мамандықтар бойынша магистратураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Осы фармацевтикалық мамандықтар бойынша магистратураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі - Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектің Кодексінің 175-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және магистратураның білім беру бағдарламаларының мазмұнына, магистранттардың білім траекториясына, білім беру құрылымы мен мазмұнына, магистранттардың даярлық деңгейін және 6М11 "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)" мамандықтары бойынша академиялық дәрежелерін бағалауға қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

11) дескрипторлар (descriptors) - студенттердің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламаларын аяқтаған соң ие болатын білім, білік, дағды және құзыретінің деңгейлері мен көлемінің сипаттамасы, дескрипторлар оқыту нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттерге, сондай-ақ кредиттерінің жалпы санына (сынақ бірліктеріне) негізделеді;

12) кредит (Credit, Credit-hour) - білім алушының/оқытушының оқу жұмысы көлемін өлшейтін сәйкестендірілген бірлігі;

13) құзыреттер - студенттердің оқыту процесі кезінде алған білім, шеберлік және дағдысын кәсіптік қызметте практикалық тұрғыдан қолдана білу қабілеті;

14) магистратура - тиісті мамандығы бойынша "магистр" академиялық дәрежесі беріле отырып, ғылыми және педагог кадрлар даярлауға бағытталған, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламасы;

15) магистрант - магистратурада білім алаушы адам;

16) магистрлік диссертация - магистранттың ғылымның тиісті саласында нақты мамандықтың өзекті проблемаларының бірін өзіндік ғылыми зертеудің нәтижелер тұжырымынан тұратын шығарылым жұмысы;

17) постреквизиттер - аталған пәнді оқыту аяқталғанда оларды зерделеу үшін меңгерілген білім, икемділіктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер;

18) пререквизиттер - оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер;

19) эдвайзер - тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы.

2. 6M11 "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)" топтың фармацевтикалық мамандықтары бойынша магистратураның білім беру бағдарламаларын ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, магистратураның тиісті мамандықтары бойынша білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиясы бар жоғары оқу орындары (бұдан әрі - ЖОО) іске асырады.

3. Қазақстан Республикасының ЖОО-лары:

1) осы Стандартқа және магистратураның мамандықтарының үлгілік оқу жоспарларына;

2) оқу жұмыс жоспарларына;

3) академиялық күнтізбеге;

4) магистранттардың жеке оқу жоспарларына;

5) пәндер бойынша оқу бағдарламаларына;

6) магистранттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес магистрлерді даярлауды жүзеге асырады.

4. Магистратурада ғылыми және педагогикалық және басқарушылық кадрларды даярлау екі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1) 2 жыл оқу мерзіммен ғылыми және педагогикалық;

2) оқу мерзімі кемінде 1 жыл бейінді.

Магистратурада оқу мерзімін алдыңғы даярлық деңгейінің білім беру бағдарламасы бейінінің сәйкестігіне және пререквизиттерінің болуына қарай ЖОО-лар өз бетінше түзетеді.

5. Магистратурада білім алу тек күндізгі оқу нысанында жүзеге асырылады.

6. Магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерген және магистрлік диссертациясын көпшілік алдында қорғаған тұлғаға "денсаулық сақтау магистрі" академиялық дәрежесі беріледі.

Магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерген және магистрлік диссертациясын көпшілік алдында қорғаған тұлғаға "Медицина ғылымының магистрі" академиялық дәрежесі беріледі.

7. 6М11 "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)" топтың фармацевтикалық мамандықтары бойынша магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгеруге ниет білдіруші тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар осы Стандартқа 1-қосымшада келтірілген.

8. Магистратура мамандықтары шеңберінде ЖОО-лар 2007 жылдың 15 мамырындағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес кәсіби стандарттарына сәйкес әртүрлі білім беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді.

Білім беру бағдарламалары оқыту нәтижесіне бағдарланған.

2. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

9. Оқыту нәтижелері дескрипторлардың үшінші деңгейі (магистратура) негізінде айқындалады және құзыреттер арқылы көрсетіледі. Оқыту нәтижелері бағдарламаның барлық деңгейінде де, жеке пәннің, модульдің деңгейінде де қалыптасады.

Екінші деңгейдегі дескрипторлар:

1) жоғары білім деңгейінде меңгерген, ғылыми зерттеулер контексінде идеяларды қолдану немесе өзіндік дамыту үшін негіз немесе мүмкіндік болып табылатын, дамытылып отыратын білімі мен түсінігін көрсете білу;

2) зерттеп отырған саламен байланысты контекстер мен одан да кеңірек (немесе пәнаралық) салаларда жаңа немесе белгісіз жағдайлардағы проблемаларды шешуде білімін, түсінігін және қабілетін қолдана алу;

3) білімді интеграциялау, қиындықтарды жеңе білу және толық емес немесе шектеулі ақпарат негізінде тұжырымдамалар жасау, осы тұжырымдамалар мен білімін этикалық және әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып қолдана білу;

4) білім алуды өздігінен жалғастыру қабілеттерінің болуын көздейді.

10. Бейінді магистратураны бітірушілердің негізгі құзыреттіліктері:

1) мынадай:

ғылыми танымның дамуындағы қазіргі үрдістер туралы;

денсаулық сақтаудың әдіснамалық және философиялық өзекті проблемалары және оларды шешудің заманауи әдістері туралы;

жаһандану процестерінің қарама-қайшылықтары мен әлеуметтік-экономикалық салдары туралы;

әлемдік бизнес серіктестіктің экономикалық, саяси, құқықтық, мәдени және технологиялық ортасының қазіргі жай-күйі туралы;

кәсіпорынды стратегиялық басқаруды ұйымдастыру, инновациялық менеджмент, көшбасшылық теориялары туралы;

денсаулық сақтау ұйымының жұмыс істеуінің негізгі қаржылық-шаруашылық проблемалары туралы ;

Деректерді статистикалық талдаудың заманауи әдістері туралы түсінігі болуы тиіс.

2) мыналарды:

ғылыми танымның әдіснамасын;

денсаулық сақтауды өзгертетін негізгі қозғаушы күштерді;

денсаулық сақтауды дамыту үрдістері мен әлемдегі және Қазақстан Республикасында медициналық ғылымның заманауи жағдайын;

инвестициялық ынтымақтастықтың ерекшеліктері мен ережелерін;

денсаулық сақтау саласында зерттеу қызметінің негізгі қағидаттары;

ғылыми зерттеулер мен практикалық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кемінде бір шет тілін кәсіптік деңгейде білуі қажет;

3) мыналарды:

кәсіптік қызметте танымның ғылыми әдістерін қолдана білуі;

процестер мен құбылыстарды зерттеудің қолданыстағы тұжырымдамаларын, теориясы мен әдістерін сын-көзбен талдай білуі;

әртүрлі пәндер бойынша меңгерген білімді интеграциялауы, оларды жаңа белгісіз жағдайларда аналитикалық және басқарушылық мәселелерді шешуде қолдана білуі;

кәсіпорынның шаруашылық жұмысына микроэкономикалық талдау жүргізе алуы және оның нәтижелерін денсаулық сақтау ұйымын басқаруда қолдана білуі;

маркетинг пен менеджментті ұйымдастырудың жаңа әдістерін практикада қолдана алуы;

денсаулық сақтау ұйымының шаруашылық жұмысын ұйымдастыру мен басқарудағы қиын және қалыптан тыс жағдайларда шешім қабылдай білуі;

денсаулық сақтау саласындағы экономикалық қатынастарды реттеудегі Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларын практикада қолдана білуі;

жаңа проблемалар мен жағдайларды шешуде креативті ойлауы және шығармашылықпен қарауы;

ақпараттық-аналитикалық және ақпараттық-библиографиялық жұмысты қазіргі ақпараттық технологияларды қолданып жүргізуі;

кәсіптік қызмет саласында кешенді кешенді пәнаралық, сектораралық проблемаларды шешу;

диссертация, мақала, есеп, аналитикалық жазбалар және т.б. түрінде эксперименталды-зерттеу және аналитикалық жұмыс нәтижелерін жалпылай білуі тиіс;

20) мынадай:

қалыпты ғылыми және кәсіптік міндеттерді шешу;

ұйымдар мен денсаулық сақтау ұйымдарында экономикалық қызметін ұйымдастыруда және басқаруда ғылыми талдау және практикалық мәселелерді шешу;

менеджмент және маркетинг саласында проблемаларды зерттеу және алынған нәтижелерді денсаулық сақтау ұйымдарын басқару әдістерін жетілдіру үшін қолдану;

кәсіптік қарым-қатынас және мәдениетаралық байланыс;

шешендік өнер, өз ойын ауызша және жазбаша түрде дұрыс және логикалық ресімдеу;

күнделікті кәсіптік қызметте және докторантурада білімін жалғастыру үшін қажет білімін кеңейту және тереңдету;

кәсіптік қызмет саласында ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану дағдысының болуы тиіс;

5) мынадай:

мамандық бойынша зерттеу әдіснамасы саласында;

жаһандық және ұлттық денсаулық сақтаудың заманауи проблемалары саласында;

денсаулық сақтау ұйымының қызметін ұйымдастыру мен басқаруда;

әртүрлі ұйымдармен, оның ішінде мемлекеттік қызмет органдарымен өндірістік байланыстарды жүзеге асыруда;

білімнің үнемі жаңаруын қамтамасыз ету, кәсіптік дағдыны және біліктілікті тереңдету тәсілдерінде құзыретті болуы қажет.

11. Ғылыми және педагогикалық магистратура бітірушілерінің негізгі құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар:

1) мынадай:

денсаулық сақтау саласын дамытуда ғылым және білімнің рөлі туралы;

ғылыми танымның дамуындағы қазіргі үрдістер туралы;

денсаулық сақтау және медициналық ғылымның әдіснамалық және философиялық өзекті проблемалары туралы;

медициналық ЖОО-ларда пәндерді оқытудың кәсіби құзыреттілігі туралы;

жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі туралы;

жаһандану процестерінің қарама-қайшылықтары мен әлеуметтік-экономикалық салдары туралы түсінігі болуы керек;

2) мыналарды:

ғылыми танымның әдіснамасын;

ғылыми қызметті ұйымдастырудың қағидаттары мен құрылымын;

оқыту процесінде студенттердің танымдық қызметінің психологиясын;

азаматтардың денсаулығын сақтау туралы заңнаманы және медицина қызметкерлерінің қызметінің құқықтық негіздерін;

медициналық және биологиялық зерттеулерде сандық және сапалық талдау әдістерін;

оқыту тиімділігі мен сапасын арттырудың психологиялық әдістері мен құралдарын білуі тиіс;

3) мыналарды:

алған білімін ғылыми зерттеулер контекстінде идеяларды қолдану немесе өзіндік дамыту үшін қолдана білуі;

процестер мен құбылыстарды зерттеудің қолданыстағы тұжырымдамаларын, теориясы мен әдістерін сын-көзбен талдай алуы;

әртүрлі пәндер аясында алған білімін жаңа таныс емес жағдайларда зерттеу мәселелерін шешуде интеграциялауы;

білімді интеграциялау жолымен, толық емес немесе шектеулі ақпараттар негізінде тұжырымдама жасап, шешім қабылдай алуы;

жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясынан алған білімін өз педагогикалық қызметінде қолдана білуі;

оқытудың интерактивті әдістерін қолдана білуі;

ақпараттық-аналитикалық және ақпараттық-библиографиялық жұмысты қазіргі ақпараттық технологияларды қолданып жүргізуі;

жаңа проблемалар мен жағдайларды шешуде креативті ойлауы және шығармашылықпен қарауы;

ғылыми зерттеулер жүргізуге және ЖОО-да арнайы пәндер бойынша сабақ жүргізуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндей кәсіптік деңгейде шет тілін еркін меңгеруі;

диссертация, ғылыми мақала, есеп, аналитикалық жазбалар және т.б. түрінде ғылыми-зерттеу және аналитикалық жұмыс нәтижелерін жалпылай білуі тиіс;

4) мынадай:

ғылыми-зерттеу әрекеттері, қалыпты ғылыми мәселерді шешу;

кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру және педагогикалық қызметті жүзеге асыру;

кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі;

білім беру процесінде қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану;

кәсіптік қарым-қатынас және мәдениетаралық байланыс;

шешендік өнер, өз ойын ауызша және жазбаша түрде дұрыс және логикалық тұрғыдан ресімдеу;

күнделікті кәсіптік қызметте және докторантурада білімін жалғастыру үшін білімін кеңейту және тереңдету дағдысының болуы қажет;

5) мына:

денсаулық сақтау аясында ғылыми зерттеулердің әдіснамасы саласында;

ЖОО-дағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында;

қазіргі білім беру технологияларына қатысты мәселелерде;

кәсіптік салада ғылыми жобалар мен зерттеулерді орындауда;

білімді үнемі жаңартуды, кәсіптік дағды мен білікті кеңейтуді қамтамасыз ету әдістерінде құзыретті болуы тиіс.

12. Магистратураның әр мамандығы бойынша арнайы құзыреттер жұмыс берушілер талаптары мен қоғамның әлеуметтік сұраныстарын ескере отырып анықталады.

13. Міндетті ең төмен мен ЖОО ұсынатын оқу жүктемесінің көлемі аясында алынған білім деңгейі әртүрлі бақылау түрлері арқылы қамтамасыз етіледі.

14. Магистранттардың білімін, іскерлігін, дағдысын және құзыреттерін бақылау оларды қорытынды аттестаттау кезінде жүргізіледі.

15. Магистранттарды қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде және мамандықтардың оқу жоспарында қарастырылған мерзімде кешенді емтихан тапсыру және магистрлік диссертацияны қорғау нысанында өткізіледі.

16. Кешенді емтихан диссертация қорғауға дейін 1 ай қалғаннан кешіктірмей өткізіледі. Мамандық бойынша кешенді емтиханға магистратураның білім беру бағдарламасындағы бейіндеуші пәндер циклдерінің пәндері кіреді.

17. Магистрлік диссертацияны қорғау рәсімін ЖОО-дағы білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне сәйкес ЖОО-ның өзі анықтайды.

18. Магистратураның оқу бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған тұлғаларға "магистр" академиялық дәрежесі және қосымшасы (транскрипт) бар мемлекеттік үлгідегі диплом тапсырылады.

ЖОО бітірушіге дипломға жалпыеуропалық қосымша (Diploma Supplement) бере алады.

3. Білім беру мазмұнына қойылатын талаптар

19. Магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы білім мазмұнын анықтайтын оқу және ғылыми жұмыстардың түрлерінен тұрады және олардың ара қатынасын, өлшемін және есебін көрсетеді.

20. Магистратураның білім беру бағдарламасы:

- 1) базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін меңгеруді қамтитын теориялық оқыту;
- 2) магистранттардың практикалық даярлығы: практика, кәсіптік тағылымдама түрлері;
- 3) ғылыми және педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы;
- 4) бейіндік магистратура үшін магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын эксперименталды-зерттеу жұмысы;
- 5) аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

21. Білім беру бағдарламалары мамандық пен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің негізінде жүзеге асырылады. Мамандық пен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің нысаны, құрылымы және әзірлеу тәртібін білім беру ұйымы өзі анықтайды.

22. Барлық жұмыс түрлерінің еңбек сыйымдылығын есептеу меңгерілген материалдың көлемі бойынша жүзеге асады және оқудың нақты нәтижесіне жетуге қажетті магистранттар мен оқытушылардың еңбек шығындарының өлшем бірлігі болып табылатын кредиттермен өлшенеді.

Бұл ретте алдыңғы білім деңгейлерінде игерілген кредиттерді ескеретін жинақтаушы кредиттік жүйе қолданылады.

23. Магистранттың магистратураға түсер алдында магистратураның тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеруге қажетті барлық пререквизиттері болуы тиіс. Қажетті пререквизиттер тізбесін ЖОО өзі анықтайды.

24. Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру кезінде әр оқу пәнінің көлемі кредиттің бүтін санын құрауы тиіс. Бұл ретте пән, әдетте, кемінде 2 немесе 3 кредит көлемімен бағаланады.

25. Магистратураның оқу жоспарларының барлық нысандарында оқу пәндерін кодтаудың бірыңғай жүйесі қолданылады.

26. Әрбір оқу пәнінің қайталанбайтын бір атауы болуы тиіс. Ол бір академиялық кезеңде меңгеріліп, аяқталған соң магистрант емтихан нысанындағы қорытынды бақылауды тапсырады, ал кәсіптік практиканың барлық түрлері, курстық жұмыстар (жобалар), магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары бойынша дифференциалды сынақ тапсырады.

27. Магистратураның білім беру бағдарламалары пәндерді оқудың модульді жүйесі негізінде жобаланады.

28. Базалық пәндер циклі (бұдан әрі - БП) міндетті компонент пен таңдау компоненті пәндерінен тұрады.

29. Ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі үлгілік оқу жоспарының жалпы көлемінің 48%-ын құрайды, оның ішінде 60% міндетті компонент пәндеріне, ал 40% таңдау компоненті пәндеріне тиесілі.

Бейіндік бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі үлгілік оқу жоспарының жалпы көлемінің 44%-ын (оқу мерзімі 1 жыл) және 28%-ын (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды, оның ішінде 75% және 80% міндетті компонент пәндеріне, ал 25% және 20% таңдау компоненті пәндеріне тиесілі.

30. Ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі үлгілік оқу жоспарының жалпы көлемінің 52%-ын құрайды, оның ішінде 36%-ы міндетті компонент пәндеріне және 64%-ы таңдау компоненті пәндеріне тиесілі.

Бейіндік бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі үлгілік оқу жоспарының жалпы көлемінің 56%-ын (оқу мерзімі 1 жыл) және 72%-ын (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды, оның ішінде 20% және 18% міндетті компонент пәндеріне, ал 80% және 82% тиісінше таңдау компоненті пәндеріне тиесілі.

31. Міндетті компонент пәндерінің тізбесі осы бұйрыққа 7-қосымша медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша магистратураның үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасының 8-

қосымшада келтірілген үлгілік оқу жоспарымен айқындалады. Міндетті компонент пәндерінің көлемін қысқартуға жол берілмейді.

32. Таңдау компоненті пәндерінің тізбесін ЖОО өзі анықтайды. Бұл ретте жұмыс берушілердің талаптары мен еңбек нарығының сұранысы ескеріледі.

33. 6М11 - "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" топтың фармацевтикалық мамандықтар бойынша бейіндік және ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

34. Бейіндік магистратураны бітірген магистрант педагогикалық қызметке кәсіптік педагогикалық бейіндегі бағдарламаларды қосымша меңгеріп, негізгі дипломға қосымша тиісті куәлік берілгеннен кейін ғана жіберіледі.

35. Бейінді магистратураны бітірген және педагогикалық қызметке рұқсат алуға ниет білдірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасының мазмұны осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

36. Магистратурада оқыту мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Оқу тілін магистранттың өзі таңдайды.

37. Білім беру қызметін ұйымдастыру оқу процесін, білім беру мазмұнын жоспарлау, оқу сабақтарын жүргізу тәсілдерін, магистранттың өзіндік жұмысын, олардың оқу жетістіктерін қорытынды бақылау нысандарын таңдау арқылы жүзеге асады.

38. Білім беру мазмұнының құрылымы білім берудің есептеу-өлшегіш құралдары: оқу жоспары мен бағдарламаларына, оқу жүктемесінің көлеміне, академиялық кезеңдер ұзақтығына, академиялық сабақ түрлеріне, оқу материалының көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес анықталады.

39. Білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыру оқу жоспарының негізінде жүзеге асырылады.

Оқу жоспарлары үлгілік (бұдан әрі - ҮОЖ), жеке (бұдан әрі - ЖОЖ) және жұмыстық (бұдан әрі - ОЖЖ) болып бөлінеді.

40. ҮОЖ-да міндетті компоненттің әрбір оқу пәнінің еңбек сыйымдылығы және әрбір оқу қызметінің түрі (практика, магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы бұдан әрі - (МҒЗЖ) (магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың экспериментті- зерттеу жұмысы (бұдан әрі - МЭЗЖ)), кешенді емтихан, магистрлік диссертацияны жазу және қорғау) кредитпен анықталады, ал оқу пәндерінің әр циклі бойынша таңдау компоненті кредиттердің жалпы санымен көрсетіледі.

41. ҮОЖ-ға қосымша жыл сайын ЖОО таңдау компонентіндегі барлық пәндердің жүйеленген, аннотацияланған тізімі болып табылатын элективті пәндер каталогын (бұдан әрі - ЭПК) жасайды.

ЭПК-де әр оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі. ЭПК магистранттарға элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

42. Мамандық бойынша ҮОЖ мен ЭПК негізінде магистрант эдвайзердің көмегімен ЖОЖ құрады. ЖОЖ әрбір магистранттың жеке білім алу траекториясын анықтайды.

ЖОЖ-ға ҮОЖ-дан міндетті компонент пәндері мен оқу әрекетінің түрлері (практикалар, МҒЗЖ (МЭЗЖ), кешенді емтихан, магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау) және ЭПК-дан таңдау компоненті пәндері кіреді.

43. ОЖЖ оқу жылына мамандықтардың ҮОЖ-ы мен магистранттардың ЖОЖ-ы негізінде жасалады және оны Ғылыми кеңестің шешімі негізінде білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

ОЖЖ-да оқу жылында оқытылатын пәндер тізбесі және олардың кредитпен санағандағы еңбек сыйымдылығы, оқытылу реті, оқу сабақтарының түрлері, бақылау нысандары, сондай-ақ оқу қызметінің басқа да түрлері (практикалар, МҒЗЖ (МЭЗЖ), кешенді емтихан, магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау) айқындалады.

ОЖЖ оқу сабақтарының кестесін құруға және оқытушының оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын есептеуге негіз болады.

44. ЭПК, ЖОЖ және ОЖЖ-ның нысанын, құрылымын, әзірлеу және бекіту ретін ЖОО өзі анықтайды.

45. Барлық оқу пәндерінің мазмұны оқу бағдарламаларымен анықталады. Оқу бағдарламалары үлгілік, жұмыс және силлабус болып бөлінеді.

46. Үлгілік кәсіптік оқу бағдарламалары (бұдан әрі - ҮКОБ) міндетті компонент пәндері бойынша әзірленеді және оларды "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 175-бабының 3-тармағына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

47. Жұмыс оқу бағдарламалары мен силлабустар (магистранттарға арналған пән бағдарламалары) оқу жоспарының барлық пәндері бойынша әзірленеді және оларды ЖОО бекітеді. Бұл ретте, оларды әзірлеу міндетті компонент пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады, ал таңдау компонентінің пәндері бойынша ЖОО өзі әзірлейді. Жұмыс оқу бағдарламалары мен силлабустардың формасын, құрылымын, әзірлеу және бекіту тәртібін ЖОО-ның өзі анықтайды.

48. Магистрант ғылыми жетекшісінің көмегімен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды.

49. Магистранттың жеке жұмыс жоспары оқудың толық кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерден тұрады:

1) ЖОЖ (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады);

2) ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны);

3) практика (бағдарламасы, базасы, мерзімі және есеп беру нысаны);

4) негіздемесі мен құрылымы көрсетілген магистрлік диссертация тақырыбы;

5) магистрлік диссертацияны орындау жоспары;

6) ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалардан өту жоспары.

50. Магистратурадағы оқу сабақтары инновациялық технологиялар мен оқытудың интерактивті әдістерін қолдана отырып жүргізілуі тиіс.

51. Оқу процесін жоспарлау кезінде ЖОО білім беру бағдарламасы компоненттерін бөлу нормаларын осы стандартқа 4-қосымшаға (ғылыми және педагогикалық бағыттар үшін), 5-қосымшаларға (бейіндік магистратура үшін, оқу мерзімі 1 жыл) және 6-қосымшаларға (бейіндік магистратура үшін, оқу мерзімі 1,5 жыл) сәйкес басшылыққа алады.

4. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

52. Магистранттың оқу жүктемесінің көлемі оның оқу жылы ішінде әр пән немесе оқу жұмысының түрі бойынша игеретін кредит санымен өлшенеді.

53. ПОҚ оқу жүктемесін жоспарлау кредитпен немесе аудиториялық оқу сабақтарын кесте бойынша немесе оқу жұмысының басқа түрлері үшін жеке бекітілген график бойынша оқытушының магистранттармен байланыс жұмысының уақытын білдіретін академиялық сағаттармен жүзеге асырылады.

54. Магистранттардың оқу жүктемесі академиялық сағаттардың ұзақтығымен және оқу жұмыстарының түрлері үшін академиялық сағатпен ілесе жүретін оқу сағаттарының көлемдерімен (50 минуттық байланыс сағаттары) анықталады.

Магистранттардың аудиториялық жұмысының академиялық сағаттары тиісті МӨЖ сағаттарымен толығады, осылайша бір кредитке магистранттың семестр түріндегі академиялық кезеңінің бір аптасындағы жиынтық оқу жүктемесі 3 сағатқа тең болады.

Практиканың әр академиялық сағаты магистранттың қосымша жұмысының тиісті оқу сағаттарымен (50 минуттан) толықтырылады: педагогикалық практика үшін - 1 сағат, өндірістік практика үшін - 4 сағат және зерттеу практикасы үшін - 7 сағат.

Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысының, магистранттың магистрлік диссертацияны орындауын қоса алғанда, әрбір академиялық сағаты 7 сағаттық МӨЖ-бен толықтырылады.

Магистрантты қорытынды аттестаттаудың әр академиялық сағаты магистрлік диссертацияны жазу және қорғау немесе кешенді емтиханға дайындық және оны тапсыру бойынша магистранттың оқытушымен байланыс жұмысының бір сағаты (50 минут) болып табылады. Магистрантты қорытынды аттестаттаудың әр академиялық сағаты 6 сағаттық МӨЖ-бен қамтамасыз етіледі.

55. Студиялық және зертханалық сабақтардан өзге аудиториялық жұмыстың бір академиялық сағаты 50 минутқа тең. Студиялық сабақтар үшін бір академиялық сағат 75 минутқа және зертханалық сабақтар үшін 100 минутқа тең.

Магистрант практикасының барлық түрлерінің, ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысының және қорытынды аттестаттаудың бір академиялық сағаты 50 минутқа тең.

56. Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір кредит:

- 1) семестр түріндегі академиялық кезең бойындағы магистранттың аудиториялық жұмысының;
- 2) кәсіби практика кезеңіндегі магистранттың оқытушымен жұмысының;
- 3) ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысы кезеңіндегі магистранттың оқытушымен жұмысының;
- 4) магистранттың магистрлік диссертацияны жазу және қорғау бойынша жұмысының;
- 5) магистранттың кешенді емтиханға дайындық және оны тапсыру кезіндегі жұмысының 15 академиялық сағатына тең екенін ескеру қажет.

57. Кредиттік оқыту технологиясында магистранттардың өздігінен орындайтын жұмысының көлемі артады, ол екі түрге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (ОМӨЖ) және магистранттың өзі орындайтын жұмысы (МӨЖ).

58. Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы жеке график бойынша оқытушымен байланыста орындалатын магистранттың аудиториядан тыс жұмыс түрі болып табылады және жалпы оқу кестесіне енбейді. ОМӨЖ барысында оқу бағдарламасындағы анағұрлым қиын сұрақтар, үй тапсырмалары, курстық жобалар (жұмыстар) бойынша консультациялар өткізіледі, МӨЖ тапсырмаларының орындалуына бақылау жүргізіледі.

59. ОМӨЖ бен МӨЖ-дің өзіндік жұмыстың жалпы көлеміндегі арақатынасын ЖОО өзі анықтайды.

60. Дәріс пен практикалық (семинар) сабақтар кезіндегі магистранттың оқытушымен жұмысының байланыс сағаттары жиынтығында әр байланыс сағаты 2 сағат МӨЖ-бен қамтамасыз етіледі.

Студиялық және зертханалық сабақтар, магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмыстары, қорытынды аттестаттау сияқты оқу жұмысының түрлері үшін МӨЖ сағаттарын жоспарлау

қажеттілігін және оның көлемін ЖОО өзі белгілейді (мысалы, магистрлік диссертацияны орындау барысын бақылау үшін).

61. Оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау кезеңінен, практикалардан, демалыстардан, магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысынан және соңғы курста қорытынды аттестаттаудан тұрады.

62. Академиялық кезең ұзақтығы 15 апта болатын семестрден тұрады.

63. Әр академиялық кезеңнен кейінгі аралық аттестаттаудың ұзақтығы кемінде 2 аптаны құрайды.

64. Аралық аттестаттау кезеңінде барлық оқытылған пәндер бойынша қорытынды бақылау жүргізіледі және ағымдағы үлгерім бағаларын (ағымдағы және межелік бақылаулар бойынша бағалардың арифметикалық ортасы) ескере отырып, пәндердің қорытынды бағалары шығарылады.

Пән бойынша қорытынды бағада ағымдағы үлгерім бағасының үлесі 60 %-дан, ал қорытынды бақылау бағасының үлесі 30 %-дан кем болмауы тиіс.

65. Оқу жылы ішіндегі демалыс ұзақтығы соңғы курсты қоспағанда, курстарда 7 аптадан кем болмауы тиіс.

66. Магистранттардың кәсіби практикасы бекітілген академиялық күнтізбе мен магистранттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес осы стандартпен және мамандық бойынша ҮОЖ-бен белгіленген көлемде жүргізіледі.

67. Практикалардың ұзақтығы магистранттың практика кезіндегі 30 сағатқа тең апта бойғы (5 күндік жұмыс аптасы кезінде күніне 6 сағат) нормативті жұмыс уақытын есепке ала отырып, аптамен анықталады. Апта санын шығару үшін практиканың кредитпен есептелген көлемін тиісті практика түрінің байланыс сағатымен есептелген еңбек сыйымдылығына көбейту керек және оны магистранттың апта бойғы жұмысының ұзақтығына, яғни 30 сағатқа бөлу керек.

Практиканың 1 кредитінің еңбек сыйымдылығы педагогикалық практика үшін 30 сағатты (50 минуттан), өндірістік практика үшін 75 сағатты (50 минуттан), зерттеу практикасы үшін 120 сағатты (50 минуттан) құрайды. 1 кредитке сәйкес келетін практиканың ұзақтығы аптамен есептегенде педагогикалық практика үшін 1 аптаны, өндірістік практика үшін 2,5 аптаны, зерттеу практикасы үшін 4 аптаны құрайды.

68. Магистранттарды қорытынды аттестаттау және МҒЗЖ (МЭЗЖ) аптамен жоспарлау 54 сағатқа тең магистранттардың апта бойғы жұмысының нормативті уақытына (6 күндік жұмыс аптасы кезінде МӨЖ-ді қоса есептегенде күніне 9 сағат) сүйене отырып анықталады.

МҒЗЖ, МЭЗЖ бір кредитіне магистрант жұмысының 120 (15x8) сағаты, яғни 2,2 апта сәйкес келеді.

Қорытынды аттестаттаудың бір кредитіне 105 (15x7) сағат, яғни 2 апта сәйкес келеді. Оның ішінде 15 байланыс сағаты магистранттың оқытушымен жұмысына, 90 сағаты МӨЖ-ге бөлінеді.

Кешенді емтиханға дайындалуға және тапсыруға 1 кредит, яғни 2 апта бөлінеді.

Магистрлік диссертацияны ресімдеуге және қорғауға 3 кредит, яғни тиісінше 6 апта беріледі. Магистрлік диссертацияны орындау процесінің өзі алдын ала магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысы барысында жүргізіледі.

69. Магистранттардың қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, оқу жоспарларындағы академиялық айырмашылықты немесе академиялық қарызды жою үшін, игерген кредиттері өз ЖОО-да міндетті түрде қайта есепке алынатын жағдайда басқа ЖОО-да оқу пәндерін оқып-үйрену үшін, үлгерімнің орташа балын (GPA) көтеру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестр (бітіруші курстан өзге курстарда) енгізілуі мүмкін.

70. Магистрлер даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі өлшемі:

1) ғылыми және педагогикалық дайындық бойынша - 59-дан кем емес кредитті, оның ішінде теориялық оқытудың 42-ден кем емес кредитін, практиканың 6-дан кем емес кредитін, ғылыми-зерттеу жұмысының 7-ден кем емес кредитін игеруі;

2) бейіндік дайындық бойынша - кемінде 28 кредитті (оқу мерзімі - 1 жыл) және кемінде 48 кредитті (оқу мерзімі - 1,5 жыл), оның ішінде теориялық оқытудың тиісінше кемінде 18 және 36 кредитін, практиканың тиісінше кемінде 2 және 4 кредитін, эксперименталды-зерттеу жұмысының тиісінше кемінде 4 және 4 кредитін игеруі болып табылады.

Магистратураның білім беру бағдарламасын мерзімінен бұрын меңгеріп, оған қойылатын талаптарды орындаған жағдайда магистрантқа оқу мерзіміне қарамастан "магистр" академиялық дәрежесі беріледі.

71. Бейіндік магистратураны бітірген магистрант педагогикалық бейіндегі пәндер циклін меңгеріп, педагогикалық практикадан өткен жағдайда ғана ғылыми және педагогикалық қызмет атқара алады. Осы пәндер циклі және педагогикалық практика қосымша академиялық кезең ішінде меңгеріледі, оны аяқтаған соң негізгі дипломға белгіленген үлгідегі тиісті куәлік қоса беріледі.

72. Магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқудың толық курсы мен меңгерген, бірақ ғылыми-зерттеу компонентін орындамаған магистрантқа келесі оқу жылында ақылы негізде ғылыми-зерттеу компонентінің кредиттерін қайта игеруге және диссертацияны қорғауға мүмкіндік беріледі.

73. Магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытуының толық курсы мен меңгерген, бірақ белгіленген мерзімде магистрлік диссертациясын қорғамаған магистрантқа магистратурада оқу мерзімі ақылы негізде ұзартылады.

74. Оқу процесін оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету магистранттардың магистратураның білім беру бағдарламасын сапалы меңгеруіне кепілдік беруі тиіс.

Білім беру бағдарламасын іске асыру халықаралық ақпараттық желілерге, электронды деректер қорларына, кітапхана қорларына, компьютерлік технологияларға, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерге еркін қол жеткізу мүмкіндігімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Кітапхана қоры мен электронды және магнитті тасымалдаушылардағы оқу әдебиеттерімен қамтамасыздандыру білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

75. Ғылыми және педагогикалық магистратурадағы білім беру бағдарламасына практиканың екі түрі кіреді:

- 1) білім беру ұйымдарында өткізілетін педагогикалық практика;
- 2) диссертацияны орындау орны бойынша өткізілетін зерттеу практикасы.

Педагогикалық практика оқытудың практикалық дағдылары мен әдістемесін қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

Педагогикалық практика теориялық оқыту кезеңінде оқу процесінен қол үзбей өткізіледі. Осы ретте магистранттар бакалавриатта сабақ жүргізуге тартылуы мүмкін.

Магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің, эксперименталды деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың қазіргі әдістерімен таныстыру мақсатында жүргізіледі.

Бейінді магистратураның білім беру бағдарламасы өндірістік практиканы қамтуы тиіс.

Магистранттың өндірістік практикасы оқу процесінде алған теориялық білімін бекіту, оқып жатқан мамандығы бойынша кәсіптік қызмет дағдыларын, құзыреттері мен тәжірибесін жинақтау, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында өткізіледі.

Зерттеу (өндірістік) практиканың мазмұны диссертациялық зерттеу тақырыбымен анықталады.

76. Ғылыми және педагогикалық магистратурадағы ғылыми-зерттеу жұмысы:

- 1) магистрлік диссертация қорғалатын мамандықтың негізгі проблемасына сәйкес келуі;
- 2) өзектілігі, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығының болуы;

3) ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік, технологиялық жетістіктеріне сүйенуі;

4) ғылыми зерттеудің қазіргі әдістерін қолдану арқылы орындалуы;

5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы;

6) тиісті білім беру саласындағы алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделуі тиіс.

77. Бейіндік магистратурадағы эксперименталдық-зерттеу жұмысы:

1) магистрлік диссертация қорғалатын мамандықтың негізгі проблемасына сәйкес келуі;

2) ғылым мен техниканың, өндірістің қазіргі жетістіктеріне негізделуі және нақты практикалық ұсынымдарды, басқарушылық міндеттердің өзіндік шешімдерін қамтуы;

3) алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалуы;

4) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименталды-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы тиіс.

78. Ғылыми-зерттеу немесе эксперименталды-зерттеу жұмыстарының нәтижесі өтілуіне қарай әрбір академиялық кезеңнің соңында магистранттың есебі түрінде ресімделеді.

МҒЗЖ (МЭЗЖ) шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында міндетті түрде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуі қарастырылады.

79. Магистранттың МҒЗЖ (МЭЗЖ) ең соңғы қорытындысы магистрлік диссертация болып табылады.

80. Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері ең кемі бір жарияланымда немесе ғылыми-практикалық конференцияға қатысуында көрінуі тиіс.

81. Магистрлік диссертацияның мазмұны мен ресімделуіне, оның дайындалуы мен қорғалуына қойылатын талаптарды ЖОО өзі анықтайды.

82. Магистрлік диссертация міндетті түрде плагиатқа тексерілуден өтуі тиіс, мұндай тексерісті жүргізу қағидалары мен тәртібін ЖОО-ның өзі анықтайды.

83. ЖОО-ның кадрлық құрамына қойылатын талаптар лицензиялау кезінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарымен айқындалған.

ЖОО оқытушысы оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының талаптарын ұстанған жағдайда оқу сабақтарын ұйымдастыру мен өткізудің әдіс-тәсілдері мен нысандарын, оқытудың әдістерін еркін таңдауға құқылы.

84. Магистратураға оқуға қабылданғаннан кейінгі екі айдың ішінде магистрлік диссертацияға жетекшілік жасау үшін ғылыми жетекші тағайындалады.

Ғылыми жетекші және магистранттың зерттеу тақырыбы ғылыми кеңес шешімінің негізінде ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Магистранттың ғылыми жетекшісінің ғылыми дәрежесінің болуы және ғылымның осы саласында (магистранттың оқу мамандығы бойынша) ғылыми зерттеулермен белсенді түрде шұғылдануы тиіс. Қажет болған жағдайда ұқсас ғылым саласы бойынша ғылыми консультанттар тағайындалады.

85. ЖОО магистранттың зерттеу нәтижелерін жариялауға көмек көрсетеді.

	Фармацевтикалық мамандықтар бойынша магистратураның мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартына 1-қосымша
--	---

6М11 – "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)" топтарының мамандықтары бойынша магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгеруге ынталы тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 29.07.2016 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Магистратура мамандығы	Магистратураға түсетін тұлғалар үшін талап етілетін білім деңгейі
6М110400 – "Фармация"	5В110300 – "Фармация", 5В074800 – "Фармацевтикалық өндіріс технологиясы" мамандығы бойынша кәсіптік жоғарғы білім

	Фармацевтикалық мамандықтар бойынша магистратураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына 2-қосымша
--	---

6М11 - "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" топтың фармацевтикалық мамандықтар бойынша бейіндік және ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны

--	--

Пән және қызмет түрлерінің атауы	Кредиттер көлемі *		
	1 жыл	1,5 жыл	2 жыл
Базалық пәндер (БП):			
Міндетті компонент (МК):			
<p>Ғылым тарихы мен философиясы</p> <p>Философия және ғылым әдістемесі философиялық білімнің саласы ретінде. Өркениет пен мәдениеттегі ғылым. Ғылымның пайда болуы. Ғылымның тарихи дамуының негізгі кезеңдері. Ғылыми білімнің құрылымы. Ғылыми эволюция. Ғылыми тиімділігі. Ғылым дамуының қазіргі кезеңінің ерекшеліктері. Ғылым әлеуметтік институт ретінде. Заманауи ғылыми білімнің құрылымындағы жаратылыстану ғылымдары. Қоғам, мәдениет, тарих және адам туралы ғылымдардың қалыптасу тарихы. Нақты ғылымдардың өзекті философиялық мәселелері.</p>			2
<p>Шет тілі (кәсіби)</p> <p>Күнделікті және кәсіби қарым қатынаста шет тілін белсенді түрде сөйлеу-тұрмыстық сөзді және мамандық тілін практикада меңгеру үшін іскерлігі мен дағдыларын тереңдету және дамыту.</p> <p>Лексика: күнделікті, жалпы ғылыми және кәсіби сипаттағы лексиканы меңгеру - кемінде 500 бірлік (бейінді мамандықтың 500 терминін қоса алғанда).</p> <p>Грамматика: оның ауызша және жазбаша нысандарын ескере отырып ғылыми стильдің грамматикалық құбылысын меңгеру; Етістік формалары (инфинитив, герундий, есімше) олардың айналымдары, салаласа, сабақтаса байланысқан құрмалас сөйлемдер, тұрақты сөз тіркестерінің мағынасына қарай түрлері, шақтарды келісу.</p> <p>Кәсіби қызметімен, күнделікті қарым қатынас және қоғамдық саяси сипаттағы қарым қатынас жағдайларымен байланысты вариациялық жағдайларда ауызша - диалог және монолог сөзді меңгеру.</p> <p>Жазу дағдылары: реферат, аннотация жаза білу дағдыларын, шет тілінде тезистер, баяндамалар, резюме жаза білу дағдылары.</p> <p>Тыңдалым: тұрмыстық, ақпараттық және кәсіби мазмұндағы хабарламаны есту арқылы қабылдау.</p> <p>Аударма: түсіндірме және екі тілдегі терминологиялық сөздіктермен, сондай-ақ мамандықтары бойынша анықтама әдібиеттерімен жұмыс істей білу: шетел тілінен ана тіліне және ана тілінен шетел тіліне жазбаша да, ауызша да аудару дағдыларын дамыту.</p>	2	2	2
<p>Менеджмент</p> <p>Менеджментке кіріспе: негізгі ұғымдар. Басқару процесінің функциялары, принциптері және элементтері. Менеджмент эволюциясы: менеджменттің пайда болу шарттары мен алғышарттары, менеджмент мектептері. Қазақстандық менеджмент ерекшеліктері. Менеджменттегі интеграциялық процестер. Менеджмент жүйесі: функциялары мен ұйымдық құрылымы. Жоспарлау, SWOT-талдау және менеджменттегі болжам. Басқару процестері: мақсатты тұжырымдау және жағдайды бағалау, басқару шешімдерін қабылдау. Менеджмент механизмі:</p>	1	1	

<p>басқару тәсілдері мен әдістері. Менеджменте диверсификациясы, тиімді басқарудың баламасының типологиясы және таңдау. Адами ресурстарды басқару. Менеджердің жеке тұлғасы. Жетекшілік ету және басқару стилі. Топ динамикасы және дауларды шешу. Басқару ресурстары, сапасы және тиімділігі. Басқаруды ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесі.</p>			
<p>Педагогика Педагогиканың жалпы негіздері: негізгі ұғымдар, әдіснама, объектілері және даму тарихы. Жоғары білім педагогикасы. Қазіргі таңдағы жоғары білімнің негізгі даму бағыттары мен үрдістері. Білім берудің жаңа үлгісі. Қазақстан Республикасындағы жоғары білім: реформалаудың негізгі кезеңдері, әлемдік білім кеңістігіне интеграциялану. Педагогикалық қызметтің мәні және құрылымы. Оқытушы тұлғасы, кәсіби қабілеті және құзыреттілігі. Жоғары мектепте оқыту теориясы (дидактика): кәсіптік оқытудың мәні мен құрылымы, оқытудың қозғаушы күштері мен принциптері, оқу процесінің мазмұны және оны ұйымдастыру. Жоғары мектептегі тәрбие жұмысы: мәні және негізгі бағыттары. Жетекшілік. Білім берудің заманауи технологиялары. Оқудың белсенді формалары мен әдістері. Оқу процесін оқытудың кредиттік жүйесі негізінде ұйымдастыру: СӨЖ-ді, педагогикалық бақылауды ұйымдастыру, оқу-әдістемелік материалдарды құрастыру. Білім сапасының менеджмент жүйесі.</p>		2	
<p>Психология Жоғары мектеп психологиясының мәні мен міндеттері. Білім беру және ақпараттық ортаның психологиясы. Әлеуметтік психология. Психологиялық әдістер және заманауи жағдайларда оқыту тиімділігі мен сапасын арттыру құралдары. ЖОО оқытушысының кәсібилігі және психологиясы. Қазіргі студенттің психологиялық портреті. Оқыту процесінің психологиялық құрылымының динамикалық сипаттамасы. Оқыту процесінде студенттің танымдық қызметінің психологиясы. Даулы жағдайларда оқу процесін басқарудың интеллектуалдық функцияларын дамыту. Педагогикалық қарым қатынас және педагогикалық әсер ету психологиясы. Ғылыми-педагогикалық ұжымды қалыптастыру мен дамытудың психологиялық ерекшеліктері. ЖОО психологиялық қызметі. Жеке тұлғаның психологиялық диагностикасы. Педагогикалық қызметтің психологиялық профилактикасы.</p>	2	2	2
<p>Биостатистика Биостатистикаға кіріспе. Ықтимал теориясының негізгі ұғымдары. Жиынтық параметрлерін бағалау. Статистикалық жиынтықты салыстыру әдістері. Сапалық және сандық белгілері арасындағы өзара байланысты зерделеу. Дисперсиялық талдау негіздері. Параметрлік және параметрлік емес критерийлер. Стандарттау әдісі, оның мәні және қолдану. Корреляциялық талдау. Статистикалық зерттеулердегі графикалық бейнелеу. Статистикалық материалды өңдеуде компьютерлік технологияларды пайдалану. Медициналық-биологиялық экспериментте өлшем шәкілдерін қолдану. Агрегирленген бағалау. Кешенді бағалау. Мақалалар мен диссертациялық</p>	1		2

зерттеулерде статистикалық әдістердің қолданылуын талдау. Стандарттау әдістеру, оның мәні мен қолданылуы. Халық денсаулығының статистикасы. Денсаулық сақтау жүйесінің статистикасы. Медицина-биологиялық зерттеулер статистикасы.		1	
Биоэтика негіздері Биоэтикаға кіріспе. Адамның қатысумен жүргізілетін биомедициналық зерттеулерді этикалық тұрғыдан және құқықтық қамтамасыз ету. Адамның қатысуымен жүргізілетін биомедициналық зерттеулердің этикалық нормаларын реттейтін құжаттар. Халықаралық нормативтік актілер. Этика жөніндегі Комитетті құру және оның қызметі. Стандартты операциялық емшаралар. Дәрілік препараттарға клиникалық зерттеу жүргізу фазалары. Зерттеу дизайны және биомедициналық зерттеу жүргізу әдістемесін этикалық тұрғыдан бағалау. Этикалық сараптамны құжатпен ресімдеу. Клиникалық сынақ жүргізудің негізгі принциптері. Хабардар етілген келісім. Биомедициналық зерттеулерге қатысушыларды сақтандыру арқылы қорғау мәселелері. Халықтың ерекше осал топтары. Биомодельдерде және зертханалық жануарларда зерттеу жүргізу .	1		2
МК барлығы	6	7	12
Таңдау компоненті	2	3	8
БП барлығы	8	10	20
Бейіндеуші пәндер (БП):			
Міндетті компонент (МК):			
Клиникалық эпидемиология және дәлелді медицина Клиникалық эпидемиология ғылым ретінде. Негізгі терминдер мен ұғымдар. Эпидемиологиялық зерттеулер деректерін өңдеу және талдау. Эпидемиологияға себеп-салдар байланыс. Инфекциялық ауруларды зерделеу мен бақылау. Эпидемиологиялық зерттеп-қарау. Инфекциялық және инфекциялы емес аурулармен күрес. Тәуекел және этиология факторлары мен созылмалы аурулардың әлеуметтік-экономикалық салдары. Созылмалы аурулар және жаңа қоғамдық денсаулық сақтау. Дәлелді медицина терминологиясы, құралдары мен әдістері. Дәйекті көздер мен ресурстардың медициналық ақпаратын іздеу әдіснамасы. Дәлелді медицина тұрғысынан медициналық жриялымдарды талдау. Дәлелді медицинадағы сапалық және сандық зерттеулер әдістері. Дәлелді медицинадағы зерттеулердің сатысы. Медициналық клиникалық зерттеу дизайны. Жүйелі шолулар мен мета-талдауларды сыни бағалау. Клиникалық шешімді қабылдау процесі. Клиникалық нұсқауларды және зерттеулерді әзірлеу және бағалау. Дәлелдену деңгейі.	1	2	2
Фармациядағы менеджмент пен маркетинг Фармациялық менеджментке кіріспе. Басқару теориясы. Басқару жүйесі. Фармация саласында мемлекеттік реттеу негізі. Ұйымдастыру үлгісі. Фармацияда стратегиялық басқару. Менеджмент дәріханалық құралдарды ретінде басқару. Жетекшілік және дәріханалық ұйым. Басқару стильдері. Фармацияда шешімдерді қабылдау үлгісі және әдістері. Кадрлық басқару, кадрлық менеджмент. Фармацевтикалық қызметті сапалы басқару. Шешім қабылдау үдерісі.	1		2

Фармацевтикалық ұйымда іс жүргізу негізі. Фармацевтикалық маркетинг. Маркетингті басқару үдерісі. Дәрілік препаратқа қажеттілік болжамы. Фармацевтикалық ұйымның тауарлық саясаты. Фармацевтикалық қызметті ақпаратпен қамтамасыз ету.		2	
Фармация бойынша сабақ беру әдіснамасының негіздері Фармацевтикалық білім беру міндеттері. Бұрынғы алған білімін жандандыру тәсілдері. Оқыту стильдері. Оқыту әдістері. Жеке білім беру траекториясын әзірлеу. Шағын топтармен жұмыс тәртібі мен әдістері. Топтың проблемалы мүшелері. Проблемаға бағытталған оқыту. Жобаға бағытталған оқыту. Командаға бағытталған оқыту. Зерттеуден негізделген оқыту. Кері байланыс әдістері. Білімді, машықты, қарым-қатынасты, біліктілікті және практикалық жұмысты бағалау әдістері. Негізгі және клиникалық пәндер бойынша жазбаша тест сұрақтарын құру. Клиникалық пәндерден сабақ беру ерекшелігі. Объективті құрылымды клиникалық емтихан (ОҚКЕ). Стандартталған пациент. Дәрігерлердің дипломнан кейінгі және үздіксіз кәсіптік дамуын ұйымдастыру принциптері. Ересектерді оқыту ерекшелігі. Өздігінен білім алу.			2
Фармациядағы ғылыми зерттеулер әдістерінің негіздері Ғылыми зерттеу саласында ұлттық халықаралық құқық негіздері : QPBR, GLR, GLR, GCLP және басқалары. Медицинадағы ғылыми зерттеулер. Қаржыладыру көзі бойынша ғылыми және зерттеулер бағдарламалары. Гранттарды тарту мен іздеу. Ғылыми жобалар мен грант өтінімдерін жазу. Зерттеу әдінамасы. Сипаттау және талдау зерттеуі. Жүйелі шолу. Мета-талдау. Ақпарат жинау. Деректерді өңдеу. Зерттеу талдау және тұжырымдар мен қысынарды қалыптастыру. ҒЗЖ нәтижелерін енгізу. Зияткерлік құқықты қорғау (патент беру). Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ресімдеудің жалпы талаптар мен қағидалары. Ғылыми-зерттеу жұмысын рецензиялау. Басылымдарда жариялануға ғылыми материалдарды дайындау. Рецензиясы бар журналдарда жариялану. Мақала жазудың жалпы қағидалары. Әдістемелік сапасын бағалау. Ғылыми зерттеу қателерінің негізгі түрлері. Ғылыми зерттеу нәтижелерін практикаға және денсаулық сақтау саясатына енгізу механизмдері.			2
МК барлығы	2	4	8
Таңдау компоненті	8	22	14
БП барлығы	10	26	22
Теориялық оқыту бойынша барлығы	18	36	42
Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ):			
Практика (өндірістік) **	кемінде 2	кемінде 4	
Практика (педагогикалық, зерттеу) **			кемінде 6
Магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың экспериментті-зерттеу жұмысы (МЭЗЖ)	кемінде 4	кемінде 4	
Магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)			кемінде 7

ОҚТ барлығы	кемінде 6	кемінде 8	кемінде 13
Қорытынды аттестаттау (ҚА)			
Кешенді емтихан (КЕ)	1	1	1
Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау (МДРҚ)	3	3	3
ҚА барлығы	4	4	4
Жиыны	кемінде 28	кемінде 48	кемінде 59
<p>Ескертпе:</p> <p>*Оқу ұзақтығы мамандықтар мен магистранттардың алдыңғы дайындық деңгейіне байланысты осы Стандарт бойынша анықталады.</p> <p>** Практикаға бөлінетін кредиттер саны жалпы еңбек сыйымдылығының көлеміне кірмейді . Қажет болған жағдайда ЖОО практикаға бөлінген кредит санын ұлғайтады.</p>			

	<p>Фармацевтикалық мамандықтар бойынша магистратураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына 3-қосымша</p>
--	--

Бейінді магистратураны бітірген және педагогикалық қызметке рұқсат алуға ниет білдірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасының мазмұны

№	Пән және қызмет түрлерінің атауы	Кредиттер көлемі
1	Базалық пәндер (БП)	
1.1	Міндетті компонент:	
	Ғылым тарихы мен философиясы	2
	Педагогика	3
1.2	Таңдау компоненті	2
	Теориялық оқыту жиыны	7
2	Практика (педагогикалық)	кемінде 3*

* Практикаға бөлінетін кредиттер саны жалпы еңбек сыйымдылығының көлеміне кірмейді. Қажет болған жағдайда ЖОО практикаға бөлінген кредит санын ұлғайтады.

	<p>Фармацевтикалық мамандықтар бойынша магистратураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына 4-қосымша</p>
--	--

Ғылыми және педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасының компоненттерін бөлу нормасы

№	Қызмет түрлері	Оның ішінде		Орташа апталық
		аудиториялық , оқытушымен		

		Кредит саны	Апта саны *	Жалпы сағат саны	байланыстағы сағаттар	МӨЖ	жүктеме *****
1	Теориялық оқыту (1:2)	42	45	1890	630	1260	52,0
2	Магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың теориялық оқытудан қол үзбей ғылыми-зерттеу жұмысы (1:7) **	3	7	360	45	315	51,4
	Магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (1:7) **	4	9	480	60	420	53,3
3	Қорытынды аттестаттау (1:6)	4	8	420	60	360	52,5
	Жиыны	53	69	3150	795	2355	

Практика

4	Теоретикалық оқудан қол үзбей жүргізілетін педагогикалық, (1:1) ***	3	3	90	45	45	30,0
5	зерттеу (1:7)	3	12	360	45	315	30,0
6	Демалыстар ****		7				
7	Емтихан сессиясы		9				
	Барлығы	59	100	3600	885	2715	

Ескертпе:

* Қызмет түрлері бойынша апта саны өзгереді, бұл ретте магистранттың орташа апталық жүктемесі 53,3 сағаттан аспайды.

** Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының 3 кредиті оқыту процесінен қол үзбей теориялық оқытумен қатар жоспарланады (әрбір семестрге 1 кредиттен).

*** Педагогикалық практика екінші және үшінші семестрде (барлық 3 кредит) оқыту процесінен қол үзбей теориялық оқытумен қатар жоспарланады.

**** Жазғы семестр, оқытудың қосымша түрлері демалыс есебінен немесе академиялық күнтізбе бойынша жеке жоспарланады.

***** Қызметтің әртүрімен қатар жоспарлаған жағдайда осы қызмет түрлері бойынша апталық жүктеме азайтылып, тиісінше олардың апта саны артуы тиіс, осылайша магистранттың орташа апталық жүктемесі 53,3 сағаттан аспауы қажет.

	Фармацевтикалық мамандықтар бойынша магистратураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына 5-қосымша
--	---

Оқу мерзімі 1 жыл болатын бейінді магистратураның білім беру бағдарламасының компоненттерін бөлу нормасы

№ Қызмет түрлері	Кре-дит саны	Апта саны *	Жалпы сағат саны	Оның ішінде		Орташа апталық жүктеме ****
				аудиториялық, оқытушымен байланыстағы сағаттар	МӨЖ	

1	Теориялық оқыту (1:2)	18	15	810	270	540	54,0
2	Магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың эксперименталды-зерттеу жұмысы (1:7) **	4	9	480	60	420	53,3
3	Қорытынды аттестаттау (1:6)	4	8	420	60	360	52,5
	Жиыны	26	32	1710	390	1320	
4	Практика (өндірістік) (1:4)	2	5	150	30	120	30,0
5	Демалыс ***		4				
6	Емтихан сессиясы		3				
	Барлығы	28	44	1860	420	1440	

Ескертпе:

* Қызмет түрлері бойынша апта саны өзгереді, бұл ретте магистранттың орташа апталық жүктемесі 54,0 сағаттан аспауы тиіс.

** Магистранттың эксперименталды-зерттеу жұмысы оқыту басынан бастап жоспарлаған дұрыс және теориялық оқытумен немесе өндірістік практикамен қатар өткізуге болады.

*** Оқытудың қосымша түрлері демалыс есебінен немесе академиялық күнтізбе бойынша бөлек жоспарланады.

**** Қызметтің әртүрімен қатар жоспарлаған жағдайда осы қызмет түрлері бойынша апталық жүктеме азайтылып, тиісінше олардың апта саны артуы тиіс, магистранттың орташа апталық жүктемесі 54,0 сағаттан аспауы тиіс.

Фармацевтикалық мамандықтар бойынша магистратураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына 6-қосымша

Оқу мерзімі 1,5 жыл бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасының компоненттерін бөлу нормасы

№	Қызмет түрлері	Кредит саны	Апта саны *	Жалпы сағат саны	Оның ішінде		Орташа апталық жүктеме ****
					аудиториялық, оқытушымен байланыстағы сағаттар	МӨЖ	
1	Теориялық оқыту (1:2)	36	30	1620	540	1080	54,0
2	Магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың эксперименталды-зерттеу жұмысы (1:7) **	4	9	480	60	420	53,3
3	Қорытынды аттестаттау (1:6)	4	8	420	60	360	52,5
	Барлығы	44	47	2520	660	1860	
4	Практика (өндірістік) (1:4)	4	10	300	60	240	30,0
5	Демалыс ***		7				
6	Емтихан сессиясы		6				
	Барлығы	48	70	2820	720	2100	

Ескертпе:

* Қызмет түрлеріне байланысты апта саны өзгеруі мүмкін, бірақ магистранттың орташа апталық жүктемесі 54,0 сағаттан аспауы тиіс.

** Магистранттың эксперименталды-зерттеу жұмысы оқытудың басынан бастап жоспарлаған дұрыс және теориялық оқытумен немесе өндірістік практикамен қатар өткізген дұрыс.

*** Жазғы семестр, оқытудың қосымша түрлері демалыс есебінен немесе академиялық күнтізбе бойынша жеке жоспарланады.

**** Қызметтің әр түрін қатар жоспарлаған жағдайда осы қызмет түрлері бойынша апталық жүктеме азайтылып тиісінше олардың апта саны артуы тиіс, бірақ магистранттың орташа апталық жүктемесі 54,0 сағаттан аспауы қажет.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрінің м.а.
2015 жылғы 31 шілдедегі
№ 647 бұйрығына 5-қосымша

Медициналық мамандықтар бойынша резидентураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Осы медициналық мамандықтар бойынша резидентураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі - Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 175-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және резидентура тыңдаушыларының білім беру бағдарламаларының мазмұнына, білім траекториясына, білім беру құрылымы мен мазмұнына, олардың даярлық деңгейін белгілейді.

Осы стандартта терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік - білім туралы құжатта көрсетілген кәсіптік қызметті орындау немесе білім алуды жалғастыруға резидентура түлегінің кәсіби даярлығының дәрежесі мен түрі;

2) жетекші - резидентура тыңдаушыларына бекітілген, академиялық тәлімгердің қызметтерін атқаратын, жеке оқу жоспарын жүзеге асыруға және қалыптастыруға қатысатын, білім алушылардың ғылыми қызметтері мен білім беруші жетекшілігін жүзеге асыратын, жұмысқа орналасуға жәрдемдесетін тұлға. Жетекші кафедраның (бөлімнің) профессорлық-оқытушылық құрамынан немесе бірінші және жоғары санаттағы білікті практикалық денсаулық сақтау қызметкерлерінен тағайындалады;

3) клиникалық тәлімгер - резидентура тыңдаушыларына қажетті практикалық дағдыларды меңгертуге бекітілген кафедраның (бөлімнің) профессорлық - оқытушылық құрамынан немесе бірінші және жоғары санаттағы білікті практикалық денсаулық сақтау қызметкерлерінен тағайындалатын тұлға;

4) кредит (Credit, Credit-hour) - білім алушының/оқытушының оқу жұмысы көлемін өлшейтін сәйкестендірілген бірлігі;

5) құзыреттер - студенттердің оқыту процесі кезінде алған білім, шеберлік және дағдысын кәсіптік қызметте практикалық тұрғыдан қолдана білу қабілеті;

6) мамандық - білім туралы тиісті құжатпен расталған белгілі бір қызмет түрін анықтау үшін қажетті мақсатты бағыталған даярлығы және жұмыс тәжірибесі, білімі, іскерлігі мен дағды жолымен алынған кешен;

7) оқытушы - резидентура тыңдаушыларына қажетті практикалық дағдыларды меңгертуге бекітілген, кафедраның (бөлімнің) профессорлық-оқытушылық құрамнан тағайындалатын және резидентурада даярлықты жүзеге асыратын тұлға;

8) постреквизиттер - аталған пәнді оқыту аяқталғанда оларды зерделеу үшін меңгерілген білім, икемділіктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер;

9) пререквизиттер - оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер;

10) резидентура - клиникалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі тереңдетілген медициналық білім алу нысаны;

11) резидентура тыңдаушысы - резидентураның білім беру бағдарламасын меңгерген маман.

2. Резидентураның білім беру бағдарламаларын ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, резидентураның тиісті мамандықтары бойынша білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиясы бар медициналық білім беру және ғылыми ұйымдары іске асырады.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылыми медициналық ұйымдары (бұдан әрі - ұйымдар) :

1) салалық біліктілік шеңбері;

2) осы Стандартқа, үлгілік кәсіби оқу бағдарламасына және үлгілік оқу жоспарына;

3) жұмыс оқу жоспарына;

4) академиялық күнтізбеге;

5) резидентура тыңдаушыларының жеке оқу жоспарына сәйкес резидентура тыңдаушыларын даярлауды жүзеге асырады.

4. Резидентурада оқыту ұзақтығы таңдаған мамандығына байланысты 2 жылдан бастап 4 жылға дейінгі уақытты құрайды.

5. Резидентурада білім алу тек күндізгі оқу нысанында жүзеге асырылады.

6. Осы Стандартты қолдану мынадай мақсаттарға қол жеткізуді көздейді:

1) резидентура тыңдаушыларының даярлық деңгейіне және білім және ғылыми медициналық ұйымдардың білім беру қызметтеріне қойылатын міндетті талаптары есебінен білім беру сапасының кепілдігін қамтасыз ету;

2) білім беру қызметі субъектілерінің құқықтарын реттеу;

3) резидентура тыңдаушылары даярлығының объективтілігі мен бағалау хабардарлығын және білім беру бағдарламасының сапасын арттыру;

4) резидентура тыңдаушыларының академиялық ұтқырлығы үшін жағдай жасау;

5) Қазақстанның бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыруды қамтамасыз ету.

7. Резидентура мамандықтарының үлгілік оқу жоспарлары осы Стандарт ережелеріне сәйкес резидентураның білім беру бағдарламаларының құрылымына, көлеміне және мазмұнына, оқытудың нормативтік мерзімдеріне және резидентура тыңдаушыларының даярлық қойылатын талаптар жиынтығын белгілейді.

8. Резидентура мамандықтары шеңберінде білім және ғылыми медициналық ұйымдар 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес кәсіби стандарттарына сәйкес әртүрлі білім беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді.

Білім беру бағдарламалары оқыту нәтижесіне бағдарланған.

2. Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар

9. Білім алу нәтижелері барлық білім беру бағдарламалар деңгейінде, модуль деңгейінде, жеке пән ретінде қалыптастырылады және мынадай қабілеттілікті болжайды:

1) практикалық қызмет және ғылыми зерттеулер контекстінде бірегей даму немесе пікірді қолдану үшін негіз және мүмкіндік болып табылатын базалық және жоғары медициналық білім беру деңгейінде алынған дамушы білімі мен түсінігін демонстрациялау;

2) зерделенетін саламен байланысты анағұрлым кең сала контекстінде және шеңберінде білімді қолдану, түсіну және қабілеті;

3) білімді интеграциялау, қиындықты еңсере білу және осы пайымдау мен білімін қолдануға этикалық және әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып қиындықтарды еңсереді және пайымдаулар жасауға;

4) өз бетінше оқытуды жалғастыру.

10. Резидентура түлектерінің негізгі құзыреттілігіне қойылатын талаптар үлгілік кәсіби оқу бағдарламаларымен айқындалады.

11. Міндетті ең төмен шеңберінде меңгерілген құзыреттілік деңгейі мен денсаулық сақтау саласындағы білім және ғылыми ұйымдары ұсынған оқу жүктемесінің көлемі бақылаудың әртүрлерімен (емтихан, аралық аттестаттау, қорытынды аттестаттау) қамтамасыз етіледі.

12. Резидентура тыңдаушыларының оқу жетістіктерін бақылау және олардың оқу пәндері немесе модуль бойынша білімдерін бағалау оқытудың қорытынды нәтижелеріне және меңгерген құзыретіне бағдарланған. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау нысандарын ұйым өзі айқындайды.

13. Резидентураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуын бітірген тұлғалар сәйкестендірілген мамандық бойынша дәрігер біліктілігі тағайындалады және оларға мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

3. Үлгілік бағдарлама мазмұнына қойылатын талаптар

14. Резидентураның білім беру бағдарламасының құрылымы білім беру мазмұнын айқындайтын және оның арақатынасын, өлшемдері мен есепке алуды айқындайтын оқу және клиникалық жұмыстарының әртүрінен қалыптасады.

15. Білім беру бағдарламаларын іске асыру мамандықтар мен пәндердің оқу-әдістемелік кешені негізінде жүзеге асырылады. Мамандықтар мен пәндердің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу нысаны, құрылымы мен тәртібі ұйымы өзі айқындайды.

16. Барлық жұмыс түрлерінің еңбек сыйымдылығын есепке алу меңгерілген материалдар көлемі бойынша жүзеге асырылады, академиялық сағаттарда немесе кредиттерде өлшенеді. Бір кредит оқудың нақты нәтижелеріне қол жеткізуге қажетті резидентура тыңдаушылары мен оқытушыларының еңбек сыйымдылығының өлшем бірліктері болып табылатын 45 академиялық сағатқа тең.

17. Резидентураның тиісті білім беру бағдарламасын меңгертуге қажетті пререквизиттер тізбесін ұйым өзі белгілейді.

18. Резидентураның оқу жоспарларының барлық түрлерінде оқу пәндерін бірыңғай кодтау жүйесі пайдаланылады.

19. Әрбір оқу пәнінің қайталанбайтын бір атауы болуы тиіс. Пән аяқталған соң резидентура тыңдаушылары ұйым өзі айқындайтын нысанындағы қорытынды бақылауды тапсырады.

20. Резидентураның білім беру бағдарламалары пәндерді оқудың модульді жүйесі негізінде жобаланады.

21. Міндетті компонент пәндерінің тізбесі осы бұйрыққа 8-қосымша медициналық мамандықтар бойынша резидентураның үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасының 2- 51-қосымшаларда келтірілген үлгілік оқу жоспарымен айқындалады. Міндетті компонент пәндерінің көлемін қысқартуға жол берілмейді.

22. Таңдау компоненті пәндерінің тізбесін ұйым өз бетінше айқындайды. Бұл ретте еңбек нарығының сұранысы және жұмыс берушілердің қажеттілігі ескеріледі.

23. Резидентура білім беру бағдарламасының мазмұны осы Стандартқа қосымшаға сәйкес белгіленеді.

24. Резидентурада оқу мемлекеттік және орыс тілінде жүзеге асырылады. Резидентура тыңдаушысы резидентураға құжат тапсыру кезінде оқу тілін өзі таңдайды.

25. Білім беру қызметтерін ұйымдастыру, оқу үрдісін жоспарлау, білім мазмұны, оқу пәндерін жүргізу тәсілдерін таңдау, резидентура тыңдаушыларының өздік жұмысы, олардың оқу жетістіктерін қорытынды бақылау арқылы жүзеге асырылады.

26. Білім беру мазмұнының құрылымы осы белгіленген стандарт пен үлгілік оқу бағдарламаларына, білім берудің есептеу-өлшеу құралдарына: оқу жоспары мен бағдарламаларына, оқу жүктемесінің көлеміне, академиялық кезеңдер ұзақтығына, академиялық сабақ түрлеріне, оқу материалының көлеміне және т.б. қойылатын талаптарға сәйкес айқындалады.

27. Білім беру қызметтерін жоспарлау және ұйымдастыру оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

Оқу жоспарлары үлгілік (бұдан әрі - ҮОЖ), жеке (бұдан әрі - Жеке ОЖ) және жұмыс (бұдан әрі - ЖОЖ) болып бөлінеді.

28. ҮОЖ-да әрбір міндетті оқу пәндері компонентінің еңбек сыйымдылығы және академиялық сағаттарда/сынақтық бірліктерде әртүрлі оқу қызметтері, емтихандар анықталады, ал жалпы академиялық сағаттар/сынақтық бірліктер таңдау компоненті бойынша әрбір оқу пәндерінің циклы бойынша көрсетіледі.

29. ҮОЖ-ге қосымша жыл сайын ұйым таңдау компоненттері бойынша барлық пәндердің жүйелі аннотацияланған тізбесі болып табылатын элективті пәндер каталогы (бұдан әрі - ЭПК) дайындалады.

ЭПК-де әрбір оқу пәндерінің пререквизиттері және постреквизиттері көрсетіледі. ЭПК резидентура тыңдаушыларының элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

30. ҮОЖ мен ЭПК негізінде резидентура тыңдаушысы жетекшінің көмегімен ЖОБ жасайды. ЖОБ резидентураның әрбір тыңдаушысының жеке білім траекториясын айқындайды.

ЖОБ-на міндетті компонент пәндері, оқу қызметінің түрлері және ЭПК-ден таңдау компоненттерінің пәндері қосылады.

31. ЖОЖ мамандықтардың ҮОЖ және резидентура тыңдаушыларының ЖОЖ-ның негізінде әзірленеді және алқалық орган шешімінің негізінде ұйым басшысы бекітеді.

ҮОЖ-да оқу жылына пәндер тізбесі, олардың академиялық сағаттарда (кредиттердегі) еңбек сыйымдылығы, зерделеу тәртібі, оқу сабақтарының түрлері мен бақылау нысандары, сондай-ақ оқу қызметінің басқа да түрлері айқындалады.

Сабақ кестелерін және профессорлық-оқытушы құрамның (бұдан әрі - ПОҚ) еңбек сыйымдылығын есептеу үшін ҮОЖ негіз болып табылады.

32. ЭПК, Жеке ОЖ және ЖОЖ әзірлеу нысанын, құрылымын, тәртібін және оны бекітуді ұйым өзі айқындайды.

33. Резидентура мамандықтарының барлық оқу пәндерінің мазмұны силлабустарда белгіленеді.

34. Силлабустар (резидентура тыңдаушылары үшін пән бағдарламалары) оқу жоспарының барлық пәндері бойынша әзірленеді және білім беру ұйымы бекітеді. Силлабустарды әзірлеу нысанын, құрылымы мен тәртібін және оны бекітуді ұйым өзі айқындайды.

35. Резидентура тыңдаушысы жетекшінің жетекшілігімен құрылатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды.

36. Резидентура тыңдаушысының жеке жұмыс жоспары барлық оқу кезеңіне құрылады.

4. Білім алушылардың оқу жүктемесіне қойылатын талаптар

37. Резидентура тыңдаушысының оқу жүктемесінің көлемі әрбір пән бойынша оқу жылы ішінде оны меңгерген академиялық сағаттармен (бірліктермен) өлшенеді.

38. ПОҚ оқу жүктемесін жоспарлау сабақ кестесі бойынша оқу сабақтарында оқытушының резидентура тыңдаушысымен ұсынатын байланыс жұмысы кезінде академиялық сағаттарда жүзеге асырылады.

39. Резидентура тыңдаушысы орындайтын өздік жұмыс көлемі оқытушының (клиникалық тәлімгердің) жетекшілігімен резидентура тыңдаушысының өздік жұмысына және (бұдан әрі - РӨӨЖ) резидентура тыңдаушысының толық өз бетінше орындайтын жұмысы (бұдан әрі - РӨЖ) екі түрге бөлінеді.

РӨӨЖ резидентура тыңдаушысы оқытушымен/тәлімгермен байланыста орындалайтын аудиториядан тыс жұмыс түрі болып табылады.

РӨӨЖ мен РӨЖ арасындағы арақатынас өздік жұмыстың жалпы көлемінде ұйым өзі айқындайды.

40. Резидентурада оқу жылы академиялық кезеңнен, аралық аттестаттау кезеңінен, демалыс және соңғы курста - қорытынды аттестаттаудан тұрады.

41. Академиялық кезең ұзақтығын ұйым өзі айқындайды.

42. Әрбір академиялық кезеңнен кейін аралық аттестаттау ұзақтығы 1 аптадан аспайтын уақытты құрайды.

43. Оқу жылы ішіндегі демалыс ұзақтығы бітіруші курстарды қоспағанда кемінде 7 аптаны құрайды.

44. Бітіруші курсты қоспағанда, қосымша оқыту қажеттілігін қанағаттандыру, академиялық қарызды немесе оқу жоспарындағы айырмашылықтарды жою, оқу пәндерін меңгеру және басқа білім және ғылыми ұйымдарда резидентура тыңдаушысының кредитті меңгеру үшін міндетті түрде өзінің ұйымында міндетті қайта сынақ тапсырумен кемінде 6 апта ұзақтығымен жазғы семестр енгізуге жол беріледі.

45. Ұйым алынған лицензияға сәйкес резидентурада оқу процесін ұйымдастырады және білім беру қызметтерін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары сақталуы тиіс.

46. Денсаулық сақтау саласындағы медициналық білім және ғылыми медициналық ұйымының оқытушысы оқу жоспарларының және оқу бағдарламаларының талаптарының сақталуы жағдайында оқыту сабақтарын, оқыту әдістерін ұйымдастыру және өткізу тәсілдері мен нысандарын еркін таңдай алады.

	Медициналық мамандықтар бойынша резидентураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына қосымша
--	--

Резидентурада білім беру бағдарламасының мазмұны

р/с №	Пән атауы және қызмет түрлері	Академиялық сағаттар көлемі/сынақтық бірліктер		
		2 оқу жылы	3 оқу жылы	4 оқу жылы
		академиялық сағаттар/ сынақтық бірліктер		
1	Міндетті компонент (МК)	3645/81	5400/120	7155/159
1)	Базалық пәндер (БП):	360/8	360/8	360/8
МКБП	Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау	90/2	90/2	90/2
МКБП	Денсаулық сақтау статистикасы	90/2	90/2	90/2
МКБП	Ғылыми зерттеулер менеджменті	90/2	90/2	90/2
МКБП	Дәлелді медицина	90/2	90/2	90/2
2)	Бейіндеуші пәндер (БП)	3285/73	5040/112	6795/151
2	Таңдау компоненті (ТК)	225/5	450/10	675/15
3	Аралық аттестаттау (АА)*	90/2	135/3	180/4
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)*	135/3	135/3	135/3
5	Жиыны	4095/91	6120/136	8145/181

Ескертпе: * Аралық және қорытынды аттестаттауға бөлінген академиялық сағаттар (апталардың) саны жалпы еңбек сыйымдылығына кірмейді.

	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығына 5-1-қосымша
--	---

Фармацевтикалық мамандық бойынша бакалавриаттың мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты

Ескерту. Бұйрық 5-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 29.07.2016 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы 5В110300 – "Фармация" мамандығы бойынша бакалавриаттың мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты (бұдан әрі – МЖМБС) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 175-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және меншік нысаны мен түріне қарамастан жоғары оқу орнында (бұдан әрі – ЖОО) білім алушылардың даярлық деңгейіне, білім беру мазмұнына, білім алушылардың оқу жүктемесінің барынша көлеміне қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы МЖМБС-та мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік сипаттамасы – денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласында кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, шеберлік және дағдылар;

2) біліктілік талаптары – денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласында кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, шеберлік және дағдылар;

3) дипломдық жұмыс (жоба) – студенттің тиісті саланың өзекті проблемаларының өз бетінше зерделеу нәтижелерін жинақтауы болып табылатын қорытынды жұмысы;

4) жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) – үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен студенттің әр оқу жылына арнап өзі құрастыратын оқу жоспары;

5) жоғарғы фармацевтикалық білім – тиісті мамандық бойынша біліктілік бере отырып, мамандар даярлауға бағытталған жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасы;

6) кәсіптік құзыреттер – денсаулық сақтау жүйесіндегі кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, шеберлік және дағдылар;

7) міндетті компонент (бұдан әрі – МК) – үлгілік оқу жоспарында белгіленген және білім беру бағдарламасы бойынша студенттер міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және тиісті кредиттердің ең аз көлемінің тізбесі;

8) оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) – білім беру ұйымының өз бетінше үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрастыратын оқу құжаты;

9) тіркеу бөлімі – білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімін бақылаудың барлық түрлерін және оның академиялық рейтингісіне есеп жасауды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін академиялық қызмет;

10) таңдау бойынша компонент – жоғары оқу орны ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін есепке ала отырып кез келген академиялық кезеңде студенттердің өздері таңдай алатын оқу пәндерінің және тиісті кредиттердің (немесе академиялық сағаттардың) ең аз көлемінің тізбесі;

11) транскрипт (Transcript) – білімді бағалаудың сандық және әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің тізбесі бар құжат;

12) үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – ҮОБ) – оқу мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын және денсаулық саласындағы уәкілетті орган бекітетін мамандықтың үлгілік оқу жоспарының міндетті компонентіндегі пәннің оқу құжаты;

13) үлгілік оқу жоспары (бұдан әрі – ҮОЖ) – Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуші мен МЖМБС негізінде әзірленетін, міндетті компонент пәндерінің тізбесі мен кредиттердің ең аз көлемін және практиканың, қорытынды аттестаттаудың барлық түрлерін көрсете отырып, пәндер циклі бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы мен көлемін регламенттейтін, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін оқу құжаты;

14) элективті пәндер каталогы (бұдан әрі – ЭПК) – зерттеу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдер) және зерттеуден күтілетін нәтижелерді (студенттердің алатын білімін, іскерлігін, дағдысы мен құзыреттерін) көрсете отырып, пәннің қысқаша сипаттамасын қамтитын таңдау компоненттері бойынша барлық пәндердің жүйеленген аннотацияланған тізбесі;

15) эдвайзер (Advisor) – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;

2. Фармацевтикалық мамандық бойынша бакалавриат оқу бағдарламасын меңгеруге ниет білдіргендердің алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар осы МЖМБС-ға 1-қосымшада ұсынылған.

3. Жоғары оқу орындары жоғарғы білімі бар мамандарды (дипломды мамандар) даярлауды:

1) 5В110300 – "Фармация" мамандығы бойынша МЖМБС және ҮОЖ;

- 2) академиялық күнтізбеге;
- 3) студенттердің ЖОЖ-на;
- 4) мамандық бойынша ОЖЖ-ға;
- 5) пәндер бойынша оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

4. МЖМБС:

1) МЖМБС 2-қосымшаға сәйкес міндетті компонент пәндері циклінің мазмұнын анықтайды;

2) оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне және білім алушыларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптарды айқындайды.

5. Осы МЖМБС қойылатын талаптар:

- 1) мамандық бойынша ҮОЖ;
- 2) білім беру бағдарламаларын;
- 3) мамандық бойынша ОЖЖ
- 4) студенттердің ЖОЖ;
- 5) пәндер бойынша оқу бағдарламаларын құрастыру кезінде ескеріледі.

2-бөлім. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

7. ЖОО-нда жоғарғы білім беру 5В110300 – "Фармация" мамандығы бойынша біліктілігін берумен кадрларды даярлауға бағытталған.

8. Жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП) циклі, базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер (бұдан әрі –БП) циклдері міндетті компонент және таңдау бойынша компонент пәндерін қамтиды. Таңдау компонентіне жоғары оқу орны компоненті кіреді.

9. МК пәндерінің тізбесі мен көлемі 5В110300 – "Фармация" мамандығы бойынша осы МЖМБС 3-қосымшаға сәйкес үлгілік оқу жоспарымен айқындалады. Жоғары білім және медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік білімнен кейінгі білім базасында жеделдетілген оқыту мерзімінде қысқартылған білім беру бағдарламалары ескеріледі.

10. Таңдау бойынша компонент нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі мен еңбек нарығының сұранысын, нақты жоғары оқу орнында қалыптасқан ғылыми мектепті, сондай-ақ білім алушының жеке қызығушылығын ескереді.

11. ЖБП циклінің көлемі үлгілік оқу жоспарындағы пәндердің жалпы көлемінен кемінде 20 % -дан аспайды немесе 28 кредитті құрайды. Олардың 21 кредиті міндетті компонент пәндеріне тиесілі : Қазақстанның қазіргі заман тарихы, философия, қазақ (орыс) тілі, шетел тілі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Таңдау компоненті ЖМК циклындағы пәндердің жалпы көлемінен кемінде 7 кредитті құрайды. Мамандықтарға байланысты жоғары оқу орындары өз бетінше мына пәндерді қосады: экология және тұрақты даму, саясаттану, әлеуметтану, экономика негіздері, құқық негіздері, тіршілік қауіпсіздігі негіздері.

12. ЖОО-да БП циклі пәндерінің көлемі ҮОЖ-дағы пәндердің жалпы көлемінің 55%-ын құрайды немесе 70 кредитті құрайды, олардың ішінде 20 кредит МК пәндеріне және 50 кредит ТК пәндеріне тиесілі.

13. БП цикліндегі міндетті компонентке әрбіреуі кемінде 2 кредит көлемінде "Кәсіби қазақ (орыс) тілі" және "Кәсіби бағытталған шет тілі" пәндері енгізіледі. Көрсетілген пәндер бірлесіп тілдік және тиісті мамандық бойынша бейінді кафедраларға жүктеледі.

14. Жоғарғы оқу орындарында бейіндеуші пәндер цикліндегі пәндер көлемі үлгілік оқу жоспарындағы пәндердің жалпы көлемінің 25%-ын немесе 32 кредитті құрайды, оның ішінде 5 кредит міндетті компонент пәндеріне және 27 кредит таңдау компоненті пәндеріне беріледі.

15. Оқытудың қосымша түрлері МК және ТК-нен тұрады. МК-тің жалпы көлемі кемінде 14 кредитті құрайды және көлемі 8 кредит "Дене шынықтыру" пәнінен және кемінде 6 кредит кәсіби практикадан тұрады.

16. Оқытудың қосымша түрлерінің МК-ін меңгеру мемлекеттік білім беру тапсырысы шегінде қамтамасыз етіледі.

17. "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)" топтары бойынша жекелеген мамандықтардың ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесінің аяқталғандығының негізгі өлшемшарты білім алушылардың теориялық оқудың 129-дан астам кредитін меңгеруі болуы мүмкін.

18. Білім беру қызметін ұйымдастыру оқу процесін, білім беру мазмұнын жоспарлау, оқу сабақтарын жүргізу тәсілдерін, студенттің өзіндік жұмысын, олардың оқу жетістіктерін қорытынды бақылау нысандарын таңдау арқылы жүзеге асырылады.

19. Үш тілде білім беру бағдарламасын енгізген жоғары оқу орындары білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды үш тілде: қазақ тілінде, орыс тілінде және ағылшын тілінде жүзеге асырады. Екі тілде білім беру бағдарламасын енгізген ЖОО-лар оқытуды екі тілде жүзеге асырады:

қазақ және орыс. Бұл ретте оқу пәндерінің оқыту тілінің пайыздық қатынасын жоғарғы оқу орны өзі шешуге құзіретті.

20. Дуальді оқыту элементтерін енгізген жоғары оқу орындары білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды теориялық оқыту мен өндірістегі практикалық дайындықты үйлестіру негізінде жүзеге асырады.

Бұл ретте пәннің оқу материалының 40 %-ына дейіні тікелей өндірісте (технологиялық процесс) меңгерілуі тиіс екені көзделген.

3-бөлім. Білім беру мазмұнына қойылатын талаптар

21. Жоғары білімнің мақсаты 5B110300 – "Фармация" мамандығы бойынша жұмыс жасау үшін білікті, бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауды қамтамасыз ету болып табылады

22. 5B110300 – "Фармация" мамандығы шеңберінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 117-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандарттарға сәйкес жоғарғы оқу орындары білім беру бағдарламаларын өз бетімен әзірлейді.

23. Оқу қызметін ұйымдастыру академиялық күнтізбе, оқу сабақтарының кестесі негізінде жүзеге асырылады. Оқу қызметінің құрылымы "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 43-тармағына сәйкес оқу жоспарларының (үлгілік, жеке, жұмысы) және кәсіптік оқу бағдарламаларының, оқу жүктемесі көлемінің, академиялық кезеңдер ұзақтығының, академиялық сабақ түрлерінің, оқу материалы көлемінің негізінде қалыптасады.

24. Білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыру оқу жоспарларының негізінде жүзеге асырылады.

Оқу жоспарлары Үлгілік қағидалардың 43-тармағына сәйкес ҮОБ, ЖОЖ және басқа да ОЖЖ-ға бөлінеді.

25. ҮОЖ осы МЖМБС негізінде 5B110300 – "Фармация" мамандығы бойынша әзірленеді.

ҮОЖ-да міндетті компоненттің әрбір оқу пәнінің еңбекті қажетсінуін және әрбір оқу қызметінің түрі (практика, мемлекеттік емтихандар, дипломдық жұмысты жазу және қорғау) кредитпен айқындалады, ал оқу пәндерінің әр циклі бойынша таңдау компоненті кредиттердің жалпы санымен көрсетіледі.

26. Жоғарғы оқу орны ҮОЖ-ға қосымша жыл сайын жоғары оқу орны таңдау компонентіндегі барлық пәндердің жүйеленген, аннотацияланған тізбесі болып табылатын элективті пәндер каталогын (ЭПК) әзірлейді. ЭПК-де әр оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі. ЭПК студенттерге элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

27. 5B110300 – "Фармация" мамандығы бойынша ҮОЖ мен ЭПК негізінде студент эдвайзердің көмегімен ЖОЖ құрады. ЖОЖ әрбір студенттің жеке білім алу траекториясын айқындайды.

ЖОЖ-ға ҮОЖ-дан міндетті компонент пәндері және оқу қызметінің түрлері (практикалар, мемлекеттік емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау) және ЭПК-дан таңдау компоненті пәндері кіреді.

28. 5B110300 – "Фармация" мамандығы бойынша ОЖЖ оқу жылына мамандықтардың ҮОЖ-ы мен студенттердің ЖОЖ-ы негізінде әзірленеді және оны ғылыми кеңестің шешімі негізінде білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

ОЖЖ-да оқу жылында оқытылатын пәндер тізбесі және олардың кредитпен еңбекті қажетсінуі, оқытылу реті, оқу сабақтарының түрлері мен бақылау нысандары, практика түрлері, мемлекеттік емтихандар, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау айқындалады.

29. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен (бұдан әрі – Ереже) бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру ережелерінің 15,16 және 19-тармақтарына сәйкес ЭПК, ЖОЖ және ОЖЖ-ның нысанын, құрылымын, әзірлеу және бекіту тәртібін жоғары оқу орны өзі айқындайды.

30. Ереженің 10-тармағына сәйкес үлгілік оқу бағдарламалары (ҮОБ) міндетті компонент пәндері бойынша әзірленеді және оларды білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

31. Барлық оқу пәндерінің мазмұны ҮОЖ және ЖОБ айқындалады.

32. Міндетті минимум мен жоғары оқу орны ұсынатын оқу жүктемесінің көлемі шеңберінде алынған білім деңгейі бақылаудың әртүрлі түрлері арқылы қамтамасыз етіледі.

33. Ереженің 64-тармағына сәйкес студенттердің оқу жетістіктерін бақылауды және олардың оқу пәндері немесе модульдер бойынша білімін бағалауды оқу процесінің межелік кезеңдерінде (әр академиялық кезең мен оқу жылы аяқталған кезде) Тіркеу (бөлім, сектор) кеңсесі ұйымдастырады және бақылау мен бағалау оқытудың қорытынды нәтижесіне бағытталуы тиіс.

34. Тіркеу кеңсесі білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихын есепке алады, ол Ереженің 2-қосымшасына сәйкес студенттердің белгіленген үлгідегі транскриптіңде көрсетіледі.

Транскрипт білім алушыға білім алудың кез келген кезеңінде оның жазбаша өтініші негізінде беріледі.

35. Бітірушілердің білімін, іскерлігін, дағдысын және құзыреттерін бақылау оларды қорытынды аттестаттау кезінде жүзеге асырылады.

36. Жоғары оқу орны бітірушілерін қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде және мамандықтардың оқу жоспарларында көзделген мерзімде өткізіледі.

37. Үлгілік қағидаларының 84-тармағына сәйкес қорытынды аттестаттаудың мақсаты бітірушінің теориялық деңгейін, қалыптасқан кәсіби құзыреттерін, кәсіптік мәселелерді шешуге дайындығын және оның дайындығының білім беру бағдарламасына сәйкестігін бағалау болып табылады.

38. Қорытынды аттестаттау мамандық бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау түрінде немесе мамандық бойынша және қосымша екі бейіндеуші пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру түрінде жүзеге асырылады.

Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау дипломдық жұмысты (жобаны) жазудан және қорғау рәсімінен тұрады. Бұл ретте дипломдық жұмыстың (жобаның) мақсаты – бітірушінің талдау және зерттеу қабілеттіліктерін анықтау және бағалау.

39. Жоғары оқу орны білім алушылардың теориялық дайындығының, оқу жетістіктерінің деңгейін, оқу нәтижелерін және зерттеу-талдау қабілеттерін ескере отырып, олардың қорытынды аттестаттау нысанын дербес айқындайды: мамандық бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау немесе мамандық бойынша және қосымша екі бейіндеуші пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру.

40. Білім беру мазмұнын жоспарлауды, оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу тәсілін жоғары оқу орны кредиттік оқыту технологиясы негізінде өз бетінше жүзеге асырады.

41. Оқу процесін жоспарлау кезінде жоғары оқу орны осы МЖМББС-ға 4-қосымшаға сәйкес " Фармация" мамандығы бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламасының компоненттерін бөлу нормаларын басшылыққа алады.

42. Білім беру бағдарламаларының құрылымы білім беру мазмұнын айқындайтын оқу жұмыстарының түрлерінен қалыптастырылады.

43. Білім беру бағдарламасы:

1) жалпы білім беретін, базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін меңгеруден тұратын теориялық оқытуды;

2) оқытудың қосымша түрлері – кәсіптік практиканың түрлерін, дене шынықтыруды, әскери дайындықты;

3) аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

Бұл ретте білім беру бағдарламалары модульді оқыту қағидаты бойынша құрылады.

44. Оқу жұмысының еңбекті қажетсінуін есепке алу оқытылатын материалдың көлемі бойынша жүзеге асырылады және оқытудың нақты нәтижелеріне қол жеткізуге қажетті студенттер мен оқытушылардың еңбек шығынының өлшем бірлігі болып табылатын кредиттермен өлшенеді.

Кредиттер білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерінің және (немесе) модульдерінің (элементтерінің) шартты "бағасын" көрсетеді. Жалпы еңбекті қажетсіну ұғымына лекциялық, практикалық (семинарлық), зертханалық, студиялық сабақтар, студенттердің өзіндік жұмысы, курстық, есептік-графикалық жұмыстар (жобалар), кәсіптік практиканың, тағылымдамалардың барлық түрлері, қорытынды аттестаттауға дайындық және одан өту кіреді.

45. Теориялық оқытудың жалпы еңбекті қажетсінуі оқытылатын оқу пәндерінің тізбесімен анықталады.

46. Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру кезінде әр оқу пәнінің көлемі кредиттің бүтін санын құрауы тиіс. Бұл ретте пән, әдетте, кемінде үш кредит көлемімен бағаланады. Ерекше жағдайда пәнді екі кредитпен бағалауға жол беріледі.

47. Әрбір оқу пәні қайталанбайтын бір атауға ие болуы тиіс.

48. Білім алушылар әрбір оқу пәнін бір академиялық кезеңде меңгеріп, оны аяқтаған соң емтихан нысанындағы қорытынды бақылауды тапсырады. Кәсіби практиканың барлық түрлері, курстық жұмыстар (жобалар) бойынша қорытынды бақылау білім алушылардың оқу жұмысының аталған түрлерін қорғау түрінде өткізіліп, белгіленген бағалар шкаласы бойынша бағаланады.

49. Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларына қолданыстағы заңнаманың нормаларын іске асыратын пәндерді енгізу ұсынылады.

50. "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (әрі қарай – № 1080 қаулы) 64-тармағына сәйкес "Фармация" мамандығы бойынша бакалавриатта жоғары арнаулы білім беру – 5 жылды құрайды.

51. Ереженің 2-қосымшасына сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша оқуды бітірген адамдарға "Фармацевт" дәрежесі және/немесе біліктілік және қосымшасы (транскрипт) бар мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

4-бөлім. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

52. Студенттің оқу жүктемесінің көлемі оның оқу жылы ішінде әрбір оқу пәні бойынша меңгеретін кредит санымен өлшенеді.

53. Профессорлық-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау оқытушының студентпен байланыс жұмыс уақытын көрсететін студенттің оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік

жұмыстарының аудиториялық оқу сабақтарының кестесі бойынша немесе оқу жұмысының басқа түрлері үшін жеке бекітілген график бойынша кредитпен немесе академиялық сағаттармен жүзеге асырылады.

54. Аудиториялық жұмыстың бір академиялық сағаты 50 минутқа тең. Зертханалық, сондай-ақ дене шынықтыру сабақтары бұдан өзгеше, онда бір академиялық сағат зертханалық сабақтар мен дене тәрбиесі сабақтары үшін 100 минутқа тең.

Практиканың, студенттерді қорытынды аттестаттаудың барлық түрлері үшін бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

55. Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір кредит:

1) семестр түріндегі академиялық кезең бойында студенттің аудиториялық жұмысының;

2) кәсіптік практика кезеңіндегі студенттің оқытушымен жұмысының;

3) студенттің дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау бойынша жұмысының;

4) студенттің 5B110300 – "Фармация" мамандығы бойынша мемлекеттік емтиханға дайындық пен оны тапсыру бойынша жұмысының 15 академиялық сағатына тең екенін ескеру қажет.

56. Студенттің оқу жүктемесі академиялық сағаттардың ұзақтығымен және оқу жұмыстарының түрлері үшін академиялық сағатпен ілесе жүретін оқу сағаттарының көлемдерімен (50 минуттық байланыс сағаттары) анықталады.

Студенттің аудиториялық жұмысының академиялық сағаттары тиісті СӨЖ сағаттарының санымен толығады, осылайша бір кредитке студенттің семестр түріндегі академиялық кезеңінің бір аптасындағы жиынтық оқу жүктемесі 3 сағатқа тең болады.

Дәрістермен практикалық (семинар) сабақтар кезіндегі студенттің оқытушымен жұмысының байланыс сағаттары жиынтығында әр байланыс сағаты 2 сағат СӨЖ-бен қамтамасыз етіледі.

Дене шынықтыру сабақтары қосымша СӨЖ сағаттарымен қамтылмайды. Дене шынықтыру бойынша қорытынды аттестациялау мен сабақтардың жалпы көлемі (сағат бойынша) студенттің орташа апталық жүктемесіне кірмейді.

Практиканың әрбір академиялық сағаты (оқу практикасынан басқа) студенттің қосымша жұмысының тиісті оқу сағаттарымен толықтырылады.

Қорытынды аттестаттаудың әр академиялық сағаты дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау бойынша студенттің оқытушымен байланыс жұмысының немесе мемлекеттік емтиханға дайындық және оны тапсыру бойынша студенттің оқытушымен жұмысының бір сағаты (50 минут) болып табылады. Студентті қорытынды аттестаттаудың әрбір академиялық сағаты 6 сағаттық СӨЖ-бен қамтамасыз етіледі.

57. Оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау кезеңінен, практикалардан, тағылымдамалармен каникулдан тұрады. Соңғы курста оқу жылына қорытынды аттестаттау кезеңі қосылады.

58. Оқу жылының жалпы ұзақтығы 36 аптадан кем болмауы тиіс.

59. Академиялық кезең ұзақтығы 15 апта болатын семестрден, немесе ұзақтығы 10 апта болатын триместрден, немесе ұзақтығы 7-8 апта болатын тоқсаннан тұрады.

Жоғары оқу орны академиялық кезеңнің нысанын және оған қоса оны ұйымдастырудың біріктірілген нысанын да дербес анықтайды.

60. Әрбір академиялық кезең ұзақтығы 1 аптадан кем болмайтын студенттерді аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.

61. Аралық аттестаттау кезеңінде барлық оқытылған пәндер бойынша қорытынды бақылау жүргізіліп, ағымдағы үлгерім бағалары (ағымдағы және межелік бақылаулар нәтижелері бойынша орташа арифметикалық бағалар) ескеріле отырып, пәндер бойынша қорытынды бағалар шығарылады.

№ 1080 қаулының 75 – тармағына сәйкес пән бойынша қорытынды бағада ағымдағы үлгерім бағасының үлесі 60 %-дан, ал қорытынды бақылау бағасының үлесі 30 %-дан кем болмауы тиіс.

62. Бітіруші курсты қоспағанда, студенттерге оқу жылы ішінде кемінде екі рет жалпы ұзақтығы кемінде жеті аптаны құрайтын каникул беріледі.

63. Кәсіптік практика жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады. Ол оқу, педагогикалық, өндірістік, дипломалды болып бөлінеді. Практикаға бөлінетін кредиттер саны 6-кредиттен кем болмауы тиіс. Бұл ретте, жоғары арнаулы білімнің барлық мамандықтары бойынша оқу практикасы 2 кредит көлемінде, ал өндірістік практика 4 кредиттен кем жоспарланбайды, егер мамандық бойынша ТОЖ-да дипломалды практика көрсетілмесе, қажет жағдайда ЖОО өз бетінше жоспарлай алады.

Практикалардың ұзақтығы студенттің практика кезіндегі 30 сағатқа тең апта бойғы (5 күндік жұмыс аптасы кезінде күніне 6 сағат) нормативті жұмысын есепке ала отырып, аптамен анықталады. Апта санын шығару үшін практиканың кредитпен есептелген көлемі тиісті практика түрінің оқу сағатымен есептелген еңбек қажетсінуіне көбейтіледі және студенттің апта бойғы жұмысының ұзақтығына, яғни 30 сағатқа бөлінеді.

Практиканың 1 кредитінің еңбекті қажетсінуі оқу практикасы үшін 15 сағатты (50 минуттан), өндірістік практика үшін 75 сағатты (50 минуттан) құрайды. 1 кредитке келетін практиканың ұзақтығы аптамен есептегенде оқу практикасы үшін 0,5 аптаны, өндірістік практика, тағылымдамалар үшін 2,5 аптаны құрайды.

64. Студенттерді қорытынды аттестаттауды аптамен жоспарлау 54 сағатқа тең студенттің апта бойғы жұмысының нормативті уақытына (6 күндік жұмыс аптасы кезінде СӨЖ-ді қоса есептегенде күніне 9 сағат) қарай анықталады.

Қорытынды аттестаттаудың 1 кредиті 105 (15x7) сағатқа тең, яғни 2 апта. Олардың ішінде 15 сағаты студент пен оқытушының байланыстағы жұмысына, ал 90 сағаты СӨЖ-ге арналады.

5B110300 – "Фармация" мамандығы бойынша мемлекеттік емтиханға дайындалуға және оны тапсыруға 1 кредит, яғни 2 апта бөлінеді.

Дипломдық жұмысты (жобаны) жазуға және қорғауға 2 кредит, яғни тиісінше 4 апта бөлінеді. Бұл ретте 2 кредитке дипломдық жұмысты (жобаны) ресімдеу мен қорғау кіреді. Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау процесінің өзі алдын ала кәсіптік практика барысында және теориялық оқытудың соңғы кезеңінде жүзеге асырылады.

65. № 152 бұйрықтың 35-4 тармағына сәйкес білім алушылардың (бітіруші курсты қоспағанда) қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, оқу жоспарларындағы академиялық қарызды немесе айырмашылықты жою үшін, игерген кредиттерін өз жоғары оқу орнында міндетті түрде қайта тапсыра отырып басқа жоғары оқу орнында оқу пәндерін оқып-үйрену, үлгерімнің орташа балын (GPA) көтеру үшін, 5B110300 – "Фармация" мамандығын меңгеру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестр енгізілуі мүмкін.

Бұл ретте академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою және қосымша оқу ақылы негізде жүзеге асырылады.

Жазғы семестр, оқытудың қосымша түрлері (әскери даярлық) каникул есебінен немесе жеке академиялық календар бойынша жоспарланады.

66. Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында жылдамдатылған оқу мерзіміндегі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен білім алушылар үшін кредиттер саны мен білім беру бағдарламасының қажетті көлемін жоғары оқу орны білім туралы құжат иегерінің алдыңғы білім деңгейінің бейінін, негізгі және кәсіби құзыреттерін ескере отырып дербес анықтайды.

67. Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында жылдамдатылған оқу мерзіміндегі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім алушы:

1) жоғары оқу орны есептеп, транскриптіне міндетті түрде енгізетін алдыңғы білімде меңгерген пререквизиттеріне қарай өзінің жеке оқу жоспарын құрастырады;

2) 5B110300 – "Фармация" мамандығы бойынша, бірақ алдыңғы білім деңгейін ескере отырып, қолданыстағы білім беру бағдарламасы негізінде жоғары оқу орны дербес анықтайтын жеке оқу мерзіміне және білім беру бағдарламасының көлеміне ие болады.

68. Жоғары оқу орны әрбір студентті 5B110300 – "Фармация" мамандығының бейініне сәйкес кәсіптік практика базаларымен қамтамасыз етеді.

69. Жоғары оқу орнын кадрлық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне

қойылатын біліктілік талаптарында, жәнеоларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінде айқындалған.

70. Студенттердің зерттеу жұмыстары оқу процесінің жалғасы және тереңдетілуі болып табылады және тікелей кафедраларда, зертханаларда, ғылыми, конструкторлық және жоғары оқу орындарының жобалық бөлімшелерінде, студенттердің ғылыми-техникалық бірлестіктерінде (конструкторлық және өзге де бюролар, орталықтар, ғылыми-зерттеу институттары) ұйымдастырылады.

	Фармацевтикалық мамандық бойынша бакалавриаттың мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартына 1-қосымша
--	---

Бакалавриаттың "фармация" мамандығы бойынша білім беру бағдарламасын меңгеруге ынталы тұлғалардың алдыңғы білімінің деңгейіне қойылатын талаптар

Мамандық	Талап етілетін білім деңгейі
5B110300 "Фармация"	Толық орта білім

	Фармацевтикалық мамандық бойынша бакалавриаттың мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартына 2-қосымша
--	---

Міндетті компонент пәндері циклінің мазмұны

Пән атаулары және қызмет түрлері	Кредит көлемі
Жалпы білім беру пәндері	28
Міндетті компонент	21
Қазақстанның қазіргі заман тарихы "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" курсының пәні, мақсаты және міндеттері. Қазіргі кездегі "Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы" пәні туралы түсінік. Тарих, жеке тұлға, мемлекет. Тарих және өркенит. Отан тарихының қызметі мен қағидаттары. Қазақстанның қазіргі заман тарихы дүниежүзілік тарих контекстінде. Ұлттық тарихтың құндылықтары. "Қазақстан Республикасында тарихи сананың қалыптасу тұжырымдамасы" (1995 жыл). Бүгінгі Қазақстанның тарихын кезеңдерге бөлу. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихын зерттеудің негізгі әдістері. Отан тарихын зерттеудегі жаңа концептуалдық ұстанымдар. " Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы" пәні бойынша деректер мен әдебиеттер. Отан тарихын зерттеудің ерекшеліктері. Қазіргі замандағы Қазақстанның бүгінгі таңдағы ұлттық тарихының проблемаларын өзектендіру.	3
Философия Мәдениет контекстіндегі философияның тарихи үлгілері. Ежелгі үнді философиясы шығыс мәдениетінің феномені ретінде. Қытай мәдениетінің гулдену кезіндегі ежелгі Қытай философиясы. Ежелгі мәдениеттегі философия. Орта ғасырлық мәдениеттегі философия феномені. Ислам мәдениеті контекстіндегі	

араб-мұсылман философиясы. Батыс еуропа орта ғасырлық мәдениетіндегі философия және дін феномені. Ренессанс және реформация мәдениетіндегі философия. Жаңа Заман мәдениетіндегі Батыс Еуропа философиясы. 19 ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеттегі Батыс Еуропа философиясы. Орыс философиясы 19-20 ғасырдағы ресей мәдениетінің феномені ретінде. Қазақ мәдениетіндегі философия феномені. 20 ғасыр мәдениетіндегі Кеңес философиясы. 21 ғасырдың алдындағы 20 ғасырдың мәдениеті контекстіндегі батыс философиясы. Тұрмыс философиясы. Философиялық антропология. Әлеуметтік философия. Мәдениет философиясы. Махаббат философиясы. Дін философиясы. Тарих философиясы. Білім философиясы. Диалектика теориясының проблемалары. Эпистемология. Жаһандық проблемалар философиясы.

3

Шет тілі

Оқылатын шет тілінің фонетикалық, орфографиялық, лексикалық және грамматикалық нормалары. Фонетика: шет тілінің айту және ырғақты интонациялық ерекшеліктері, сөйлеудің дыбыстық жүйесінің рецепциясы және репродукциясы. Орфография: тілдің дыбыстық-әріптік жүйесі, негізгі орфографиялық қағидалар. Лексика: сөз құрау үлгілері; базалық тілдің 2500 бірлігі көлеміндегі, сондай-ақ мамандық бейініне сәйкес келетін терминдердің лексикалық минимумы; қолдану салалары бойынша лексикалық екшеленуі. Грамматика: сөйлеудің негізгі бөліктері – зат есім, сын есім, үстеу, етістік , артикль, есімдік, демеулік жай және күрделі сөйлемнің құрылымы; сөз жасамның негізгі үлгілері. Оқу: танысу, іздену, зерделеу және қарап шығып оқу дағдыларын қалыптастыру. Сөйлеу: оқылатын тақырыптар шегінде диалогтық және монологтық сөйлеу дағдылары. Жазу: жеке және іскери сипаттағы шығармалар мен хаттарды жазу кезінде ақпараттарды біртіндеп жазу дағдыларын дамыту. Мамандық бойынша тілдік нормаларға сәйкес мәтіндерді шет тілінен қазақ (орыс) тіліне аудару. Аудирлеу: тұрмыстық, ақпараттық, және кәсіптік сипаттағы хабарламаларды естіп қабылдау.

6

Қазақ (орыс) тілі

Қазіргі қазақ (орыс) тілінің фонетикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалары. Лексикологияның, фразеологияның, морфологияның, синтаксистің негізгі түсініктері. Сөйлем деңгейінде: жай және күрделі сөйлем құрылымындағы субъектілі баяндауышты қатынастар, жай, салалас құрмалас, бағыныңқы құрмалас сөйлемдердегі объектілі, анықтауыш, пысықтауыш сөйлемшелер. Жалғаулықсыз сөйлемдегі салалас және бағыныңқы қатынастары сөйлемшелер. Мәтін деңгейінде: мәтіндердің құрылымы және әртүрлі үлгілерінің байланысу құралы, қазіргі қазақ тілінің әртүрлі стильдерінің ерекшеліктері (публицистік, көркем, ресми-іскерлік), сөйлеудің ғылыми стилінің ерекшеліктері: ғылыми баяндаманың, рецензияның, аннотацияның, резюмеңнің құрылымы. Сөйлеу қызметінің деңгейінде: мәтіннің мазмұнын оқу, түсіндіру, компрессия, айту. Рефераттардың, резюмелердің, аннотациялардың, рецензиялардың әртүрлі үлгідегі жоспарын дайындау және жазу. Монологтардың, диалогтардың, полилогтардың, сөйлеу мәдениетінің әртүрлі үлгілерін құрастыру .

6

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

Есептік жүйелердің архитектурасы. Компьютерлік архитектураның дамуы. Жоғары өндіруші есептік жүйелер. Мобилді тұғырнаманың шолуы. Операциялық жүйелерге кіріспе. Заманауи қолданбалы бағдарламалық қамтамасыздандыруға шолу. Ақпаратты өңдеу құралдары. Кестелік процессорлар. Графикалық редакторлар. Ақпараттар базасын басқару жүйесі (бұдан әрі – АББЖ). АББЖ анықтамасы және функциясы. АББЖ негізгі архитектуралық шешімі. АББЖ ақпараттар моделдері. Динамикалық және статикалық парақтар. Адам-машина қарым-қатынасы. Қолданушылық интерфейс. Жүйелік технологиялар және телекоммуникация. ?????

<p>Ақпараттық қауіпсіздік және оның құрауыштары. Ақпарат қауіпсіздігінің қаупі және олардың жіктеуіші. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы стандарттар және құралдар. Ақпаратты қорғау шаралары мен құралдары. Антивирустық бағдарламалар. Архиваторлар. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері. Кәсіби саладағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Ақпараттық ресурстардың қорғалуы. Ақпараттық жүйелер. Мультимедиялық технологиялар. Мультимедияның негізгі түсініктері. Индустриалды ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Компоненттер мен жүйелердің жаңа буыны. Алдыңғы қатарлы бағдарламалау. Электрондық үкімет. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Электрондық оқыту. Smart технологиялар. Жасанды интеллект жүйесінің даму перспективалары. Робототехника. Ақылды үй, ақылды қала. Сурет салу құралдары. Мәтін үшін құралдар.</p>	3
Таңдау компоненті	7
Негізгі пәндер	90
Міндетті компонент	24
<p>Кәсіби бағдарланған шет тілі</p> <p>Кәсіби бағдарланған шет тілінде мамандықтың пәндік саласына кіріспе. Кәсіби бағдарланған шет тілі адами қызметтің белгілі бір саласына (мамандық ерекшелігін есепке алғанда) қызмет ететін пәндік феномен сияқты. Пәндік-тілдік материалды меңгеруді қалыптастыру негіздері. Шет тілдік мәндегі базалық санаттық-ұғымдық аппарат. Кәсіби шет тіл терминологиясы. Арнайы кәсіби бағдарланған материал және оны берілген кәсіби жағдаяттарда пайдалану. Мамандық бойынша пәндік сала мазмұнының шет тілдегі сипаттамасы. Кәсіби құзырет: шет тіліндегі мәтіндерге бағдарлану, кәсіптік мазмұнда монологтық пікір айту және т.б. Кәсіби бағдарланған шет тілінің пәндерімен байланысы. Кәсіби бағдарланған шет тілін трансформациялау және саралау.</p>	2
<p>Кәсіптік қазақ (орыс) тілі</p> <p>Кәсіби қазақ (орыс) терминологиясы. Арнайы кәсіби бағдарланған материал және оны берілген кәсіби бағдарланған жағдайларда пайдалану. Мамандық бойынша пәндік сала мазмұнының қазақ (орыс) тілдеріндегі сипаттамасы. Кәсіби құзырет : қазақ (орыс) тілдеріндегі мәтіндерге бағдарлану. Кәсіби бағдарланған қазақ (орыс) тілдерінің бейінді пәндермен байланысы.</p>	2
<p>Органикалық химия</p> <p>Органикалық қосылыстардың жіктелуі, номенклатурасы, құрылымдық изомериясы. Химиялық байланыс және органикалық қосылыстардың молекулаларындағы атомдардың өзара әсері. Органикалық қосылыстардың кеңістік құрылысы. Органикалық қосылыстардың қышқылдық және негіздік қасиеттері. Алкандар. Циклоалкандар. Алкендер, диендер, алкиндер. Моноядролы арендер. Конденсирленген арендер. Галогенкөмірсутектер. Көмірсутектердің гидрокситуындылары және олардың тиоаналогтары. Жай эфирлер және сульфидтер. Аминдер. Диазо қосылыстар. Азобояғыштар. Альдегидтер және кетондар. Карбон қышқылдары. Карбон қышқылдарының функционалдық туындылары. Дикарбон қышқылы. Көмір қышқылының туындылары. Гетерофункционалды органикалық қосылыстар. Галоген-, гидроксид- және оксоқышқылдар. Аминоқышқылдар, пептиндер, ақуыздар. Моносахаридтер. Олигосахаридтер және полисахаридтер. Бір және екі гетероатомдары бар алты мүшелі гетероциклдер. Конденсирленген гетероциклдер. Алкалоидтар. Липидтер. Сабындалатын липидтер. Триацилглицеридтер, фосфоглицеридтер. Сабындалмайтын липидтер. Терпеноидтер. Стероидтер.</p>	4
<p>Талдамалық химия</p> <p>Сапалық және сандық талдау әдістердің теориялық негіздері. Заттарды</p>	

<p>анықтаудың әдістері мен қағидаттары. Катиондар мен аниондардың жіктелуі. Катиондар мен аниондардың сапалы талдауы. Аналитикалық химиядағы электролит ерітінділерінің теориясы. Аналитикалық химиядағы иондық тепе-теңдіктердің (қышқылдық-негіздік, тотығу-тотықсыздану, гетерогендік және кешенді номерлік) әртүрлі үлгілеріне әрекет ететін массалар заңын қолдану. Сапалық талдауда органикалық реагенттерді қолданудың теориялық негіздері. Бөлу, бөліп шығару және концентрациялау әдістері. Үлгіні талдауға дайындау. Сандық талдау. Гравиметриялық талдау. Титриметриялық талдау. Қышқылдық-негіздік титрлеу, тотығуды-тотықсыздандуды титрлеу, тұндыру және комплексонометриялық титрлеу. Талдаудың аспаптық әдістері (оптикалық, электрохимиялық, хроматографиялық).</p>	4
<p>Ботаника</p> <p>Ботаника пәні. Ботаниканың бөлімдері. Өсімдіктер – жер бетіндегі тіршілік көзі. Биосфера. Табиғаттағы заттардың айналымы. Өсімдік дәрілік шикізаттың көзі ретінде. Ботаниканың фармация үшін мәні. Республикамыздың әртүрлі өңірлеріндегі флораны зерттеудегі қазақстандық ботаник-ғалымдардың үлесі. Өсімдік ағзасының тіршілігі мен құрылысының негізгі құрылымы. Жасуша туралы ілім. Цитология негіздері. Өсімдіктердің физиологиясы мен анатомиясы. Өсімдік ұлпалары, олардың құрылысы мен қызметі. Өсімдіктің вегетативтік мүшелері, олардың құрылысы мен қызметі. Өсімдіктің морфологиялық топтары. Өсімдіктің өсуі, дамуы және көбеюі. Өсімдіктердің жүйесі. Төменгі сатыдағы өсімдіктер. Жоғарғы сатыдағы өсімдіктер. Споралылар. Археогониалдылар. Жабық тұқымдыларды жүйелік шолу. Қосжарнақтылар класы. Даражарнақтылар класы. Өсімдіктер географиясының негіздері.</p>	2
<p>Фармакология</p> <p>Фармакологияның мазмұны, пәні, зерттеу әдістері. Фармакологияның басқа пәндермен байланысы. Жалпы рецептура. Сұйық, жұмсақ, қатты дәрілік нысандарды жазып беру тәртібі. Жалпы фармакология. Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасының жалпы заңдылықтары. Нерв жүйенің перифериялық бөліміне әсер ететін заттар. Эфференттік иннервацияға әсер ететін заттар. Орталық нерв жүйесі әсер ететін заттар. Аналгетикалық заттар. Қабынуға қарсы және аллергияға қарсы заттар. Антисептиктер мен дезинфекциялайтын заттар. Химиотерапиялық заттар, Бактерияға қарсы заттар, Туберкулезге қарсы, спирохетозға қарсы, зеңге қарсы, вирусқа қарсы, протозойға қарсы және ішек құртына қарсы заттар. Тірек-қимыл, тыныс алу, жүрек-қантамыры, ас қорыту, зәр шығару, эндокринді жүйе, қан жүйесі қызметтеріне әсер ететін дәрілік заттар.</p>	4
<p>Дәрілік заттарды талдау және зерттеудің жалпы әдістері</p> <p>Дәрілік заттардың сапасын реттейтін мемлекеттік қағидаттар мен жағдайлар. Фармацевтикалық талдау. Фармацевтикалық талдаудың жалпы қағидаттары. Бейорганикалық және органикалық дәрілік заттарды (жеке және үйлестірілген дәрілердің құрамында бар) зерттеудің жалпы әдістері мен тәсілдері. Дәрілік заттардың құрамындағы бөгде заттарды анықтаудың (тазалығына жүргізілетін сынақ) жалпы фармакопоялық жағдайлары. Дәрілік заттарды талдаудың сандық әдістерін біріздендіру. Биологиялық сұйықтықтарда дәрілік заттарға талдау жүргізудің ерекшеліктері. Бейорганикалық дәрілік заттарды талдау. Алифатикалық, циклдық және алициклдық қосындыларды талдау: галогенді- және оттегі құрамды алкан қосындылары, туынды дитиокарбон қышқылдары, беталактаמידтер (цефалос-пориндер, табиғи және жартылай синтетикалық пенициллиндер), аминді гликозидтер, макролидтер және азалидтер, терпендер, статиндер, туынды адамантандар, туынды циклопентанпергидрофенантрен (стероидты қосындылар).</p>	3
<p>Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру</p> <p>Халыққа медициналық және дәрі-дәрмектік көмекті ұйымдастырудың негізгі</p>	

қағидаттары. Рецепттерді қабылдау және дәрілерді босату бойынша жұмыстарды ұйымдастыру тәртібі. Дәрілерді дайындауды, ресімдеу мен босатуды, дәріханаішілік сапаны бақылауды ұйымдастыру. Дәрілік препараттарға қажеттілікті айқындауды және сұранысты зерделеудің негізгі қағидаттары. Фармацевтикалық этика мен деонтологияның қағидаттары.	3
Таңдау компоненті	66
Бейіндік пәндер	43
Міндетті компонент	16
<p>Дәрілік заттардың өндіріс технологиясы</p> <p>Негізгі түсініктер мен терминдер. Дәрілер технологиясының міндеттері. Дәрілік заттардың өндірісін мемлекеттік нормалау. Дайын дәрілік заттардың өндірісін ұйымдастырудың жалпы қағидаттары. Фармацевтикалық өндірістің процестері мен аппараттары. Ұнтақтар. Қосындылар. Медициналық ерітінділер. Шәрбаттар. Хош иіс сулары. Алкоголиметрия. Экстракционды дәрілік препараттар . Жаңа алынған өсімдік шикізатынан дайындалған препараттар. Барынша тазартылған фитопрепараттар. (Новогаленді препараттар). Жеке фитопрепараттар . Жануарлар шикізатынан дайындалған препараттар. Ферментті препараттар. Биогенті стимуляторлардың препараттары. Таблеткілер. Түйіршіктер. Драже. Микродраже. Спансулдар. Медициналық желатин капсулалары. Микрокапсулалар. Нанокансулалар. Асептикалық дайындалатын және өнеркәсіптік өндірістің стерильді дәрілік нысандары. Майлар. Пасталар. Пластырлер. Суппозитории. Аэрозолдер. Көзге арналған дәрілік нысандар. Стоматологиялық дәрілік нысандар. Жасқа байланысты дәрілік нысандар. Жаңа дәрілерді әзірлеу саласында фармацевтикалық технологияның жетістіктері.</p>	4
<p>Фармакогнозия</p> <p>Дәрілік өсімдіктер, олардың ботаникалық белгілері. Дәрілік өсімдіктердің және дәрілік өсімдік шикізаттарының (құрамындағы биологиялық белсенді заттар бойынша) номенклатурасы. Фармакогнозияның дамудың заманауи кезеңіндегі міндеттері. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау әдістері. Құрамында терпеноидтар, дәрумендер, гликозидтер, алкалоидтар және басқа да биологиялық белсенді заттары бар әртүрлі морфологиялық топтағы дәрілік өсімдік шикізаттарын дайындау, макро-, микроскопиялық, тауарлық талдау жүргізу туралы жалпы ұғымдар. Жинауды, кептіруді, қайта өндеуді ұйымдастыру. Дәрілік өсімдік шикізаттарын стандарттау. Дәрілік өсімдік шикізатына арналған нормативтік құжаттаманы әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі. Құрамында полисахаридтер, майлар, дәрумендер, терпеноидтар, алкалоидтар, ащылар, жүрек гликозидтері, сапониндер, фенол қосылыстары, флавоноидтар, дубильді заттар, кумариндер, хромондар, антрацентуындылар бар дәрілік өсімдік және шикізат. Дәрілік ресурстану. Картографиялық және басқа да материалдарды дайындау. Ресурстық зерттеулер: өсу аймағын табу, картирлеу, қорларын анықтау.</p>	4
<p>Фармацевтикалық химия</p> <p>Табиғи биологиялық белсенді қосылыстары және гетероцикл қатарындағы дәрілік препараттар. Гетероциклді қосылыстардан өндірілген дәрілік препараттардың фармацевтикалық талдауының ерекшеліктері. Табиғи көздер және синтез тәсілдері. Гетероцикл қатарындағы дәрілік заттарды талдаудың, жиілік бақылаудың және сандық құрамының фармакопоялық және бейформкопоялық әдістер . Гетероциклді қосылыстардан өндірілген дәрілік заттардың жіктемесі. Құрамында қышқыл бар гетероциклдер (фураннан және 5-нитфруннан өндірілгендер , бензопираннан өндірілгендер: кумариндер, хроманды және фенилхроманды қосылыстар). Құрамында азот бар гетероциклдер (пирролдан, индолдан, иохимбаннан, лизергин қышқылынан, пиразолдан, имидазолдан өндірілгендер),</p>	4

пиридиннен өндірілгендер (пиридинметанолдан өндірілгендер), пиридин-3 карбонды және пиридин-4 карбонды қышқылдарынан өндірілгендер, тропаннан өндірілгендер, хинолиннен және хинуклидиннен өндірілгендер, аралас 4 хинолиннен өндірілгендер, аралас 8 хинолиннен өндірілгендер, изохинолиннен өндірілгендер, пиримидиннен өндірілгендер, пиримидинді-тиазолдан өндірілгендер, пуриннен өндірілгендер, птеридиннен өндірілгендер, изоаллоксазиннен өндірілгендер, фенотиазиннен алкилөндірілгендер, 1,4-бензодиазепиннен өндірілгендер.	
Фармацияны басқару және экономикасы Қазақстан Республикасындағы фармацияны басқару органдары. Халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді ұйымдастырудың негізгі қағидаттары. Фармакопоялық және фармакологиялық комитеттер. Фармацевтикалық қызметті лицензиялау. Дәрілік заттарды және медициналық (санитариялық) мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар арқылы әкелуді және әкетуді лицензиялау. Фармацевтикалық ұйымдардың қызметін және дәрілік заттардың сапасын реттейтін негізгі қолданыстағы бұйрықтар мен нормативтік актілер. Фармацевтикалық ұйымдар мен кәсіпорындарды (дәріханаларды, дәріханалық пункттерді, дүңгіршектерді, көтерме-бөлшек сауда фирмаларын) ұйымдастыру мен басқару процестерінің элементтері. Фармацевтикалық субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметін есепке алу және есептілік, талдау.	4
Таңдау бойынша компонент	27
Барлығы	161

	Фармацевтикалық мамандық бойынша Бакалавриаттың мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартына 3-қосымша
--	---

5В110300-"Фармация" мамандығы бойынша даярлаудың үлгілік оқу жоспары

Оқу мерзімі: 5 жыл

Біліктілігі: "Фармацевт"

Пәндер циклдері	Циклдердің және пәндердің атауы	Академиялық сағат бойынша көлемі	Кредит бойынша көлемі	Семестр	Бақылау түрі
1	2	4		5	6
ЖБП	Жалпы білім беру пәндері	1260	28		
ЖБМП	Міндетті компонент	945	21		
ЖБМП 01	Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы	135	3	1	емтихан
ЖБМП 02	Философия	135	3	3	емтихан
ЖБМП 03	Шет тілі	270	6	1-2	емтихан
ЖБМП 04	Қазақ (орыс) тілі	270	6	1-2	емтихан

ЖБМП 05	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	135	3	1	емтихан
	Таңдау бойынша компонент	315	7		
БП	Базалық пәндер	4050	90		
БМП	Міндетті компонент	1080	24		
БМП 01	Кәсіптік бағдарланған шет тілі	90	2	5, 6	емтихан
БМП 02	Кәсіби қазақ тілі	90	2	5, 6	емтихан
БМП 03	Органикалық химия	135	3	3-4	емтихан
БМП 04	Талдамалық химия	135	3	3-4	емтихан
БМП 05	Ботаника	90	2	2	емтихан
БМП 06	Фармакология	180	4	5, 6	емтихан
БМП 07	Дәрілік заттарды талдаудың және зерттеудің жалпы әдістері	90	2	5	емтихан
БМП 08	Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру	90	2	6	емтихан
БМП 09	Токсикологиялық химия	180	4	9	емтихан
	Таңдау бойынша компонент	2970	66		
БП	Бейінді пәндер	1935	43		
БМП	Міндетті компонент	720	16		
БМП 01	Дәрілердің өнеркәсіптік технологиясы	180	4	7	емтихан
БМП 02	Фармакогнозия	180	4	8	емтихан
БМП 03	Фармацевтикалық химия	180	4	8	емтихан
БМП 04	Фармацияны басқару және экономикасы	180	4	7	емтихан
	Таңдау бойынша компонент	1215	27		емтихан
Барлығы		7245	161		
ОҚТ 00	Оқытудың қосымша түрлері				
	Міндетті компонент	780	20		
ОҚТ01	Дене шынықтыру	240	8		сараланған сынақ
ОҚТ 02	Практика (оқудан тыс уақыт)	540	12		
1	Мамандыққа кіріспе бойынша оқу практикасы	30	2	4	сараланған сынақ
2	Ботаника бойынша оқу практикасы	30	2	2	сараланған сынақ
3.	Дәрілік түрлер технологиясы бойынша оқу практикасы	30	2	6	сараланған сынақ
4	Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру бойынша өндірістік практика	75	1	6	сараланған сынақ
5	Фармакогнозия бойынша өндірістік практика	75	1	8	сараланған сынақ

6	Дәрілердің өнеркәсіптік технологиясы бойынша өндірістік практика	75	1	8	сараланған сынақ
7	Дәрілік заттарды стандарттау және сапасын бақылау бойынша өндірістік практика	75	1	9	сараланған сынақ
8	Фармацияны басқару және экономикасы бойынша өндірістік практика	75	1	8	сараланған сынақ
9	Токсикологиялық химия бойынша өндірістік практика	75	1	10	сараланған сынақ
	Таңдау бойынша компонент	315	7		
	Қорытынды мемлекеттік аттестаттау Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан және/немесе дипломдық жұмыс	135	3	10	
	Барлығы	8475	191		

Қолданылған қысқартулар:

БП – базалық пәндер

БМП – базалық міндетті пәндер

БП – бейінді пәндер

БМП – бейінді міндетті пәндер

ЖБП – жалпы білім беру пәндері

ЖБМП – жалпы білім беру міндетті пәндері

ОҚТ- оқытудың қосымша түрлері

	Фармацевтикалық мамандық бойынша бакалавриаттың мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартына 4-қосымша
--	--

"Фармация" мамандығы бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламасының компоненттерін бөлу нормасы (оқу мерзімі 5 жыл)

					Оның ішінде	

р/с №	Қызмет түрлері (аудиториялық сағат:СӨЖ)	Кредит саны	Апта саны	Жалпы сағат саны	аудиториялық/ оқытушымен байланыстағы сағаттар	СӨЖ	Орташа апталық жүктеме
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Теориялық оқыту (1:2)	161	135	7245	2415	4830	53,7
2.	Дене шынықтыру (4 семестр) (2:0)	8	60	240	240	-	4,0
3.	Қорытынды аттестаттау (1:6), оның ішінде:	3	6	315	45	270	52,5
	1) мемлекеттік емтихан	1	2	105	15	90	52,5
	2) диплом жұмысын жазу және қорғау	2	4	210	30	180	52,5
	Барлығы	172	141	7800	2700	5100	30,0
4.	Практика (кәсіптік), оның ішінде:	6	11	330	90	240	30,0
	1) оқу (1:2)	2	1	30	30	-	30,0
	2) клиникалық, өндірістік (1:4)	4	10	300	60	240	30,0
5.	Демалыстар		73				
6.	Емтихан сессиясы (9x3 апта)		27				
	Барлығы	178	252	8130	2790	5340	

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 31 шілдедегі
№ 647 бұйрығына
5-2-қосымша

Медициналық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты

Ескерту. Бұйрық 5-2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 29.07.2016 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы медициналық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты (бұдан әрі – МЖМБС) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 175-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және медициналық мамандықтар бойынша білім алушылардың техникалық және кәсіптік білім берудің (бұдан әрі – ТЖКБ) оқыту бағдарламаларының мазмұнына, білім беру құрылымы мен мазмұнына, дайындық деңгейін бағалауға қойылатын талаптарды белгілейді.

МЖМБС-нда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) базалық құзырет (бұдан әрі – БҚ) – өзін-өзі және жеке қызметін басқару қабілеттілігі, өзін-өзі ынталандыруға және өзін-өзі ұйымдастыруға бейімділігі;
- 2) біліктілік – алынған мамандық бойынша қызметтің белгілі бір түрін құзыретті орындауға даярлық деңгейі;
- 3) білім беру бағдарламасы – пәндер тізімі арқылы білім беру жүйесінің белгілі бір кезеңін білім беру мазмұнын анықтайтын құжат және оларды зерделеу мақсатын, оқу мерзімінің көлемін қамтиды;
- 4) денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) – денсаулық сақтау жүйесі үшін кәсіптік ғылыми-педагогикалық, медициналық және фармацевтикалық кадрлар даярлауды, біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды іске асыратын білім беру ұйымы;
- 5) кәсіптік құзырет (бұдан әрі – КҚ) – білім, іскерлік пен дағдылар, сондай-ақ кәсіптік қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке қасиеттер негізінде маманның кәсіптік міндеттер жиынтығын шешу қабілеттілігі;
- 6) кәсіби практика – кәсіптік білім беру және білікті техникалық және қызмет көрсету саласының қызметкерлерін жұмыс істеуге оқытудың тиімді нысанының білім беру процесінің ажырамас бөлігі;
- 7) кәсіби үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – ҮОБ) – үлгілік оқу жоспарының нақты пәні бойынша меңгерілуге тиіс білім, іскерлік және дағдының мазмұны мен көлемін айқындайтын құжат;
- 8) құзыреттілік – кәсіби әрекет және білім, дағды және кәсіби тәжірибе бірлігі негізінде маманның кәсіби міндеттердің нақты жиынтығын шеше білу қабілеттілігі;
- 9) нормативтік оқу мерзімі – нақты оқу нысаны бойынша кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі;
- 10) оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) – білім беру ұйымының басшысы бекітетін оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, бірізділігін, қарқындылығын және оқытуды ұйымдастырудың негізгі нысандарын, білім алушының білімі мен іскерлігін бақылауды және кәсіптік даярлығын бағалауды регламенттейтін үлгілік оқу жоспарының негізінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы әзірлейтін құжат;
- 11) оқу жұмыс бағдарламасы (бұдан әрі – ОЖБ) – білім беру ұйымының басшысы бекітетін үлгілік оқу бағдарламасы негізінде нақты оқу жұмыс жоспарына арналған техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары әзірлейтін құжат;
- 12) оқу жоспарының моделі – техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнының инварианттық негізгі құрылымдық құрамын бейнелейтін оқу жоспарын сипаттайтын нысан;

13) орталықтанған науқас – кәсіби қызметтің пациенттің өмірі мен оны қоршағандарға бағытталуы;

14) үлгілік оқу жоспары (бұдан әрі – ҮОЖ) – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандықтар мен біліктіліктерге, оқыту мерзіміне қатысты оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін белгілейтін, оқу жоспарының моделі негізінде әзірленетін құжат;

15) цикл – білім берудің бір бағытындағы оқу пәндерінің жиынтығы.

2. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 2007 жылғы 27 шілдедегі 14-бабының 9-тармағына сәйкес ТЖКБ медициналық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, тиісті мамандықтар бойынша білім беру қызметін жүргізуге лицензиясы бар білім беру ұйымдары жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары медициналық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді мамандарды даярлады:

1) осы МЖМБС, ҮОБ және ҮОЖ бойынша;

2) ОЖБ;

3) академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырады.

4. ТЖКБ беру медициналық мамандықтар бойынша таңдаған мамандығы мен базалық біліміне байланысты оқу мерзімі 10 айдан 3 жыл 10 айға дейінгі уақытты құрайды.

5. ТЖКБ беру медициналық мамандықтар бойынша оқу күндізгі және кешкі нысан бойынша жүзеге асырылады.

6. Білім беру бағдарламасын игергісі келетіндерге арналған талап базалық білімінің деңгейі - негізгі орта немесе жалпы орта білім.

7. МЖМБС қолдану мынадай мақсаттарға қол жеткізу үшін бағытталған:

1) білім беру ұйымдарының білім алушыларды даярлау деңгейі мен оқыту үшін міндетті талаптар ұсыну есебінен білім беру сапасын қамтамасыз ету;

2) білім беру қызметі субъектілерінің құқықтарын реттеу;

3) білім алушыларды дайындауда бағалаудың объективтілігі мен ақпараттылығын және білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру;

4) Қазақстан Республикасының бірыңғай білім беру кеңістігінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

8. ТЖКБ беруде медициналық мамандықтар бойынша ҮОЖ-лары білім беру бағдарламаларының құрылымын, көлемін және мазмұнын, оқытудың нормативті мерзімі мен білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың жиынтығын анықтайды.

2-бөлім. Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар

9. МЖМБС модульдік оқыту шеңберінде жүзеге асырылатын құзыреттілік тәсілін қолдануды көздейді.

10. Білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейі әртүрлі бақылау түрлерімен қамтамасыз етіледі: аралық аттестация (сынақ, сараланған сынақ, емтихан), қорытынды аттестаттау.

11. Білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған тұлғаларға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен бекітілген (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 10348 болып тіркелген) тиісті мамандық бойынша біліктілік және Мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларына сәйкес мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

3-бөлім. Үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар

12. Мазмұнының білім беру құрылымы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес есептеу-өлшегіш құралдарына қойылатын талаптармен: оқу жоспары және бағдарламаларына, оқу жүктемесінің көлеміне, академиялық кезеңдер ұзақтығына, академиялық сабақ түрлеріне байланысты анықталады (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар).

13. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру оқу жоспарының негізінде жүзеге асырылады. Оқу жоспарлары ҮОЖ және ОЖЖ болып бөлінеді. ОЖЖ жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып ҮОЖ негізінде әзірленеді.

14. ТЖКБ беру медициналық мамандықтар бойынша ОУБ – ның мазмұнында: жалпы гуманитарлық, экономикалық, жалпы кәсіптік, осы МЖМБС-ке 1-14-қосымшаларына сәйкес арнайы пәндер қарастырылған.

15. Оқу жоспарларының барлық нысандарында оқыту пәндерін кодтаудың бірыңғай жүйесі қолданылады:

- 1) жалпы гуманитарлық пәндер;
- 2) әлеуметтік-экономикалық пәндер;
- 3) жалпы кәсіптік пәндер;

- 4) арнайы пәндер;
- 5) өндірістік оқыту;
- 6) кәсіптік практика.

16. Міндетті компонент пәндерінің тізбесі және көлемі ТЖБ медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасына 15-28 қосымшаларына сәйкес ҮОЖ айқындайды

17. Білім беретін оқу бағдарламасы міндетті пәндерді, білім беру ұйымы айқындайтын пәндерді, факультативтік сабақтар мен консультацияларды қамтиды. Консультациялар мен факультативтік сабақтар жеке білім алушылардың қабілеттері мен сұраныстарын қамтамасыз етуге бағытталған.

18. ҮОЖ-да әрбір оқу пәнінің міндетті компонентінің күрделілігі, академиялық сағаттардағы әрбір оқу қызметінің түрі және қорытынды бақылау нысандары анықталады.

19. ҮОЖ мамандықтың ҮОЖ негізінде әзірленеді және Үлгілік қағидаларға сәйкес педагогикалық кеңестің шешімінің негізінде білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

20. Білім беру бағдарламаларын іске асыру мамандық және пәндердің оқыту-әдістемелік кешендерінің негізінде жүзеге асырылады. Мамандықтар мен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу нысанын, құрылымы мен тәртібін Үлгілік қағидаларға сәйкес білім беру ұйымдары анықтайды.

21. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру кезінде білім беру ұйымдары:

1) Кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеруге бөлінетін оқу уақытының жиынтық көлемін сақтай отырып, пәндер мен циклдер үшін оқыту уақытының көлемін 30 %-ға дейін өзгертеді;

2) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастыру мен бақылау нысандарын, әдістерін таңдайды.

22. Медициналық мамандықтар бойынша ТЖБ беру мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады. Үштілдік білім беру бағдарламасын енгізу кезінде оқу үш тілде жүргізіледі: мемлекеттік, орыс және ағылшын.

23. ТЖБ берудің медициналық мамандықтар бойынша оқу бағдарламасын іске асыру ғылыми-педагогикалық, базалық жоғары (оның ішінде жоғары мейіргер ісі бойынша білімі бар болған жағдайда), сондай-ақ орта медициналық білімі бар (жоғары педагогикалық білімі бар болған жағдайда), оқытылатын пән бейініне сәйкес және жүйелі түрде педагогикалық, ғылыми-әдістемелік немесе денсаулық сақтау саласында тәжірибемен айналысатын кадрлармен қамтамасыз етіледі.

24. Бейінді пәндерді оқытуға жоғары және бірінші біліктілік санаттары бар практикалық денсаулық сақтаудың жоғары білікті мамандары тартылады.

25. Кәсіби даярлықты ұйымдастыру төмендегілерді қамтиды:

- 1) жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша зертханалық-практикалық сабақтар;
- 2) өндірістік оқыту;
- 3) кәсіби практика.

26. Практикалық сабақтардың, өндірістік оқыту және кәсіби практиканың оқу бағдарламаларының мазмұны мен мерзімдері ҮОБ, ОЖЖ бойынша және біліктілік талаптарына сәйкес анықталады.

27. Кәсіптік практика медициналық ұйымдарда жұмыс берушілермен шарт негізінде, оның ішінде дуалді оқыту тұжырымдамасы шеңберінде, білікті мамандардың басшылық етуімен жүргізіледі және оқыту процесінде алынған білімін игеру және бекітуге, Үлгілік қағидаларға сәйкес практикалық дағдыларды игеру және кәсіби құзіреттіліктерді меңгеру бағытталған. "Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының тиісті білім беру деңгейін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген (бұдан әрі - № 1080 қаулы) техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес арнайы пәндер бойынша практикалық сабақтардың көлемін, өндірістік оқыту және кәсіптік практиканы қамтитын кәсіптік даярлау міндетті оқытудың жалпы оқу уақыты көлемінің кемінде 40%-ын құрауы тиіс.

28. Білім беру бағдарламасын іске асыру аудиториялық қор, арнайы кабинеттер және зертханалар, манекендерді, тренажерларды, симуляциялық жабдықтар, кітапхана қорын, оқу әдебиеттерін және оқу-әдістемелік құралдар, соның ішінде: электрондық оқу құралдары, аудио және бейне материалдар, әдістемелік көрнекі құралдар және пәндер бойынша ұсынымдар, кәсіптік практикалар, инновациялық және ақпараттық компьютерлік технологияларды қолданумен жобалық жұмыстардың болуымен қамтамасыз етіледі.

29. Оқытудың кешкі нысаны үшін міндетті оқу сабақтарын оқу уақытының көлемі № 1080 қаулыға сәйкес күндізгі оқу нысаны үшін қарастырылған оқу уақытының тиісті көлемінің 70%-ын құрайды.

4 Бөлім. Білім алушылардың оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптар

30. Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әр пән бойынша оқу жылы ішінде игеретін академиялық сағатпен өлшенеді.

31. Профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау академиялық сағаттармен жүзеге асырылады.

32. Білім алушылардың оқу жүктемесінің жоғары көлемі аудиториялық және аудиториядан тыс оқу жұмысының барлық түрлерін қоса алғанда, аптасына 54 сағаттан аспауы тиіс.

33. Күндізгі оқыту нысанында оқу жүктемесінің жалпы көлемі міндетті оқу жүктемесі есебінен кемінде аптасына 36 сағат (бұл ретте көрсетілген көлемге факультативтік пәндер бойынша сабақтар мен консультациялар кірмейді).

34. Білім беру ұйымы білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемін анықтау кезінде:

1) мамандығы бойынша оқу бағдарламаларына дербес пәндерді, қосымша тақырыптар мен бөлімдерді енгізу жолымен теориялық және практикалық дайындықты кеңейтеді, тереңдетеді, кәсіби практиканың оқу уақытының көлемін ұлғайтады;

2) жұмыс берушілердің кәсіби саладағы талаптарын қанағаттандыруға бағытталған қажетті пәнді енгізеді (білім беру ұйымымен анықталатын пәндер 10%-ға дейін).

35. Оқу жылы 1 қыркүйектен басталады және оқу үрдісін ұйымдастыруға тәуелді мамандықтың ерекшелігіне байланысты аяқталады. Демалыс уақыты жылына 11 аптаны, оның ішінде қысқы мерзімде – кемінде 2 аптаны құрайды.

Факультативтік пәндер 1 оқу тобына аптасына 4 сағаттан артық емес көлемде қарастырылады.

Оқытудың күндізгі нысанында білім алушылар үшін консультациялар әрбір оқу жылындағы оқу тобына 100 сағаттан аспайтын көлемде қарастырылады. Консультациялар емтихан түрінде аралық және қорытынды аттестация қарастырылған пәндер бойынша, сондай-ақ кәсіби даярлық деңгейін бағалауды жүргізу мен біліктілік тағайындау жоспарланады.

36. Емтихандар саны жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша білім алушы меңгерген білім, білік және құзырлық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес айқындалады.

37. Бір оқу жылының ішінде емтихандық сессияның жалпы ұзақтығы 4 аптадан аспайды.

38. Сынақтар мен дифференциалдық сынақтар, осы пәнді оқытуға бөлінген оқу уақыты есебінен жүргізіліп 5 балдық жүйемен бағаланады.

Емтихандар аралық аттестаттауға бөлінген мерзімде өткізіледі.

Кәсіби білім беру бағдарламасын меңгергеннен кейін білім алушының даярлық деңгейін бағалау үшін қорытынды аттестаттау өткізіледі.

39. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау :

1) білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды аттестаттауды;

2) кәсіби даярлық деңгейін бағалау мен біліктілікті беруді қамтиды.

40. Білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды қорытынды аттестаттау оқытудың толық курсының қорытындысы бойынша білім алушылардың білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейін айқындау мақсатында өткізіледі.

Білім беру бағдарламасының оқытуды аяқтау қорытындысы бойынша аттестаттау түрі – мамандық бойынша екі кезеңнен тұратын кешенді емтихан тапсыру:

1) теориялық кезең (арнайы пәндер бойынша тестілеу);

2) практикалық кезең (біліктілік деңгейі бойынша практикалық тапсырмаларды орындау).

41. Білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды қорытынды аттестаттау екі аптадан аспайды.

42. Даярлық деңгейін бағалауды ұйымдастыру және жүргізуге арналған оқу уақытының көлемі және біліктілік беру ҰОЖ көрсетілген.

43. Мамандықтар бойынша практикалық емтихандар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 423 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11644 болып тіркелген) медициналық колледждердің клиникаға дейінгі симуляциялық кабинеттерін жарақтандыру нормативіне сәйкес білім беру ұйымдарының симуляциялық кабинеттерінде, оқу-жаттықтыру орталықтарында, қажетті құралдармен жабдықталған медициналық ұйымдардың базасында жүргізіледі.

44. Кәсіптік практиканы өткізуге берілетін уақыт 10 аптадан аспайды.

45. Оқу пәндерін зерделеудің біріншілігін белгілеу, оқу уақытын бөлу олардың әрқайсысы бойынша курстар мен семестрлер бойынша пәнаралық байланыстарды ескере отырып жүргізіледі.

46. "Дене тәрбиесі" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және аптасына 4 сағаттан аспайтындай (мамандыққа байланысты) жоспарланады, олардың екі сағаты екінші курстан бастап спорт секцияларында сабақ өткізуге бөлінеді.

47. Базалық, кәсіби құзыреттілік және практикалық дағдыларды жетілдіру және бекіту мақсатында: арнайы пәндер бойынша практикалық сабақтар, клиникалық базаларда өндірістік оқыту және кәсіптік практика сағаттары енгізілген. Арнайы пәндер бойынша практикалық сабақтарды өткізу кезінде білім алушылардың саны 8-12 адамнан тұратын, жалпы кәсіптік пәндер бойынша – 13 адамнан артық емес кіші топтарға бөлінеді.

Фармацевтикалық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты

Ескерту. Бұйрық 5-3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 29.07.2016 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1 .Бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы фармацевтикалық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты (бұдан әрі – МЖМБС) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 175-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және фармацевтикалық мамандықтар бойынша білім алушылардың техникалық және кәсіптік білім берудің (бұдан әрі – ТЖКБ) оқыту бағдарламаларының мазмұнына, білім беру құрылымы мен мазмұнына, дайындық деңгейін бағалауға қойылатын талаптарды белгілейді.

МЖМБС-нда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) базалық құзырет (бұдан әрі – БҚ) – өзін-өзі және жеке қызметін басқару қабілеттілігі, өзін-өзі ынталандыруға және өзін-өзі ұйымдастыруға бейімділігі;
- 2) біліктілік – алынған мамандық бойынша қызметтің белгілі бір түрін құзыретті орындауға даярлық деңгейі;
- 3) білім беру бағдарламасы – пәндер тізімі арқылы білім беру жүйесінің белгілі бір кезеңін білім беру мазмұнын анықтайтын құжат және оларды зерделеу мақсатын, оқу мерзімінің көлемін қамтиды;
- 4) кәсіби үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – ҮОБ) – үлгілік оқу жоспарының нақты пәні бойынша меңгерілуге тиіс білім, іскерлік және дағдының мазмұны мен көлемін айқындайтын құжат;
- 5) кәсіби практика – кәсіптік білім беру және білікті техникалық және қызмет көрсету саласының қызметкерлерін жұмыс істеуге оқытудың тиімді нысанының білім беру процесінің ажырамас бөлігі;
- 6) кәсіптік құзырет (бұдан әрі – КҚ) – білім, іскерлік пен дағдылар, сондай-ақ кәсіптік қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке қасиеттер негізінде маманның кәсіптік міндеттер жиынтығын шешу қабілеттілігі;
- 7) құзыреттілік – кәсіби әрекет және білім, дағды және кәсіби тәжірибе бірлігі негізінде маманның кәсіби міндеттердің нақты жиынтығын шеше білу қабілеттілігі;

8) нормативтік оқу мерзімі – нақты оқу нысаны (күндізгі) бойынша кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі;

9) оқу жоспарының моделі – техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнының инварианттық негізгі құрылымдық құрамын бейнелейтін оқу жоспарын сипаттайтын нысан;

10) оқу жұмыс бағдарламасы (бұдан әрі – ОЖБ) – білім беру ұйымының басшысы бекітетін үлгілік оқу бағдарламасы негізінде нақты оқу жұмыс жоспарына арналған техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары әзірлейтін құжат;

11) оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) – білім беру ұйымының басшысы бекітетін оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, бірізділігін, қарқындылығын және оқытуды ұйымдастырудың негізгі нысандарын, білім алушының білімі мен іскерлігін бақылауды және кәсіптік даярлығын бағалауды регламенттейтін үлгілік оқу жоспарының негізінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы әзірлейтін құжат;

12) үлгілік оқу жоспары (бұдан әрі – ҮОЖ) – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандықтар мен біліктіліктерге, оқыту мерзіміне қатысты оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін белгілейтін, оқу жоспарының моделі негізінде әзірленетін құжат;

13) цикл – білім берудің бір бағытындағы оқу пәндерінің жиынтығы.

2. Фармацевтикалық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 14-бабының 9-тармағына сәйкес меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан тиісті мамандық бойынша білім беру қызметін жүргізуге лицензиясы бар білім беру ұйымдары жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары 0306000 – "Фармация" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауды:

1) МЖМБС, ҮОБ және мамандықтардың ҮОЖ;

2) ОЖЖ;

3) академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырады.

4. 0306000 – "Фармация" мамандығы бойынша оқу мерзімі 2 жыл 10 айға дейінгі уақытты құрайды.

5. 0306000 – "Фармация" мамандығы бойынша оқу нысаны тек күндізгі бойынша жүзеге асырылады.

6. Білім беру бағдарламасын игергісі келетіндерге арналған талап етілетін қажетті алдыңғы білімінің деңгейі - жалпы орта білім.

7. МЖМБС қолдану мынадай мақсаттарға қол жеткізуді көздейді:

1) білім беру сапасының кепілдігін қамтамасыз ету білім алушылардың дайындық деңгейіне және білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын міндетті талаптар арқылы жүзеге асады;

2) білім беру қызметі субъектілерінің құқықтарын реттеу;

3) білім алушылардың дайындық және білім беру бағдарламаларының сапасын бағалаудың объективтілігі мен ақпараттылығын арттыру;

4) Қазақстанда білім беру кеңістігінің бірыңғай жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

8. 0306000 – "Фармация" мамандығы бойынша ҮОЖ-лары МЖМБС сәйкес білім беру бағдарламаларының құрылымын, көлемін және мазмұнын, оқытудың нормативті мерзімі мен білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың жиынтығын анықтайды.

2. Бөлім. Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар

9. МЖМБС-ын модульдік оқыту шеңберінде жүзеге асырылатын құзыреттілік тәсілін қолдануды көздейді.

10. Білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейі әртүрлі бақылау түрлерімен қамтамасыз етіледі: аралық аттестация (сынақ, сараланған сынақ, емтихан), қорытынды аттестаттау.

11. Білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған тұлғаларға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) Мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларына сәйкес тиісті мамандық бойынша біліктілік және мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

3. Бөлім. Үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар

12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары білім берудің құрылымының мазмұны есептеу-өлшегіш құралдарымен белгіленген талаптарға сәйкес: оқу жоспары мен бағдарламаларына, оқу жүктемесінің көлеміне, академиялық кезеңдер ұзақтығына, академиялық сабақ түрлеріне, оқу материалының көлеміне байланысты анықталады (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар).

13. Жоспарлау және білім беру қызметін ұйымдастыру оқу жоспарының негізінде жүзеге асырылады. Оқу жоспарлары үлгілік (бұдан әрі – ҮОЖ) және жұмыс (бұдан әрі – ОЖЖ) болып бөлінеді. ОЖЖ жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып ҮОЖ негізінде әзірленеді.

14. 0306000 – "Фармация" мамандығы бойынша ОҮБ-ның мазмұнында: жалпы гуманитарлық, экономикалық, жалпы кәсіптік, осы МЖМБС-ке 10-қосымшаға сәйкес арнайы пәндер қарастырылған.

15. Оқу жоспарларының барлық нысандарында пәндерді кодтаудың бірыңғай жүйесі қолданылады:

- 1) жалпы гуманитарлық пәндер;
- 2) әлеуметтік-экономикалық пәндер;
- 3) жалпы кәсіптік пәндер;
- 4) арнайы пәндер;
- 5) өндірістік оқыту;
- 6) кәсіби практика.

16. Білім беретін оқу бағдарламасы міндетті пәндерді, білім беру ұйымы айқындайтын пәндерді, факультативтік сабақтар мен консультацияларды қамтиды. Консультациялар мен факультативтік сабақтар жеке білім алушылардың қабілеттері мен сұраныстарын қамтамасыз етуге бағытталған.

17. ҮОЖ-да әрбір оқу пәнінің міндетті компонентінің күрделілігі, академиялық сағаттардағы әрбір оқу қызметінің түрі және қорытынды бақылау түрлері анықталады.

18. Үлгілік қағидаларға сәйкес ОЖЖ мамандық бойынша ҮОЖ негізінде әзірленеді және педагогикалық кеңестің шешімімен білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

19. Білім беру бағдарламалары мамандық және пәндер бойынша әдістемелік кешендерді іске асыру негізінде жүзеге асырылады. Мамандық және пәндер бойынша әдістемелік кешендердің нысанын, құрылымын және әзірлеу тәртібін Үлгілік қағидаларға сәйкес дербес түрде білім беру ұйымдары анықтайды.

20. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру кезінде білім беру ұйымдары:

1) пәндер мен циклдер бойынша кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеруге бөлінетін оқу уақытының көлемін, оқытуға жалпы сағат санын сақтай отырып 30 %-ға дейін өзгерте алады;

2) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастыру мен бақылау нысандарын, әдістерін таңдай алады.

21. 0306000 – "Фармация" мамандығы бойынша оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады. Үштілдік білім беру бағдарламасын енгізу кезінде оқу үш: мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

22. 0306000 – "Фармация" мамандығы бойынша оқу бағдарламасын іске асыру ғылыми-педагогикалық, базалық жоғары, сондай-ақ орта фармацевтикалық білімі бар (жоғары

педагогикалық білімі бар болған жағдайда), оқытылатын пән бейініне сәйкес және жүйелі түрде педагогикалық, ғылыми-әдістемелік немесе фармацевтика саласында тәжірибемен айналысатын кадрлармен қамтамасыз етіледі.

23. Бейінді пәндерді оқытуға, фармацевтика саласында жоғары білікті және сондай-ақ жоғары және бірінші біліктілік санаттары бар мамандары тартылады.

24. Кәсіби даярлықты ұйымдастыру төмендегілерді қамтиды:

- 1) жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша зертханалық-практикалық сабақтар;
- 2) өндірістік оқыту;
- 3) кәсіби практика.

25. Практикалық сабақтардың, өндірістік оқыту және кәсіби практиканың оқу бағдарламаларының мазмұны мен мерзімдері біліктілік талаптарына сәйкес ОЖБ, ОЖЖ бойынша анықталады.

26. Кәсіптік практика фармацевтикалық ұйымдарда жұмыс берушілермен шарт негізінде, оның ішінде дуалді оқыту тұжырымдамасы шеңберінде, білікті мамандардың басшылық етуімен жүргізіледі және оқыту процесінде алынған білімін игеру және бекітуге, Үлгілік қағидаларға сәйкес практикалық дағдыларды игеру және кәсіби құзіреттіліктерді меңгеру бағытталған. "Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының тиісті білім беру деңгейін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген (бұдан әрі - № 1080 қаулы) техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес арнайы пәндер бойынша практикалық сабақтардың көлемін, өндірістік оқыту және кәсіптік практиканы қамтитын кәсіптік даярлау міндетті оқытудың жалпы оқу уақыты көлемінің кемінде 40%-ын құрауы тиіс.

27. Білім беру бағдарламасын іске асыру аудиториялық қор, арнайы кабинеттер және зертханалар, манекендерді, тренажерларды, симуляциялық жабдықтар, кітапхана қорын, оқу әдебиеттерін және оқу-әдістемелік құралдар, соның ішінде: электрондық оқу құралдары, аудио және бейне материалдар, әдістемелік көрнекі құралдар және ұсынымдар бойынша пәндер, кәсіптік практикалар, жобалық жұмыстарға пайдалана отырып, инновациялық және ақпараттық-компьютерлік технологиялар болуымен қамтамасыз етіледі.

4 Бөлім. Білім алушылардың оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптар

28. Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әр пән бойынша оқу жылы ішінде игеретін академиялық сағатпен өлшенеді.

29. Профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау академиялық сағаттармен жүзеге асырылады.

30. Білім алушылардың оқу жүктемесінің жоғары көлемі аудиториялық және аудиториядан тыс оқу жұмысының барлық түрлерін қоса алғанда, аптасына 54 сағаттан аспауы тиіс.

31. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі күндізгі оқыту нысанында міндетті оқу жүктемесі есебінен кемінде аптасына 36 сағат (бұл ретте көрсетілген көлемге факультативтік пәндер бойынша сабақтар мен консультациялар кірмейді).

32. Білім беру ұйымы білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемін анықтау кезінде:

1) мамандығы бойынша оқу бағдарламаларына дербес пәндерді, қосымша тақырыптар мен бөлімдерді енгізу жолымен теориялық және практикалық дайындықты кеңейтеді, тереңдетеді, кәсіби практиканың оқу уақытының көлемін ұлғайтады;

2) жұмыс берушілердің саласындағы кәсіби мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған қажетті пәнді енгізеді (білім беру ұйымымен анықталатын пәндер 10%-ға дейін).

33. Оқу жылы 1-қыркүйектен басталады және мамандықтың ерекшелігіне байланысты оқу үрдісінің ұйымдастырылуына қарай аяқталады. Демалыс уақыты жылына 11 аптаны, оның ішінде қысқы мерзімде – кемінде 2 аптаны құрайды. Факультативтік пәндер 1 оқу тобына аптасына 4 сағаттан артық емес көлемде қарастырылады.

Оқытудың күндізгі нысанында білім алушылар үшін консультациялар әрбір оқу жылындағы оқу тобына 100 сағаттан аспайтын көлемде көзделеді. Консультациялар емтихандар мен курстық және дипломдық жұмыстарды орындау түрінде аралық және қорытынды аттестаттау көзделген пәндер бойынша, сондай-ақ кәсіптік даярлық деңгейін бағалау мен біліктілік беруді ұйымдастыру және өткізу рәсімдеріне арналып жоспарланады.

34. Жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша емтихандар саны білім алушы меңгеруі тиіс білім, іскерлік және құзырет деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес айқындалады.

35. Бір оқу жылының ішінде емтихандық сессияның жалпы ұзақтығы 4 аптадан аспайды.

36. Сынақтар мен дифференциалдық сынақтар, осы пәнді оқытуға бөлінген оқу уақыты есебінен жүргізіліп 5 балдық жүйемен бағаланады.

Емтихандар аралық аттестаттауға бөлінген мерзімде өткізіледі.

Кәсіби білім беру бағдарламасын меңгергеннен кейін білім алушының даярлық деңгейін бағалау үшін қорытынды аттестаттау өткізіледі.

37. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау:

1) білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды аттестаттау;

2) кәсіптік даярлық деңгейін бағалау мен біліктілікті беруді қамтиды.

38. Білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды қорытынды аттестаттау оқытудың толық курсының қорытындысы бойынша білім алушылардың білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейін айқындау мақсатында өткізіледі.

Білім беру бағдарламасының оқытуды аяқтау қорытындысы бойынша аттестаттау түрі – мамандық бойынша екі кезеңнен тұратын кешенді емтихан тапсыру:

1) теориялық кезең (арнайы пәндер бойынша тестілеу);

2) практикалық кезең (біліктілік деңгейі бойынша практикалық тапсырмаларды орындау).

39. Білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды қорытынды аттестаттау екі аптадан аспайды.

40. Даярлық деңгейін бағалау және біліктілікті беруді ұйымдастыру және өткізуге оқу уақытының көлемі ҮОЖ көрсетілген.

41. Мамандықтар бойынша практикалық емтихандар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 423 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11644 болып тіркелген) медициналық колледждердің клиникаға дейінгі симуляциялық кабинеттерін жарақтандыру нормативіне сәйкес білім беру ұйымдарының симуляциялық кабинеттерінде, оқу-жаттықтыру орталықтарында, қажетті құралдармен жабдықталған медициналық ұйымдардың базасында жүргізіледі.

42. Кәсіптік практиканы өткізуге берілетін уақыт 10 аптадан аспайды.

43. Оқу пәндерін зерделеудің бірлігі белгілеу, оқу уақытын бөлу олардың әрқайсысы бойынша курстар мен семестрлер бойынша пәнаралық байланыстарды ескере отырып жүргізіледі.

44. "Дене тәрбиесі" пәні бойынша сабақтар міндетті болып табылады және аптасына 4 сағаттан асырылмай жоспарланады, олардың екі сағаты екінші курстан бастап спорт секцияларында сабақ өткізуге бөлінуі мүмкін.

45. Базалық, кәсіби құзыреттілік және практикалық дағдыларды жетілдіру және бекіту мақсатында: арнайы пәндер бойынша практикалық сабақтар, клиникалық базаларда өндірістік оқыту және кәсіптік практика сағаттары бойынша енгізілген. Арнайы пәндер бойынша практикалық сабақтарды өткізу кезінде білім алушылардың саны 8-12 адамнан тұратын, жалпы кәсіптік пәндер бойынша – 13 адамнан артық емес кіші топтарға бөлінеді.

	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығына 6-қосымша
--	---

Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша докторантураның үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасы

1. Оқу бағдарламасының паспорты

6D11-"Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" топ мамандықтары бойынша философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлаудың үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) медициналық және фармацевтикалық білім беру және денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-зерттеу секторы үшін мамандарды іргелі білім беру, әдістемелік және зерттеу даярлығын болжайды.

Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлаудың негізгі міндеттері :

мамандарды денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) саласы үшін ғылымның сәйкес бағыты бойынша толық және сапалы білім беру, кәсіптік құзыреттілік, теориялық және жеке практикалық дайындығын тереңдету;

кәсіптік қызмет аясындағы проблемалар мен міндеттерді тиімді шешуге қабілетті және медицина саласы бойынша XXI ғасырдың талабына сай болуға қабілетті жаңа ғасыр мамандарын даярлау;

дайындықтан өткен мамандардың денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру саласында ғылыми-зерттеу және практикалық бағдарламаларды әзірлеуде және іске асыруда олардың көшбасшылық орын алуы үшін жеткілікті білімі мен іскерлік деңгейіне қол жеткізуі;

оқыту мен зерттеу қызметі арасындағы оңтайлы теңгерімді қамтамасыз ету, медицинаның нақты бағыты бойынша ауқымды ғылыми-практикалық және әдістемелік дайындықты іске асыру.

Осы міндеттерге қол жеткізудің негізінде докторанттардың базалық және бейіндеуші пәндер бойынша қажетті білім мен құзыреттің меңгеру, кәсіби практикадан (педагогикалық, зерттеу) өту және эксперименттік-зерттеу/ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау кезінде дағдылары мен іскерлігін қалыптастыру болып табылады.

Докторлық білім беру бағдарламасының мазмұны философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларының мамандықтарымен және даярлау бағытымен айқындалады.

Бітіруші оқу бітіргеннен кейін осы Бағдарламаға 1-қосымшада айқындалған негізгі құзыретті (бұдан әрі - НҚ) демонстрациялайды.

2. Міндетті компоненттің базалық пәндердің мазмұны

6D11 - "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)" топ мамандықтары бойынша философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлаудың оқу бағдарламасындағы базалық пәндерге міндетті компонент және таңдау компоненті енеді. Таңдау компонентінің пәндерін докторант өзі айқындайды.

Бейіні бойынша докторларды даярлаудың білім беру бағдарламаларындағы базалық пәндер міндетті компонент ретінде биостатистика (ілгерілетілген курс), клиникалық эпидемиология және дәлелді медицина енеді. Философия докторын (PhD) даярлаудың білім беру бағдарламасындағы базалық пәндер міндетті компонент ретінде биостатистика (ілгерілетілген курс), ғылыми зерттеулер әдіснамасы енеді.

Биостатистика (ілгерілетілген курс) таңдалған мамандық және даярлық бағыты бойынша практикалық қызмет шеңберінде нақты зерттеу және практикалық міндеттерді шешу кезінде сандық және сапалық деректерді өңдеудің тиімді құралдарын береді.

Клиникалық эпидемиология және дәлелді медицина денсаулық сақтау саласындағы себеп-салдарлық байланыстарды зерттеу мәселелері жөнінде білім береді, таңдалған мамандық және даярлық бағыты бойынша практикалық қызмет кезінде алынған дәлелді деректерді іздеу, салыстыру, қорыту және кеңінен тарату мәселелерін жүйелі түсінуді қалыптастырады.

Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы докторанттардың биомедициналық зерттеулердің негізгі нормалары мен оны жүргізу қағидаттар түсінігі болып табылады.

Базалық пәндерді зерделеу мақсаты: докторанттардың "Медицина" мамандығы бойынша тұрақты білімін, іскерлігін, дағдыларын қалыптастыру және бекіту, бейінді пәндерді меңгеруге докторанттарды даярлау.

Базалық пәндерді зерделеу міндеттері:

Докторанттарға биостатистика, клиникалық эпидемиология және дәлелді медицина мен ғылыми зерттеулер әдістемесі бойынша тереңдетілген түсінік, білім, дағды және іскерлікті бере білу;

Қазіргі практикада биостатистика, клиникалық эпидемиология, және дәлелді медицина мен ғылыми зерттеулер әдістемесінің нақты орнын зерделеу, басқару және клиникалық, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және практикалық бағдарламаларды іске асыру процесінде шешімді қабылдау;

докторанттарға кәсіби қызмет саласында кешенді, пәнаралық, сектораралық проблемаларды шешу кезінде биостатистика, клиникалық эпидемиология және дәлелді медицина мен ғылыми зерттеулер әдіснамасының құралдарын пайдалану мүмкіндігіне түсінік беру;

қазіргі дамушы әлемде олардың кәсіби мобильдігіне кепілдік беретін ғылым шегінде докторанттарға іргелі білім беру;

міндетті компоненттің базалық пәндерінің циклдерінің мазмұны осы Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілген.

6D11 - "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)" топ мамандықтары бейінді және ғылыми және педагогикалық докторантура бағдарламалары бойынша философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлаудың оқу бағдарламасында 3 жылды

құрайды. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Бағдарламаға 3- 5-қосымшаларға сәйкес тиісті мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылады.

